



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ

ӘЛЕМІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

www.turkalemigazetesi.com

№5-6 (мамыр-маусым, 216-217) 2020 жыл



Конференция мәртебелі меймандардың құттықтау сөздерімен басталды. Басқосуды жүргізіп отырған академия басшысы Дархан Қыдырәлі алғашқы сөз кезегін ЮНЕСКО Азия және Тынық мұхиты бөлімінің бастығы Андрей Шевелевке берді. ЮНЕСКО өкілі қатысушыларды ұлы ақын мерейтойымен құттықтап, ЮНЕСКО ның бас директорының орынбасары Фирмин Матоконь арнайы құттықтауын жеткізіп, конференцияның сәтті өтуіне тілегін білдірді. Қазақстан тарапынан атқарылатын жұмыстарды баяндап берді. Одан кейін сөз алған Қазақстан мен Қырғызстанның білім, ғылым салаларына жауапты министрлері Асхат Аймағамбетов және Азамат Жаманкулов өз кезегінде Академия жұмысына ризашылықтарын білдіріп, алдағы жұмыстарға сәттілік тіледі.

Бұдан кейін конференцияның пленарлық отырысы жалғасып, танымал ғалымдар – Шыңғыс Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының директоры, академик Абылдажан Акматалиев (Қырғызстан), Тарих, тіл және әдебиет институтының директоры, профессор Фирдоус Хисамитдинова (Башқұртстан), Әдебиет және өнер институтының директоры, профессор Кенжехан Матыжанов (Қазақстан), Еуразия Жазушылар одағының төрағасы Якуб Өмероғлы (Түркия), профессор Нергис Бирай (Түркия), профессор Қозоқбой Йүлдошев (Өзбекстан), көрнекті жазушы-аудармашы, профессор Сұлтан Тәукейұлы (Моңғолия), доктор Давид Шомфай-Кара (Мажарстан) өздерінің мазмұнды баяндамаларын жасап, ұлы ақын Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына туралы пайымды пікірлермен бөлісті.

Айта кету керек, Халықаралық Түркі академиясы биылғы жылды ұлы Абайға арнап, шаралардың бастауын қаңтар айында Әзербайжан Республикасының астанасы Баку қаласында бастаған болатын. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына байланысты осындай шаралар Академияға мүше мемлекеттердің барлығында жыл бойына жалғасын табатын болады.

«Адырна» ұлттық порталы



«АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫР: ДӘУІРЛЕР САБАҚТАСТЫҒЫ» ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ОНЛАЙН КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

Мамыр айында Халықаралық Түркі академиясы өзінің 10 жылдығы қарсаңында түркі әлемнің тұғырлы тұлғасы, ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын халықаралық деңгейде атап өту мақсатында «Абай және ХХІ ғасыр: дәуірлер сабақтастығы» тақырыбында онлайн конференция өткізді.

Тікелей видеообайланс форматында өткен конференцияға Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, ЮНЕСКО Азия және Тынық мұхиты бөлімінің бастығы Андрей Шевелев, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Қырғыз Республикасының Мәдениет, ақпарат және туризм министрі Азамат Жаманкулов, Түркі кеңесі Бас хатшысының орынбасары Сұлтан Раев, Түркі тілдес елдер парламенттік ассамблея кеңесінің (ТЮРКПА) Бас

хатшысының орынбасары Али Йылдыз, Түркия Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның төрағасы Әжал Оғуз, Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті, академик Иса Габиббейли, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Батырхан Құрмансейіт, Түркиядағы Түрік тілі қоғамының төрағасы, профессор Гүлер Гүлсевин, сонымен қатар Әзербайжан, Башқұртстан (РФ), Қазақстан, Қырғызстан, Мажарстан, Моңғолия, Өзбекстан және Түркия елдерінің танымал түрколог ғалымдары қатысты.

Бұған қоса көптеген елдердегі зерттеушілер мен зиялы қауым өкілдері онлайн режимде тыңдаушы ретінде қатысып, әлеуметтік желі қолданушылары тікелей көрсетілімдер арқылы тамашалады.

Алқалы жиын барысында Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай Халықаралық Түркі академиясы әзірлеп жарыққа шығарған бірнеше жаңа кітап таныстырылды.

TEM TOUR
TRAVEL AGENCY
IATA ACCREDITED AGENT

Әлемнің кез келген бұрышына ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- > Тіркелу және виза жасау
- > Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- > Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana TURKISH AIRLINES Lufthansa BRITISH AIRWAYS KLM

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864, Ұялы тел.: +7 701 555 08 36
Абылай хан к., 71
Тел.: +7(727) 2793775, Ұялы тел.: +7 701 766 75 01
effcket@temtour.net

Астана қ., Республика даңғылы 5
Тел.: +7 (7172) 439558 439559 439306
Ұялы тел.: +7 701 2031660
astana@temtour.net

ДИАГНОСТИКА ОРТАЛЫҒЫ
ORHUN MEDICAL
ДИАГНОСТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР

Наши центры:
• ул. Казыбек би, д. 12в
• пр. Достық, д. 63
info@orhunmedical.kz
Call center: +7 727 222 10 78

“ALL IN ONE CENTER”
RADIOLOGY & CARDIOLOGY
www.orhunmedical.kz

- МРТ
- КТ
- ЦИФРОВОЙ РЕНТГЕН
- ДЕНСИТОМЕТРИЯ
- УЗИ
- ЛАБОРАТОРИЯ
- УЗКИЕ СПЕЦИАЛИСТЫ



Сейдин БИЗАҚОВ,
филология ғылымының докторы

ҚАРАПАПАХТАР

Қарапапахтар – Ирандағы Резайе көлінің оңтүстік жағалауындағы сулдуз округінде тұратын түркі тілдес халық. Қарапапах тайпасының саны 160 мыңдай (2002). Олар мұнда Закавказьеден көшіп келген. Орыс-парсы соғысы кезінде Иран жағында соғысқан қарапапахтардың бір бөлігі - соғыс аяқталғасын Грузияның Ворчалло ауданы мен Әзірбайжанның Қазақ ауданынан, Севан көлі жағалауынан Иранға қоныс аударғандар. Олар көп уақыт Ирандағы курдтармен аралас тұрып, олардың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің көп элементін қабылдаған. Антропологиялық жағынан еуропейдік нәсілдің кішіазиялық тобына. Ислам дінінің шиит тармағын ұстанады.

Қарапапахтардың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі, ауыз әдебиеті мен музыкасы, мәдениеті мен өнері, наным-сенімі мен менталитеті қашқайлармен бірдей. Олар әзірбайжан тіліне жақын диалектіде сөйлейді. Қарапапах тілінде мектеп, баспасөз болған емес. Оқу-ағарту ісі, іс қағазы парсы тілінде ғана жүргізіледі. Иран түркілерінің тілінде сингармонизмнің ықпалы айтарлықтай емес. Қарапапахтың әдеби тілі мен жазуы қалыптаспаған. Ауызекі сөйлеу тілі ғана қалыптасқан. Парсы тілінен ауысқан сөздер көп. Қарапапахтар теркавион, сарал, араплы, борчалло, жанахмеді, чахарлы, улачлы секілді жеке тайпаларға бөлінеді. Борчалолар өздерін хан тайпасы есептеп, басқа тайпаларға өз билігін жүргізіп келген. Олар отырықшы тұрмысқа көшіп, мал ша-

ИРАН ТҮРКІЛЕРІ

руашылығымен қатар егіншілікпен де айналысатын болды. Бидай, арпа, тары, бұршақ дақылдарын, бау-бақша, жүзім өсіреді. Тағам түрлерінен сүт өнімдері мен қамырды, жеміс-жидек пен көкөністі басым пайдаланады. Ауыз әдебиеті дамыған. Халық фольклорына ерлік пен лирикалық жыр, аңыз әңгімелер мен балладалар, ертегілер, күлдіргі әңгімелер жатады.

Әдеб. Народы Передней Азии. М., 1957.

ШАХСЕВАНДАР

Шахсевандар – Иран Ислам Республикасында тұратын түркітілдес халық. Ұзақ уақыт көшпелі тұрмыс кешкен шахсевандардың саны 410 мыңдай (2002). Олар да ру-тайпаға бөлінеді. Бұл атау «шахқа берілген», «шахты ұнататын» деген ұғымды білдіреді. Ирандағы мемлекеттік билікке ықпалды белгілі бір этникалық топ осылай аталып, олардан тараған ұрпақ кейіннен жеке халық болып кетсе керек. Жалпы, Иран тарихына зер салып отырғанда байқайтынымыз, парсылар айналасындағы түркітөктес халықтарды бір-біріне айдап салып, өзара қырқыстырып қойып, өзіне қарсы келер күшті әлсіретіп отырған. Шахсевандар тағдыры бұған мысал бола алады. Дәстүрі мен мәдениетінен айрылып, өздері жағымсыз әжуа деңгейіне түсіп кеткен. Шахсевандар XVI ғасырдағы сефевид монархиясының тірегі болған. Шах өкіметін қорғайтын қауым болғандықтан, шахсевандарға артықша жағдай тудырып, жеңілдіктер берілетін. Бұл тәртіп 1925 жылға дейін, Реза-шахтың өкімет билігін қолына алғанға дейін созылып келді.

Шахсевандардың материалдық және рухани мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі Иран әзірбайжандары мен қашқайларға ұқсас. Олар ислам дінінің шиит тармағын ұстанады.

Закавказиядағылары өздерін әзірбайжан ұлтының өкіліне жатқызады. Антропологиялық жағынан олар еуропейдік нәсілдің алдыңғы азиялық тобына жатады. Бұрындары көшпелі тұрмыс кешіп, мал шаруашылығымен ғана айналысқан шахсевандар біртіндеп отырықшы тұрмысқа көшіп, бидай, арпа, бау-бақша өсіретін болды. Мал шаруашылығы өнімдері кеңінен пайдаланылады. Қой, ешкі,



сиыр, жылқы, түйе өсіреді. Ет, сүт тағамы басым. Малдың жүні мен терісін кәдеге жаратады, тезегін отын қылады. Халық екі сословиеге бөлінетін қауымдастық құрайды: бектер жоғары сословиеге, шаруалар төменгі сословиеге жатады.

Түркі тілінің оғыз бұтағына жататын шахсеван тілі Әзірбайжан тіліне жақын. Бірақ бұл тілде парсы тілінің ықпалы басымдау. Ересектер түгелдей қос тілді. Олар өз ана тілімен қоса парсы тілін де меңгерген. Шахсевандардың әдеби тілі мен жазуы қалыптаспаған. Оқу-ағарту жұмысы мен іс қағаздары парсы тілінде ғана жүргізіледі. Өз ана тілі үй ішлік деңгейде ғана қолданылады.

Әдеб. Народы Передней Азии. М., 1957; Народы мира, историко-этнографический справочник, М., 1988.

ҚЫЗЫЛБАСТАР

Қызылбастар – Иран Ислам Республикасының солтүстігін мекендейтін түркі тілдес халық. Саны – 360 мыңдай адам (2002). Қазақтың батырлық жырында айтылатын түркі тілдес қызылбас ұлысы 12 шейит имамының құрметіне тігілген 12 сайлы қызыл бас киім киюіне байланысты аталған. Қызылбастар Иран, Сирия тағы басқа Кіші Азия елдеріндегі көшпелі түркі тайпаларының бірлестігін құрған. Сөйтіп XV ғасырдың ортасына таман аталған түркі тайпаларының әскери әрі діни туыстығына айналған шейиттік, дәруіштік Сефеви орденінің басты тірегі болды. 1503 жылдан батыс Иранда билік жүргізген Сефеви әулетінен шыққан қызылбас билеушілері бүкіл парсы мемлекетін өзіне қаратып, астананы Тебризден Исфahanға көшірген. Қызылбастар жеті тайпаға бөлінеді. Олар да таяу уақытқа дейін жартылай көшпелі тұрмыс кешкен. Қазіргі кезде отырықшы тұрмысқа көшіп, мал шаруашылығымен қоса егіншілікпен де айналысады.

Бұл тайпалар бір тілдің әр алуан диалектінде сөйлейді. Діні бір. Тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі, мәдениеті мен өнері, наным-сенімі мен ұлттық психологиясы да шахсеван, қашқайлармен бірдей. Қызылбастар қой, ешкі, аздап сиыр мен жылқы өсіріп, ет пен сүт. Көкөніс тағамын басымырақ пайдаланады. Бидай мен жүгері ұнынан нан пісіреді. Қызыл-

бастарда немере туысына үйлену жиі кездеседі. Өйткені мұндай жағдайда жігіт жағы қалыңмал төлемейді. Қызылбас тілі Әзірбайжан тіліне жақын. Ересектер ана тілімен қоса парсы тілін де түгелдей меңгерген. Алайда Иран өкіметінің шовинистік саясатының салдарынан иран түркілерінің тілінде оқу орны, баспасөз болмағандықтан, олар парсылану процесін бастан кешуде. Қызылбас тілі үй ішлік деңгейде ғана қолданылады.

Әдеб. Народы Передней Азии. М., 1957; Народонаселение стран мира, справочник. М., 1971.



СОНКОРЛАР

Сонкорлар – Ирандағы Сонкор қаласында және соған жақын Фархадхан, Корве елді мекендерінде тұратын түркі тілдес халық. Сөйлеушілер саны – 86 мыңдай адам. Антропологиялық жағынан, рухани мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, діни наным - сенімі жағынан сонкорлардың жоғарыда аталған ирандық түркі ұлыстарынан айта қаларлықтай өзгешелігі жоқ. Олар ислам дінінің суннит тармағын тұтынады. Түркі тілі оғыз бұтағының оңтүстік-батыс тобына жататын сонкор тілін түркологтар әзірбайжан тілінің диалектісіне жатқызады. Алайда сонкорлар өздерін бөлек ұлысқа жатқызады. Сонкор тілінің басқа оғыз тілдерінен айырмашылығына мыналар жатады: сөз соңында н дыбысы сусып түсіп қалады: *тд-тдн, сд-сдн, бу-бул, тднд-мақан, сднд-саған. р-т, д-р дыбыстары алмасады: ддд-ддд (әке), арват-арвар (әйел), дурдх-дурдх (ерін), дз-ад (ам)*. Дыбыс үндестігінің әсері солғын. Парсы тілінен ауысқан сөз көп. Сонкор тілінде мектеп те, баспасөз де болған жоқ. Бұл тұрмыста ғана қолданатын үй-ішлік тіл. Сонкордың ауызекі тілі екі говорға бөлінеді: қалалықтар тілі, ауылдық жердегілер тілі деп. Сонкор тілінің лексикалық, грамматикалық ерекшелігі аз зерттелген.

Жазуы араб әліпбиіне негізделген. 12 дауысты, 23 дауыссыз фонема бар. Сонкор тілінің жалпыға ортақ әдеби нормасы жоқ. Ресми тіл – парсы тілі. Кейінгі кезде өз ана тілінен білімі таяз жастар бой көрсетіп жүр.

Әдеб. Doerfer Y. Das songor - Türkische (ein vorläufiger Bericht)// Studia Orientalia. Helsinki, 1977; Языки мира. Тюркские языки. М., 1997.





ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕРДІҢ ДЕПУТАТТАРЫ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫН 10 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Әзірбайжан Республикасы мәжілісінің депутаты Эльман Насиров Халықаралық Түркі академиясы басшысы атына жолдаған хатында ұйымның мерейлі межесімен құттықтап, түркі әлемінде жасалып жатқан іс-шараларға ризашылығын білдірді. «Халықаралық Түркі академиясы түркі әлемінде ортақ әліпби, ортақ терминология, ортақ тарих, ортақ әдебиет және басқа да мәселелерде ғылыми ынтымақтастық орнатуды мақсат етеді. Сіздің жетекшілігіңізбен аталған стратегиялық мақсаттарды орындауда маңызды жетістіктерге қол жеткізілді» делінген құттықтау хатта.

Сонымен қатар, Қырғыз Республикасының Жоғарғы Кеңес депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Каныбек Иманалиев те өзінің игі тілектерін айтып, хат жолдады. «Түркі мемлекеттері құрған Халықаралық Түркі академиясының 10 жылдық мерекесін Қырғыз Республикасының Жоғарғы Кеңесінің және өзіміздің атымнан шын жүректен құттықтаймын.

Академияға және оның ұжымына зор шығармашылық табыстарды тілемін» деп жазады ол.

twesco.org

ҚАЗАҚ ҰЛЫ ТАРИХТЫ ИЕМДЕНУДЕН ҚАЙМЫҒЫП ОТЫР

Осман империясының бағындырған жері біздің бабаларымыздың жаулап алып, Ордалы хандық құрған жерінің жартысының жартысына жетпейді екен. Бату 1236 – 37 жылдары өзінің Еуропаға жасаған жорығында жасындай жарқырап ол құрлықта өзіне тең келер қолбасшы, өз әскеріне теңдесер әскер таппаған еді. Жайпап өте алды.

Тіпті Алтын Орданың өзара тартыстан құлдыраған ең бір қиын кезеңінде (1399 жылы) маңғыт Едіге мен Темір Құтлық хан Ворскла өзенінің бойында біріккен Еуропа әскерімен кездесіп, оларды сол ұрыста тас - талқан қылып жеңіп Польшаға шейін қуып тастады.

Жалпы, ордалықтар туралы түрлі аңызды жыр ғып айтқан еуропалықтар олармен бетпе-бет кездесуден өлердей қорыққан екен.

Ал сол Еуропа құрлығы Осман отаман сұлтандарымен ылғи итжығыс түсіп соғысты та жүрді, екі қолы жағасында кетті.

Баяғыда бабаларымыз ордалықтарды өздеріне Осман сұлтаны, Литва мен Московия княздері, парсы шаһтары да сонау алыстан аттай қалап өздеріне әскери қызметке қымбатқа алдырып, өздері соны дәреже көрген екен.

Ал бүгін сол Анадолы түріктері, керемет тарихи кинолар түсіріп жүр, басқа жұрт та соны өліп көріп жатыр. Орыстың өзі Сүлейменді сүйіп көрді.

«Сүлеймен», «Ертұғырыл»...

Кино жақсы шықса, оны бәрі көреді екен.

Өкінішке орай, бұлар соны түсіре алмай отыр, бұл бір. «Келинка Сабина» дейді, солар тренд боп отыр.

Екіншіден, бұлардың тарихи аясы сол ұлы тарихты иемденуден қаймығып, ұлыстық сұлтандармен (Керей мен Жәнібек) шектеліп қана қалды, яғни идеологиялық аумағы тар.

Ал былай аңызға бергісіз бабалар тарихын жырлайтын халық біз ғой...

Олжас ӘБІЛ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

27-28 мамыр аралығында Халықаралық Түркі академиясы Түркітану кафедралары кеңесінің жиынын өткізді.

Онлайн форматта өткен жиынға Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия және Мажарстан, Моңғолия, сонымен қатар, Алтай, Башқұртстан, Татарстан Республикаларының (РФ) жоғарғы оқу орындарындағы түркология кафедралары мен орталықтарының меңгерушілері, профессорлары, Тіл білімі институттарының басшылары қатысты.

Түркітілдес елдері арасында тұңғыш рет өткен шара барысында қазіргі оқу процесіндегі түркология саласының мәселелері талқыланды.

Академия басшысы Дархан Қыдырәлінің модераторлығымен өткен жиынның алғашқы күнінде мамандар Түркітану кафедраларының қазіргі жағдайы, проблемалары мен жетістіктері туралы пікір алмасты. Әр тарап өз елдеріндегі ахуалдарды баяндап берді.

Басқосудың екінші күнінде қатысушылардың өзара ынтымақтастық орнату мүмкіндіктері, түркітілдес елдер жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен білім алушылары арасында тәжірибе алмасу, оқу процесіндегі ортақ стандарттарды қарастыру, студенттерге шәкіртақы тағайындау, түркітілдес елдер арасындағы ынтымақтастық туралы сөз қозғалды.

Екі күнге созылған кеңес отырысының басты тақырыбы елдер арасындағы түрколог мамандардың қарым-қатынасын арттыру болды. Осы орайда,

мамандар түркологияны тек лингвистикалық бағытпен шектемей, өрісін кеңейту туралы да пікір алмасты. Сондай-ақ, SCOPUS мәліметтер базасына енетін халықаралық деңгейдегі журналдар шығару, сандық технологияның мол мүмкіндіктерін пайдалану арқылы қашықтан оқыту, электронды журналдар мен кітаптар шығаруды қолға алу мәселелері қарастырылды. Ортақ оқу бағдарламаларын да жасақтау жөнінде ойлар талқыланды.

Алқалы жиынның қорытындысы бойынша тараптар түркологиядағы маңызды мәселелерге байланысты ортақ ғылыми жобаларды іске асыру, тұрақты түрде онлайн семинарлар мен дәрістер өткізуге уағдаласты. Сонымен қатар, білім алушы жас студенттерге жазғы лагерь түріндегі тәжірибе алмасу дәстүрін қолға алып, бірлесіп ұйымдастыруға қатысты ұсыныстар айтылды. Мамандардың ортаға салған ойлары Академия тарапынан Ғылыми кеңес отырыстарында Білім және ғылым министрлеріне жеткізілетін болады.

Айта кету керек, 2020 жылдың қаңтарында Білім және ғылым министрлерінің қатысуымен өткен Халықаралық Түркі академиясының Ғылыми кеңесінің үшінші отырысында жоғарғы оқу орындарындағы Түркітану кафедраларының білім саласындағы қызметтерін үйлестіру жұмыстарын бастау туралы шешім қабылданған еді.

twesco.org

РАМАЗАННЫҢ ШАРАПАТЫНАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙЫҚ!

Алматы қаласындағы «Түркі халықтары мәдени қорының» жанынан құрылған Әйелдер комитеті қасиетті Рамазан айында қайырымдылық жасап, емделуге мұқтаж ауру балаларға 121 мың теңге көлемінде көмек көрсетті.


Баршамызға Рамазан айы құтты болсын! Мұбарак Рамазан айы өте құнды ай. Исламның бес парызының бірі – ораза.

Басқа айлардан ерекшелігі – берекеге толы, мұсылман адам үшін көп мүмкіндік береді, өзін тәрбиелеуде – сабырлық, төзімділік, мейірімділік, жақсылық, ізгілік іс жасауға, бірлік, ынтымақты нығайтуға, денсаулық сақтауға. Алматы қаласындағы Ахмет Дағдұран басқарып келе жатқан «Түркі халықтары мәдени қоры» 17 жылдың көлемінде Рамазан айында 30 күн бойы ауызашар өткізіп келеді. Қазіргі жағдайда да жалғастыруда. 65 жағдайы мұқтаж медресе шәкірттеріне ауызашар өткізді. Елімізде күні кеше Түркістан облысында су тасқынынан 2 елді мекен зардап шекті. Бұл аймақ бізге көкөніс, жеміс-жидекпен қамтамасыз етіп тұратын жер. Табиғи апаттан кепілдік жоқ. Бірлесіп жасаған көмек осындайда қажет. Қасиетті Рамазан айының шарапатынан қапы қалмайық! Олар қолдауға мұқтаж!

KAZAKISTAN ALMATY TÜRK HALKLARI MEDENİYET VAKFI KADIN KOLLARI GENEL BAŞKANI

Vakfımız 17 yıldır her sene Ramazan ayında 30 gün boyunca ihtiya sahibi kimselere iftar yemekleri ve yardımlar sağlıyordu. Bu sene de Koronavirus sebebiyle sokak ıklamamakla ramen Vakfımız, Kazakistan'ın Алматы ehrinde bulunan Seyran Erkek Kuran Kursundaki 65 ihtiya sahibi renciye yardım salamı bulunmaktayız. Vakfımızın yardımları konusunda bizlere destek olan herkese sonsuz teekkrlerimizi sunarız. Daha da hasta cocuklara 121 000 tengelik yardımında bulunduk. Aynı zamanda Ramazan bayramı ncesinde Kazakistan'da yardıma muhta kimselere yardımda bulunmak isteyen Trkiye'den iadamı yada yardımsever insanlarımız varsa bizlere ulaabilirler. Tekrar teekkr ediyoruz.

Dariga JUNUS



Ислам ЖЕМЕНЕЙ,
Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің,
«Түран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығының
директоры, профессор, Қазақстан Жасылай
ұйымының ақылдастар алқасы төрағасы

Ал құмар ойынына әуестігі бар, дүниеқұмар, қатынқұмар ауқаттылар ішімдікке құмартып жүрсе азғындыққа ұшырайды. Ауқаттылардың ішімдік қолданудағы жалпы көрінісі осылай болғанмен ішімдіктің уыты біртіндеп олардың да бойындағы еркектік немесе әйелдік артықшылық пен қасиеттерден ажырата бастайды. Онда оның қоғаммен тығыз қарым-қатынасқа құлқы төмендеп, оңаша өмірге ауысады. Сондай-ақ ішімдік адамның ішкі тарпейлдік пен күншілдігін тағы басқа жаман әдеттерін ушықтырып, жүйкесін жұқартып, мінез-құлқының өзгеруіне себеп бола алады. Әрі оның бейқам, беймарал өмір сүру мінезі оның бала-шағасына үлгі болып, түптің түбінде қоғамдық ортадан алыстап, өзінің және адам тағдырына, оның болашақ тағдырына немқұрайлы қарауға итермелейді. Сонда ішімдікпен сергіп еңсе көтерем дегендер ішімдіктің табанына түсіп таптала тынын байқамай қалады.

Есірткінің түрлері жеткілікті. Оның бәрін атап таныстыру артық болар. Алайда есірткінің барлық түрлері тікелей адамның миына әсер етіп, оның табиғи ойлану қабілетін тежейді. Сол үшін темекіден бастау алып, есірткіге ұласатын бағыт адамзат тіршілігін «Адасқанның алды жар, арты соқпақ» деген Абай айтқан тығырыққа алып баратын «тар жол, тайғақ кешу» болмақ. Оны кедейлер қолданса жер бетіндегі тажалға айналады. Ал байлар қолданса үсті өртілген жауызға айналады. Соның кесірінен Батыс елдер мен оған еліктеуші елдерде ішімдікке әуесқойлар түнгі клуб пен жыныстық қатынасқа үйір болуы соншалық оларды топтасып жыныстық қатынас жасауға, homosexual қатынас жасауға итермелейді. Соның салдарынан Батыс елдердің нәсілі құрдымға бара жатқаны ешкімге құпия емес.

Технологияның өнімдері пышаққа ұқсайды. Керегіңе жаратсаң талай игі істерге құрал бола алады. Онымен жауға қарсы қорғанасың, боданнан азаттыққа жете аласың. Бірақ сенің пәрменіңнен шығып кетсе, сен оның тұтқыны болып, адам болмысын техника құралы деп санайсың. Ал балалар үшін қанша қауіпті екенін бәрі біледі. Оның өзге де зардаптары келешек ұрпақтың бет-бейнесінен анығырақ көрінеді деген болжам бар. Өйткені бұл жайында зерттеулердің нақты нәтижесін болашақ ұрпақтан көріп, зерделеуге мүмкін болады.

Құмар адамды ойдан арылтып ойсыздыққа жетелейді. Ол адамда өмірге бейқам қарайтын психология қалыптастырады. Құмар масыл түйсікті оятып, оңай табыс табуға құрматуына себеп болады.

Аталған бес жаман әдеттен қорғану үшін Халықаралық Жасылай Федерациясының 2019 жылдың 3-6 желтоқсан аралығында өткізген Станбул құрылтайында жариялаған декларациясының мазмұнына назар аударайық. Онда:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСЫЛАЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

(Бес дұшпанға қарсы күрес жолында)

1. Өлем халықтарының басым бөлігі есірткіге қарсы. Бірақ үні шықпайды. Біз солардың үні болып, оларды бір-бірімен табыстыруды көздейміз. Бес жаман әдеттен арылған қоғам мемлекеттің дамуына айтарлықтай үлес қоса алады.
2. Төменде қол қойған халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері Федерациясының жобаларын қолдап, құптады.
3. Ішімдік, темекі, есірткі және тағы басқа психотроптік заттардың қолданылуы адамдар, отбасылар және тұтастай қоғамның саулығына, социалдық және экономикалық жағдайына зиян келтіріп, табиғи даму барысына қауіп төндіреді.
4. Тәуелділік адамзаттың проблемасы болғандықтан оның денсаулық пен тыныштығына кесірін тигізеді. Сол себептен құрылтайда оған арнап үндеу жариялаймыз.
5. Есірткіге тәуелділіктің алдын алудың ең ұтымды жолы оның таратылуын шектеп, зиянын тоқтату, зардабын азайту, адам өмірін құтқару үшін қоғамның қорғану механизмін жетілдіру керек. Оның ең тиімді жолы адамдар бір-бірімен тіл табысып, ортақ адам құндылығына одақтасулары қажет болып есептеледі.
6. Есірткіге ұстанатын саясат адам құқықтарына негізделіп жүргізілуі керектігі ескертіледі.
7. Есірткі тәуелділігінен пайда болған зардаптарын жою не азайтуда әр адамның потенциалдық қуатын жүзеге асыруын қамтамасыз етуге көмектесу мақсатында алдын ала жүйелі түрде кіріскенде оның айығына септігін тигізеді.
8. Есірткі мен соған ұқсас жаман әдеттерге тәуелді кісілер тек қана өздеріне емес бәлкім отбасындағы жолдасы, ата-анасы, ағайындары және балаларына да болымсыз түрде ықпал жасайды. Сол үшін көмектесудің аясы тұтастай келетін зиянның алдын алуға соның бәрін қамтуға кең ауқымды болуы керек.
9. Есірткіге қарсы күресте қоғам оның барлық адамзатқа ортақ проблема екендігін қабылдап, адамдарды бірге, ортақ саясатқа ұйысуларының өте маңызы зор екеніне сендіру керек.
10. Біз зиянды әдеттерге қарсы ортақ күреске үкімет, халықаралық ұйымдар, мемлекеттік емес ұйымдарға олардың экономикалық зиянға ұшырататынын ұға алатындай етіп тілге алып, сендіруге тиіспіз.
11. Біз қоғамдық көзқарасты өзгерту үшін, есірткінің қолдану шеңберін тарылту үшін топтасып қоғамдық жұмыстар түрінде еркінділер болып топ құрып қолға алуымыз керек. Онда – барлық азаматтарға әсіресе отбасылар, саяси, мәдени, діни, жеке тұлғалар, денсаулық, білім, жастар, спорт, бизнес дүниесінің серкелері және ақпарат құралдарының өкілдерін қарсы күреске қолдау көрсетуге шақыруымыз керек.
12. Халықаралық бейбіт пен қауіпсіздік, экономиканың даму процесі және халықаралық денсаулықтың қамтамасыз болу үшін ұлттық және халықаралық деңгейде стратегиялық талаптар негізінде жобалар дайындап, заңдардың жетіліп, бұрынғысынан артық есірткімен күрес жолында тиімді іске асуын қамту керек.
13. Барлық мемлекеттерде үкіметтерді азамат-

тардың денсаулығына, тыныш өмір сүріп жетілуіне, ортаның денсаулығы мен салауатты болуына мүдделі болып, тиісті қаржы бөлулері керектігіне шақырамыз.

14. Денсаулық процесі халықаралық саясатта жаппай халықтың қатысуы мен қолдауын қалаймыз. Дегенмен дүниежүзі халықтарының басым бөлігі үнсіз қалып келеді. Біз сондай үнсіз қалған көпшіліктің үні болуға дүниежүзіндегі барлық белсенділермен ынтымақта болуға уәде беріп, жауапкер болуды қабылдаймыз.

Адамзат жаратылыста өмір жолын таңдай алатын құқыққа ие болғаны үшін өз болмысының табиғатындағы сұранысына сай ұстанымы болады. Сол үшін баласының басты ерекшелігі екі артықшылығы: пиғыл мен ақыл. Пиғыл дұрыс болса, ақылдың орындай алатын төрт функциясы адамның игілігі үшін басты құрал болмақ. Олар: 1. Төңірегін тану 2. Заттар мен құбылыстарды бір-бірінен ажырата білу 3. Заттар мен құбылыстарды бір-бірімен салыстыра білу 4. Кең ауқымды тану арқасында жаңа құбылыстардың пайда болуына және келешекте қалай жүзеге асуын түйіндей алатын қабілеттерге ие.

Сананың қабілеттері толық орындауына жаратқан сыртқы және ішкі көмекші мүшелер мен түйсіктер берген. Сыртқы мүшелер: көруге көз, естуге құлақ, иіскеуге мұрын, дәмін сезуге тіл, жынысын ұстап білуге тері берген. Бұл мүшелер жүйелі пайдаланып отырған жағдайда ақыл өзіне берілген міндеттерді өте ауқымды, жоғары дәлдікпен орындау қабілетін жүзеге асыра алады.

Ал сана өз қабілетін жұмсауда адамның пиғылына бағынады. Пиғыл адам болмысындағы дүниәуи және рухани сұраныс арқылы бағытталады. Ол бағыт дүниеқорлық сипат алса пиғылды қандай жолмен болса да дүние байлыққа қол жеткізуге көндіреді. Дүниеқорлыққа көнген пиғыл сананы өзінің дүниәуи мақсатына жетуге тиісті шараны табуға жұмсайды. Ал игілікке бағытталған пиғыл сананы ізгілікке жол табуға жұмсайды. Адам баласының дүниәуи және рухани сұранысына нәпсі делінеді. Нәпсі ұдайы шайтан тарапынан азғыруға алынады. Сол үшін нәпсінің сұранысы пиғыл аталады. Сондықтан адам жұмақ пен тозақ арасындағы қылкөпірге келе жатқан болмыс. Адам тіршілікте тар жол, тайғақ кешуге түскенде одан шығу жолын темекі, ішімдік, есірткі деп ойласа, шайтанға алданғаны болып есептеледі.

Адам баласын жаман әдеттерден қорғай алатын қандай факторлар бар? Олар:

1. **Иман.** Жаратқан иеге шынайы сенім адамның ішкі түйсігінде «ождан» атты сот орнатады. Ол қашанда адам пиғылының тура жолға бағыт алуына жол сілтейтін маяк іспеттес.
2. **Салт-дәстүр.** Қоғамдағы қалыптаса алатын тұрақты үрдіс. Мәселен – «үлкенге құрмет, кішіге ізет» қоғамда құпталған дәстүр жас ұрпақты үлкен кісінің алдында жауапты сездірген үшін оңды-солды жаман әдеттерге бара бермейді.
3. **Заң.** Көп жағдайда ең тиімді жол әр жаман нәрсеге тыйым салу үшін заңды қолданған жөн. Мәселен электронды темекінің ел ішіне таралуына заң арқылы тыйым салу алын ала шаралардың бірі.
4. **Салауатты демалу,** саяхатқа шығу және спорттың барлық салаларын кез келген аудан, ықшамаудандарда мейлінше дамыту керек. Әрі спортқа, мәдениетке қажет орындарды жетілдіру, дәріптеу жұмыстарын жүргізу өте пайдалы болмақ.

(жалғасы бар)

«Ғылыми мирас қалдырмаған ғалым найзағай ойнатып күрілдеп, жаумай өткен бұлпен тең» деген араб халқының мақалы бар. Жерге жаумай өткен бұл болса оның жердегі ізі де жоқ қой, деп басталған Ақжан атамыз «Әл-Фараби және Абай» аты зерттеуінде /1.166./

Биылғы 2020 жылы Қазақстан елі – әл-Фараби және Абай сынды бабалар мирасын зерттеп-талдап, олардан ғибрат алып, рухани нәр алуды мақсат қойып жатқанда, алып Самұрық құстай қанатын жая әуелеген Ақжан атаның даналық ойы, артында қалдырған мол мирасы бізді әлбетте қанаттандырып, рухымызды сол Самұрық құспен бірге биіктетіп, самғатады. Бірақ осындай жанкешті еңбек оңайлықпен жасалмады. Көзден жас орнына қан ағыздырып, шыбын жан үшін емес, шынайы шындық үшін, отандық ғылым тарихынан ғана емес, Әлем ғылымы тарихының жарық жұлдызы әл-Фараби бабаны елмен қауыштыру үшін жасалған ерен еңбек еді бұл.

/1.166./ «...Әл-Фараби ондай бос думанның адамы емес. Ол кісі ғылым мен өнердің барлық саласында өшпес із қалдырған. Әл-Фарабидің қайырлы жаңбырынан нәр алмаған бау-бақша жоқ. Қалың орман да, кең дала да, тау-тас та, аспандағы жұлдыз да, жердегі құндыз да нәр алған. Солардың бәрі әл-Фараби музыкасына қосылып, ғаламның гармония мақамын жырлайды».

Анық та, ақиқатты айтып кеткен Ақжан әл-Машанидің осы «Әл-Фараби және Абай» еңбегі бүгінгі бабалар мирасын зерттеушілеріне ыстық құшағын, аялы алақанын ұсынғандай. Ақжан атаның жеке архивінен алынған бір құжат төңірегінде сөз етпекпін. Бұл құжатты неше мәрте оқығанда, көзімнен бір сәт жас тыйылмады. Еңсені басқан заманның саясатының құрсауына беріспей, бағыл да ширақ қимылын бір толастатпай, басын нар тәуекелге тігу нағыз ерлік еді. Осы күндері де әл-Фарабиді елге оралуына тікелей атсалысқан, **Фарабитанудың ғылыми негізін** қалап кеткен Ақжан атаның жеке мұрағатындағы мешітке барған себебін айтып «Түсініктеме» жаз деген талапты орындап, жазылған осы құжатпен танысуға кезек берейік.

СЕКРЕТАРЮ ПАРТКОМА КАЗАХСКОГО ПОЛИТЕХНИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА им. В.И.ЛЕНИНА ТОВ.АЛЬЖАНОВУ Т.М.

от члена КПСС, состоящего на учете первичной парторганизации горного факультета **МАШАНОВА АҚЖАНА ЖАҚСЫБЕКОВИЧА**

ОБЪЯСНЕНИЕ

О моем посещении мечети. Я подробное устное объяснение давал секретарю Горкома партии тов. Мырзағалиеву Г., в личной беседе с ним по этому вопросу. В дополнение к этому вопросу сообщаю следующее:

Всем известно, что я давно занимаюсь исследованием научного наследия АЛЬ-ФАРАБИ и других великих ученых древнего Востока.

В нашей республике нигде нет серьезного научно-исследовательского института по Востоковедению. Все литературные источники, материалы Востоковедческого характера хранятся в архивах, библиотеках мечетей и в руках частных лиц, связанных с мечетями. Поэтому, когда мы ставим вопрос по изучению научного наследия великих ученых древнего Востока, вынуждены обращаться к этим лицам. К тому не эти лица знают культуру Ислама, историю знатных людей Востока, литературу о них и т.д.

Естественно, поднимая большую проблему по изучению научного наследия Аль-Фараби (870-950) я в первую очередь, должен был использовать указанный выше источник - источник находящийся вокруг мечети. При чем, это такая объемная работа, которая требует многолетней, многогранной упорной работы большого коллектива. Когда я поднимал этот вопрос в течение десяти лет пришлось мне вести всю тяжесть на своих плечах, на свой риск. В этот период литературными Фондами мечетей я пользовался много раз, а также консультациями людей кази и имамов мечетей, которые хорошо знают Восточную культуру. Через них же я узнал ряд исторических данных, полезных для моего исследования.

По такой проблеме, как "Фарабиеведение" обычно работают целые научные учреждения. Аль-Фараби это-Аристотель Востока. Многие важнейшие книги Аль-Фараби, весьма редкие и уникальные, мне удалось приобрести через Мечети.

Если бы я не ходил в мечеть, то мы бы не имели такого значительного успеха по освоению научного наследия Аль-Фараби. Для освоения научного наследия Аль-Фараби необходимым условием является знание истории, традиции, обрядов и всей совокупности культуры Ислама.

С этой целью я побывал в Сирии и Ливане (1968 г.). Я планирую поездку в Ирак, Египет и Саудовскую Аравию. С этой целью я в 1970 годах подал заявление на имя секретаря ЦК Казахстана Кунаева Д.А. и на имя президента АН КазССР Есенова Ш.Е., дать мне разрешение на эту поездку. Причем в Мекку и Медину обязательно побывать в период паломничества (Хаджи), так как, только в этот период бываю открыты двери КААБЫ и других знаменитых памятников культуры. Указанные товарищи одобрили целесообразность такой

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ДАЛАСЫНЫҢ ПЕРЗЕНТІ

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ІЗБАСАРЫ —

АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ ІЗДЕНУ САПАРЛАРЫ

поездки. Мне сказали, что в данный период, в связи с обстановкой международного характера такую поездку придется отложить на некоторое время. Я и жду этого удобного времени...

В своей сознательной части жизни перед собой ставил цель трудиться над научным познанием на благо Родины. От этой задачи я никогда не отходил в течение полувековой сознательной части жизни, и в дальнейшем не собираюсь отходить.

Чтобы я ни делал, делаю это вполне сознательно, целеустремленно, во имя науки на пользу Родины, во имя человечества, а не по корыстному убеждению.

Не исключена возможность, что отдельные товарищи полагают и толкуют так мое редкое посещение территории мечети и общение с отдельными лицами религиозного культа. Таким толкованием очевидно связано **требование от меня** данного объяснения.

Прошу понять меня правильно. **15.02.1973**

Оқырман өзі де өз бағасын бере жатар, бірақ бұл құжатпен таныстыру себебіміз, біреуді даттау, сынап-жамандау деген мақсатта емес, Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ: «Асықпаңдар! Артымызда қазы бар, Тергеп талай сүйектерің қазылар, – деп, түбінде әділеттің, шындықтың жеңетініне, болашаққа сенімін қоса білдіреді. Бұл – әр құбылысты таразыға салып өлшей білетін көреген жанның сөзі» /2.28-б./ (Бұл ескерту кез келген зерттеуші, жас ғалымдардың көкейінде жүрсін деген ниет қой менікі. Г.Е.).

Сонымен, Ақжан Машановтың «Түсініктеме-сіне» оралсақ, онда аталып өткен себептер, нақты дәлелдер сол күндері де, осы күні де еш талас тудырмайтыны ақиқат. Аталып өткен кісілердің артынан топырақ шашу емес, оларды даттау

емес, себебі ол кездері ол кісілер сол қызмет бойынша талапты орындауға міндетті еді, ол Кеңес Одағының жалпы талабы еді, ол талапты орындауға қатаң жазаға тартылатынын айтпағанның өзінде, сол кездің үрдісі еді. Жаратушыға сансыз шүкір дейміз, еліміз Егемен алып, тарихымыздың тұңғығына сүңгі аламыз, «ғылым тарихы» таза бұлағынан сусындай аламыз, қанатымызды кеңге жайып әуелеп ұша аламыз. Тек ақиқаттан айнымай, еңбектің қадіріне жетіп бағалай біліп, даналардан ғибрат ала алсақ болғаны.

/1.17-б./ «...Қазақстан жерінен әл-Фарабидің ешбір ізін таба алмаған соң біз басқа қалалардан, онан кейін шетелдерден оның еңбектерін іздеуге кірістік. Москва мен Ленинградтың кітапханаларының шығыс бөлімдерінен аздаған еңбектер табылды. Сонымен қатар, сол кітапхана-

Не айтасың? Кімге айтасың? Кіммен таласып-тартысасың. Ол бір көлеңке сияқты нәрсе. Шырмайды да қармайды. Басқа ұрған балықтай боласың да жүресің.

Сол кезде арабтың бір мақалы есіме түсті: «Алыс жолға аттанған адам жолдағы әр қорадағы шабаланған итке алаңдай берсе, еш уақытта мақсатына жете алмайды» деген. Әл-Фараби осы сөзді өзі еске алған екен. Мен де соны дұрыс көрдім. Ешбір өсекке, ешбір бөгетке қарамастан тәуекелге бел байлады. Алдымен арабша тілді өзім үйренуге кірістім.

Жас кезде ауылда арабша әріп үйреніп, Құранды оқи бастаған ғана сауат болған еді. Сонан кейін қырық жыл шамасы арабшадан қол үзіп қалдық. Енді жас елуге келгенде арабша тілді үйренуге кірістім. Расында, **әл-Фараби оқыған**

кітапты оқымай, оның жазғанын танымай, оның мирасын қолға алуға бола ма? Ғылымнан шындық іздеген адамға олай істеуге болмайды. Ғылым атын жамылып, жалған жолмен, жауырды жаба тоқыған қулардың әл-Фарабидің шындығында шаруасы не?

Екі жылдың ішінде арабша тілді едәуір меңгеріп, сөздікпен пайдалануға қол жетті. Сол арқылы, керек мәселені аудару алатын болдым, аударғанды тексеру алатын болдым. Аздап сөйлесуге жарап қалдық. Садуақас қажымен бірге ақылдаса отырып, арабшадан қазақшаға мақала аударуға қол жетті. Сонымен бірге, әл-Фараби мирасын зерттеуге есік ашылды дегуге болады. Бізге тағы да арабша жақсы білетін үш қарт қосылды: Ғаббас Елеусізов, Рахым Сәрсенов, Қажыбай Манбаев./1.20-б./ Олармен бірігіп, әл-Фарабидің қолға түскен шағын еңбектерін аудардық. Сол мақалалар ішінен әл-Фарабидің: «Философияны үйрену үшін оның алдында не білу керек» деген мақаласын біз «Білім және еңбек» журналына жарияладық (№ 1, 1962). Мұның өзі әл-Фараби еңбегінің өзінің туған елінде – Қазақстанда, **қазақ тілінде ен алғаш рет жарық көруі еді.** ...Журнал редакциясына және біздерге хат дегеніңіз әр жерлерден келіп жатты. Олар зор рақметін, өздерінің қуанғандарын айтып, әрі қарай дамытуды сұрап жатты. Қазақстан шегінен сырт тұратын адамдардан да, шетелдерде тұратын қазақтардан, ұйғырлардан хаттар көп келді. Солардың арасында: «Мынау бір жақсылық ырымның басы екен» деп қуанғаннан көздеріне жас алысса керек.

Халқымыздың осыншама әл-Фарабиді құшағын жая қарсы алуы біздерді жігерлендірді. Осының арқасында біз **сөлделіден қашатын** дүмшелерден ешбір сескенбей ашық қимылға кірістік...


Шығыс халқының бір мақалы бар: «Надан адамды әкімшілік басына қою жас баланың қолына ұстара беру сияқты: ол сол ұстарамен өзін де, өзгені де қансыратады». Бір кезде біз осындай жағдайда болдық. Сондықтан қауіп жоқ емес, бар. Бірақ «Шегірткеден қорыққан егін екпес» дегендей, **әл-Фарабидей дананың шындық жолына басты бәйгеге тігудің өзі бір бақыт емес пе?**

Ақжан әл-Машани атамиздың осы жүрек-жарды сырын шерткен «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегі «Ғылыми мирас қалдырмаған ғалым найзағай ойнатып күрілдеп жаумай өткен бұлпен тең» деген араб халқының мақалына сай, Ақжан атаның «найғай ойнаған заманына қарамай», нәсерлеп жауған жаңбырынан кейін өсіп-өніп шыққан ну орманға тең ғылыми еңбектері жас зерттеушілерге сая болсын, ал ғибраты бақытқа жетелесін демекпін.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1. Ақжан Машанов «Әл-Фараби және Абай» Алматы «Қазақстан» 1994.-192 бет;
- 2. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы Алматы «Ана тілі» 1992.-448бет;

Фарабитанушы-Машанитанушы Гүлсім ЕДРЕСҚЫЗЫ



Дополнительно:
Вопрос-1: Почему не пользуетесь публичными библиотеками?
Ответ-1: Во всех городах, где я был всегда поиск начинал с публичной библиотеки. Я рылся не раз в библиотеках Алма-Аты, Москва (им.В.И.Ленина) институтов Востоковедения, Истории науки в Ленинграде (то же самое и библиотека им.Салтыкова-Щедрина), в Ташкенте, Самарканде, Уфе, Казани и т.д. То, что обнаружено в библиотеках мы не ищем в другом месте. Как в мечетях, так из за границей мы ищем – то, что не было в библиотеках.
Вопрос-2: Как думаете в дальнейшем?
Ответ-2: Так как, мое посещение мечети вызывает такое недоумение, то в дальнейшем учту, буду ходить редко поделовому, или вовсе не буду ходить.
20.02.1973 Машанов
По этому вопросу был у Имашева С. 27.02.1973г.

Бұл құжат Г.Садақбаева және А.Садақбаевтың жеке мұрағатынан алынды.



Қойшығара САЛҒАРАҒҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және Күлтөген сыйлығының иегері, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, белгілі ғалым әрі жазушы

Әжемнің ертегісі

Ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызылда, құйрық жүні ұзында, дәлірек айтқанда, осынау көдесі желкілдеген жатаған төбенің көрікті қала болып тұрған кезінде мынандай бір оқиға өткен екен.

Ол заманда елді хан билепті. Зорлық-зомбылық үстем болып, қалың қауым зар илепті. Әділет деген болмапты, аспанды қайғы бұлты торлапты. Қаймығары жоқ дарақы хан елін титықтатып біткен осындай бір қиын кезеңде, қынаптан суырылған қылыштай болып, қара халық ішінен Үбедей атты жас берен шығыпты. Қайратына ақылы сай қыран жігіт өзінің тапқырлығымен менменсіген ханның есін алып, зәресін ұшырыпты.

Мешіннің шығысы, тауық жылының кірісі болса керек. Сол жылы мамырдың өзі шілдедегідей шығғыра келеді. Қар суымен қаулай көтерілген қырдың қалың көгі тамызға ілікпей-ақ, сары құлақтанып, шөжіп кетіпті. Жұт шақырған қуаңшылықтың қорқынышын сезген ел ертеңгі күннің қамына ерте кірісіпті.

Үбедейдің әкесі Жағыпар деген кісі жасырақ кезінде күн көрісін ат үстінен тауып, жортуылда көп жүріпті. Соған орай Жағыпар есіміне кейде «батыр», кейде «ұры» деген сөздер кезектесе тіркеле айтылады екен. Бірақ соның бәрі кейін ұмыт болған. Үбедейі ес біле бастағанда, әкесі бәрін де тастайды. Мүз төсеніп, жортуылмен өткен тірлік зардабы ақыры Жағыпарды төсекке жатқызады. Ол содан ұзақ ауырыпты.

Кіріс кіріс болмаған соң, Жағыпар үйінің күнкөрісі де күрт нашарлай бастайды. Жыл айналмай, тірнектеп жинаған дүние-мүлік те сатылып бітеді. Кейінгі кезде Мақамбай саудагердің үйінің оны-мұны шаруасын істеп, күндік тамақты тауып жүрген әйелі Жәмиға еді. Тағдыр мұны да көпсінді. Саудагердің аюдай ақырған бәйбішесі Жәмиғаны қуып жіберіп, үйіне жолатпай қойды. Содан бері ол да еш әрекетсіз, тірсегі қиылып, ін сағалаған бөлтіріктей от басын бағып отырып қалды. Алайда олар қаншама қиындық көргенмен, бұғанасы қатпаған баласы Үбедейді көрінгенге көз түрткі етіп, жалшылыққа бермей, жалғыз сиырдың сүтін талшық қылып, күн кеше берді. Аштық пеп жалаңаштыққа төзіп бақты.

Үбедей бір үйдің жалғызы болып, ерке өскенімен, төңірегінен түйгені көп, зерделі бала еді. Жасы он жетіге биыл шыққан. Бірақ сұңғақ бойы оны өз қатарынан ересек етіп көрсететін. Ауру әке, дәрменсіз шешеге масыл болып отыра беруді намыс көріп, қанша қарманғанмен, өз басы күнкөрістік етер лайықты

ештеме таба алмады, жақсы іс ұшыраспады, жаман тірлікке жанын жалдағысы келмеді.

Тіршіліктері тығырыққа тірелгендей болған осындай ауыр шақта Жағыпардың үйіне бір күні Мақамбай саудагер келеді. Өткен айда Жағыпар Жәмиғаны жіберіп, қарызға біраз қаражат алдырған еді, соны сұрай келіпті. Қарыз төлер хал қайда? Жағыпар өзінің ауруынан айығып келе жатқанын, енді көп ұзатпай қарызын қайтаратынын айтып, жалынып, кішкене шыдай тұруын өтінді. Бірақ ондайға құлақ асса, Мақамбай Мақамбай бола ма? Біреуді екеуіге айналып, қамбасы қазынаға, қалтасы ақшаға тола ма? Саудагердің атын шығарған көл-көсір байлық қайдан жиналады?

Мақамбай өзімен бірге келген жалшыларына иек қақты. Қожаларының әмірін үнсіз ұққан жалшылар байлаулы тұрған қасқа сиырды шешіп әкетті. Тіршілігінің талшығына таласқан Жағыпар мен Жәмиға таяққа ғығылды. Сөйтіп, қасқа сиыр бұзауымен саудагердің жетегінде кете барды. Төңірісін қарғап, тағдырларына лағнет айтып қос мұңлық зарлап қалды. Оларға құлақ асқан жан болмады.

Үбедей бұл кезде үйде жоқ еді. Ойраны шығып жатқан отбасын кешке келгенде бірақ көрді. Бос күпіну әдетінде жоқ есті бала үнсіз отырып қалды. Ойран сырын да айттырмай ұқты. Бірақ қылар қайраны жоқ. Өзекті жалаған уытты ашу сыртқа шығар саңылау таппай, тынысын тарылтып барады.

«Не істеу керек? Бүйтіп қор болып күн кешкенше, өлген артық емес пе? Әттең... артында аңырап қалар ата-анаң болмай, соқа басты біреу болсаң ғой! Көрер еді сонда! Көрсетср еді Мақамбай саудагерге жазықсыз жарлы-жақыбайлардың соңғы талшығын тартып алғанның қалай болатынын! Мынандай ит тірліктен жауыңмен жағаласып, жан алып, жан берген бір сәттік ғұмыр көш ілгері-ау! Мынау не, осы да өмір болып па?! Ө, құдай, бір күн туыппын, бір күн өліппін, нар тәуекел!»

Сертке суырылғандай алмас қанжар қынабынан жарқ етті. Үбедей орнынан көтеріле берді.

Алағөбең үй ішінде баласының әр қимылын манадан үнсіз бағып жатқан Жағыпар тұрып келіп, Үбедейдің иығына қолын салды.

– Сабыр, балам, сабыр!

Күңірене шыққан қоңыр жуан дауыс жадау үйдің ішінде тұнған тыңшықтықты дір еткізді. Үбедей жалт қарады. Жабырқау да жүдеу әке өңі бала көңілін иесіз жайлаудай құлазытып жіберді. Ол әкесінің даусынан өз ойын тап басып және оны құптамай тұрғанын аңғарды.

Әке даусы қайта естілді.

Аптықта, айналайын. Асығыстық алғырлыққа жатпайды. Есер қимыл ерлік емес.

«ЖАДЫҒА СЕНИП, ЖАЗУДЫҢ ТЕГІН ҰМЫТТЫҚ. БҮГІНГІ «ТҮРІК ЖАЗУЫ» ДЕП ЖҮРГЕН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРІКТЕРДІҢ ЖАЗУЫ ДА ОСЫ КҮЙІНДЕ КӨКТЕН ТҮСКЕН ЖОҚ. ОНЫҢ ДА ТЕРЕҢНЕН ТАМЫР ТАРТЫП, НӘР АЛҒАН БАСТАУ ТЕГІ БАР».

(«ҰЛЫ ҚАҒАНАТ» КІТАБЫНАН)

«Қанжар суырылса қатер» деген, не дүшпанның басы кетер, не өз түбіне жетер. Қарғыс атқан мынау заманда бар үмітіміз, өзің екенін ұмытпа, құлыным! Әрі кінәлай, әрі аманат арта сөйлеген әке алдында сыр бүгіп көрмеген ерке бала дәрменсіздігін бұлақсыз мыйындағандай, күрт босап, алдындағы жанның кең кеудесіне бетін басты. Тек әлден уақытта:

Қайтейін, басқа амалым қалды ма, көке-ау. Бәрібір өзекті жанға бір өлім, ажалдан қа-

қой, түсінбес, айып қылып алдыма тартар да, көңілі суып, сыйлаудан қалар деп қорқып едім. Жас сен түгіл, сақалды жұрттың өзі: «Әлдінің әлсізден шырылдатып тартып алғанын зорлық, әлсіздің әлдіден көрсетпей алғанын ұрлық», деп ат қойып, айдар тағып жүр. Зорлықты мықтылық санап, дәріптеп, ұрлықты сорлыққа балап, қор тұтады. Бірақ сол екеуінің түбі бір, біреуді біреудің талауы екенін зерделей бермейді.

ТҮРІК, ЖАЗУЫ БАСҚА

шып құтылмақ бар ма. Өзіңіз де «тәуекелсіз - тірлік түл» демеуші ме едіңіз, - деді. Үнінде әке алдында ақталу бар.

Дұрыс айтасың, балам деді Жағыпар Үбедейдің арқасынан еркелете қағып. Өлшеммен берген ғұмыр бар, таусылса бітер. Тәуекел ет те, тас жұт, аяғыңды мықтап бас! Менікі қайбір білгендік дейсің, балам. Қу заманым қуып тығып, тығырыққа тірегенде, таянышым өзің болған соң, сенің амандығыңды тілеген ата көкірегінің көзсіз гөй-гөйі ғой бұл. Мына заманда қайрат қылмасаң, хақыңның кетері де хақ...

Сені қатарынан кем қалмай, өнер-білім алса екен деп, ескі кәсіптен қол үзіп, ел қатарлы еңбекке ден қойып едім. Ойым орындалмады, арманым ақталмады. Жоқтық жолымды кесіп, ескі соқпағыма қайта әкеп, тіреп тұр. Бұрылар жерім қалмаған сияқты. Бел бумасқа шара жоқ. Бұлқынған ғана бұғау үзеді. Тек асықпау керек. Асығыстық ағаттыққа апарады. Ойланған істің өкініші аз. Кел, әкелі-балалы болып, біз де бір ойласып көрейік. Бәлкім, бірдемеге қол жеткізерміз.

Жағыпар үнсіз қалды. Үбедей бойын тіктеп, әкесіне қарады. Бірақ бұл кезде үй ішін қараңғылық тұмшалап алғандықтан оның жүзін анық көре алмады.

Бұрышта манадан үнсіз отырған Жәмиға іштей егіле жылады. Құйеуінің неге бел бұғанын түсініп, осындайға душар еткен тағдырына налып жылады. Жаңа Жағыпар: «Жоқтық жолымды кесіп, ескі соқпағыма қайта әкеп тіреді», деген жоқ па. Ескі соқпағына түссе, түнгі жортуылға қайта шыққаны. Бұл құйеуінің кесімді сөзі. Енді оны алған бағытынан ешкім де айныта алмайды. «Жортуылдың жолы тар», «Жортуылшы басы жолда қалар» деп халық бекер айтты деймісің. Білген соң айтқан. Жәмиға осыдан қорқады, осыған жылайды.

Осы сәт Жәмиға: «Ау, әлгінде отағасы бұрылар жерім қалған жоқ демей, қалмаған сияқты демеңді ме. Онда әлі бір байламға келмегені ғой, деп ойлады. Бәлкім, бұл баласына ақыл салғаны шығар. Шүкір, Үбедейжаным жас болғанмен, ақылсыз емес қой, әкесіне қой дер. Жалғызының сөзін тыңдамай, отағасы қайда барар дейсің...»

Жәмиға әкесі алдында тұрған баласына үмітпен көз тастады. Егер үй іші жарық болса, сөз жоқ, Үбедей осынау қарастан: «Әкеңе қой де, құлыным! «Ұрлық түбі қорлық». Өлмеспіз, бірдеме қылып күн көрерміз. Айналайын, адуын әкеңді ақылға келтіре гөр» деген ана жалынышын ұғар еді. Бірақ қараңғылық кедергі жасады. Үбедей ана тілегін ақтай алмады, өз жүрегінің лүпілін білдірді.

– Несі бар, көке, деді ол толқусыз ашық үнмен саңқ етіп. Ескі соқпақтың да адастырмай, ел таптыратыны бар. Айтып отырғаныңыз сондай соқпақ болса, одан несіне қашамыз. Түсіңіз соған, соңыңыздан еруге мен дайын.

– Бақытты бол, балам! Осындай сөз еді күткенім, ризамын! Несіне жасырайын, жас

– Сонда қалай, көке, біз талаушы боламыз ба? – деп сұрады Үбедей жұлып алғандай.

– Тағдыр басқа салса, амал не? Болуға тура келеді, ұлым.

– Әлді, әлсізін талғамай ма?

– Әрине, талғамаймыз. Бірақ түнде көз жоқ қой, балам. Жолыққанды байдікі ме, кедейдікі ме деп, тергеп жатар уақыт қайда. Түскені – бұйырғаны да.

– Жоқ, көке, мен сізді түсіне алмай қалдым. «Жаным арым садағасы» демеуші ме едіңіз. Сөйткен көкем бүгін «бұйырғаны» деп, қолға түскенді талғамай қармай беретін адам қорқауы – Мақамбаймен бір қос болып шыққаны ма?

Жағыпар жауап қатпады. Үй ішін қою қараңғылық басты. Өлгінде ғана өше бастаған үміт оты баласының мына сөздерінен кейін қайта тұтанғандай болған Жәмиға басын көтеріп алды.

– Көке, деді Үбедей, үнсіз қалған әкесін сөзге тарттып.

– Не, балам?

«Иттің иесі болса бөрінің тәңірісі бар» деуші едіңіз ғой. Өмірде тек Мақамбайлардың ғана жолы бола бермес. Әр асқанға бір тосқан. Өйтеуір тәуекелге бел бусақ, қысастыққа қысастық жасайық. Өзімізден тартып алынғанды қайтарып көрейік. Сонда біз халық алдында қарақшы да болмаймыз, ұры да атанбаймыз.

Оның дұрыс-ау, балам, Бірақ қалай қайырып аламыз? Оны бізге кім береді?

– Әрине, бермейді. Берсе, алмас та еді ғой. Ал біз қалайда соның ебін тауып алуымыз керек.

– Жағрайды, мұныңды жөн дейік. Ебін де таптық дейік. Бірақ бізден алынған мал немесе дүние-мүлік сол күйі қолға түсе бермейді ғой. Өзің де білесің, саудагер Мақамбай біреуден зорлықпен тартып алғанын тез жөткереді. Біздің қасқа сиырдың да ендігі бұзауымен бірге сатылып, ақшаға айналып, саудагер қалтасында теңге болып сылдырап жатпағанына кім кепіл. Ендеше, біздің сиыр деп, қасқа сиырды тауып алғанмен, анау сатып алушыға қиянат емес пе? Ол бейшара адал ақшасына алған малының біреудің соңғы күнкөрісі екенін білмейді ғой.

– Олай болса, бізге сиырдың қажеті не? Біз сол сиырдан түскен ақшаны аламыз.

– Алдырар саған Мақамбай! – Жағыпардың үні кекесінді, қатқыл шықты. Оның ақшасының қайда сақталатынын сайтан да білмес.

– Сайтан білмесе, білмес. Ал адам білмес пәле жер бетінде жоқ. Бұл Жағыпардың өз сөзі еді. Үбедей соны алға тартты. Бір адамның байлығын қайда сақтайтынын біле алмасақ, мұндай іске бел буып неміз бар.

Жағыпар бұл жолы да тосылып қалды. Алды-артын бірдей орап бара жатқан баласын құптағанын-құптамағанын айыру қиын.

Жалғасы бар



*Түркі халықтары мәдени қорының
белсенді мүшесі*

*Шолпан БАЗАРОВАНЫ өмірінің
айтулы белесі – 70 жасқа толу
мерейтойымен шын жүректен
құттықтаймыз!*

*Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты
Сізді мағыналы ғұмырыңыздың
биік бір белесі – 70 жасқа алып
жетті. Сіз осы кемелдікке
тың жігер, жарқын көңілмен
келіп отырсыз. Біз сізді жан
жүрегімізбен, жарқылдай, қуана
отырып құттықтап, мерекелі
мерейтой күні Сізге денсаулығыңыз
күйлі-қуатты, ғұмырыңыз
ұзағынан, көрер қуанышыңыз
молынан болсын деп тілейміз!
Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз
зор болсын!*


**Ізгі тілекпен, Түркі халықтары
мәдени қоры және «Түркі әлемі»
газетінің ұжымы**

Аналар назарына: қызға айтар 50 кеңес



1. Мен білемін, сен кейде маған ренжіп қаласың, бірақ мен сені бәрібір жақсы көремін
2. Кейбір сөздер көпір соға алады. Ал кейбірі сол көпірді жойып жіберуді мүмкін. Сондықтан әрбір айтқан сөзіңді санаңнан өткізіп айт.
3. Сенің шаңырағың – сен тұратын орта емес, сені жақсы көретін орта.
4. Бірінші болып кешірім сұрау әлсіздікті білдірмейді.
5. Ешқашан жігіттің соңынан жүгірме, ең дұрысы, олар өздері сені тапсын. Егер сен нағыз азамат дос жігітті кездестірсең, оның жүрегінен орын алуға тырыс. Сендердің арақашықтықтарың қарым-қатынастарыңа еш кедергі болмауы керек.
6. «Жоқ» деген сөзді айтып үйрен және бұл сөзді қолдануға еш қаймықпа.
7. Біреуге игі істі жиі жасап тұр.
8. Дүние сені бақытты етпейді.
9. Ешқашан біреуді сынама. Бірақ әрқашан өзгенің өзіңді сынауына дайын бол. Бұл өмір, кеуденді тік ұста, қызым!
10. Санаңды да, өзіңді де, айналаңды да таза ұста.
11. Алдыңа мақсат қой, сол мақсатқа жету үшін күресе біл.
12. Әрбір кішкентай қиындыққа еңсеңді түсіре берме. Басқа қиындық түсу, ақырзаманды білдірмейді.
13. Сен ешқашан өзгені өзіңмен салыстырма, олар ешқашан да сен секілді бола алмайды.
14. Біреуді қаншалықты жақсы көрсең де, өзіңді жоғалтпауға тырыс.
15. Сөйле! Өз дауысыңды тап және оны қолдан.
16. Ең біріншіден өзіңді сүй. Сонда ғана сен өзгені сүйе аласың. Сол кезде түсінесің, қыз болып туылған қандай керемет екенін.
17. Саған өз өмірбаяныңды жазуға тура келетін уақыт туады, сол кезде қағаз бетін тек бақытты сәттерді жазып толтыруға тырыс.
18. Өмірде сен санасы төмен көптеген қыздарды кездестіресің. Аранды қалың маркермен сызып қой да, олардан іргенді аулақ ұста.
19. Әр қошемет сөздерді дұрыс қабылдай біл. Маған сенші – сен ғажап қызсың!
20. Әрқашан адал бол.
21. Өз рөлінде бақытты болуды біл және ешқашан жалғыздықтан қорықпа.
22. Ешқашан өз сезіміңді сыртқа шығаруға қорықпа.
23. Білім – алып күш. Өзіңді дамыт!
24. Сенің қайғыңды, қуанышыңды бөлісіп тұратын, әрдайым сені қолдап жүретін жанды таңда.
25. Есіңде болсын! Сен ешкімнің жекеменшігі емессің. Сен қызсың, өз бағаңды біл. Және бағаңның қаншалықты қымбат екенін ешкімге айтпа.
26. Ұрысуға болады. Бірақ тоғызыншы ережені ұмытпа!
27. Өз-өзің үшін тұрып бере алатын бол. Осындай сен өзіңде жалғызсың.
28. Сәтсіздікті бастан кешіруден қорықпа. Қателік – өзіңнің сапаңды және мүмкіндігіңді жетілдіретін жаңа баспалдағың болуы мүмкін.
29. Қандай жағдай болмасын, мен сені қолдап жүретінімді біл.
30. Еш келісімсіз біреуге көмектесе біл, бұл сені бақытты етеді. Әлемге не сыйласаң, өзің де соны аласың.
31. Құрметті бол, ризалық мінезді ашады.
32. Өзіңнің ішкі сезіміңе, дауысыңа сен.
33. Өзін ұнатқыза алатын қыз, көпшіліктің көреалмаушылығынан, сыбысынан қаша алмайды. Сондықтан ешкімге де, еш нәрсеге де мән берме. Өзіңмен-өзің бол.
34. Сенің қандай екеніңді сөзің емес, ісің көрсетеді.
35. Өз сезіміңді жасырма, сезіміңді білдіруге жол тап.
36. Сұлулықты әрбір заттан көр.
37. Еркекті байлығы үшін емес, кемеңгерлігі үшін бағала. Әйелді сұлулығы үшін емес, адалдығы үшін бағала.
38. Өзіңді жақсы көретін адамдардан ешқашан қол үзбе.
39. Өмір жолында әрдайым басыңды тік ұстап жүр. Өз-өзіңе сенімділік жағымды болады.
40. Қажет кезінде жылап ал. Және сол көз жасыңнан жаңа күш тап.
41. Күлкі жанның дауасы.
42. Өзгенің әуенін құрметте, бірақ өз әуеніңе биле.
43. Әрқашан өзіңді қамтамасыз ететін жағдайда бол.
44. Сенде бәрі жеткілікті.
45. Сен маған кез келген уақытта, не болса да айта аласың. Мен әрдайым сенің жаныңнан табыламын.
46. Қыздар ешқашан жігіттердің көз жасы мен шағымын шешуге асықпау қажет. Негізі жігіттер өз проблемасын өздері шешу керек.
47. Сенің қабілетің өзің ойлағаннан да зор.
48. Сен өте сұлусың, және ешқашан ешкімге сенің басқаша сезінуіне жол берме. Өзгенің пікірі, тек реңкілі әуен.
49. Өмір тек бүгінгі күннен тұрады. Қазіргі сәтте өмір сүр. Сен кешегі мен ертеңгі күнді толықтай басқара алмайсың. Сенде бардың барлығы бүгінге, сондықтан әрбір бүгінгі күнді бақытпен өткізуге тырыс.
50. Тағы да есіңе сақта, мен әрдайым сені жақсы көріп өтемін.

«ДОМБЫРА»
тарихи-этнографиялық кешені
Құтхана эскизі



ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗІНДЕЙ ҚАРАПАЙЫМ, ҚОҢЫР ҮНДІ, САЗДЫ ДА НАЗДЫ АСПАП. ӨЗГЕ САЗДЫ АСПАПТАРҒА ҚАРАҒАНДА ЕЛ ЖҮРЕГІНЕ ЕТЕНЕ ЖАҚЫН.

ГАЗЕТИМІЗДЕ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫНА АЙНАЛҒАН, ТІПТІ ҚАЗАҚ ДЕГЕН ҰҒЫМНЫҢ ЕКІНШІ СЫҢАРЫНДАЙ БОЛЫП КЕТКЕН ДОМБЫРА ЖАЙЫНДА, ОНЫ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ЖАДЫНДА МӘНГІ ҚАЛДЫРУ ТҰРҒЫСЫНДА ҮНЕМІ ЖАЗЫЛЫП ЖҮР.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ДЕ 3-4 КӨЛЕМДІ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАНЫП, КИЕЛІ ДОМБАРЫҒА ҚАТЫСТЫ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР СӨЗ БОЛДЫ.

РЕДАКЦИЯҒА АРНАЙЫ КЕЛГЕН АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ БЕЙБІТШІЛІК ҚОРИНЫҢ ТӨРАЙЫМЫ, СӘУЛЕТШІ ГҮЛМАЙРАШ ШАЙХОВА ХАНЫМ ГАЗЕТТІНДОМБЫРА ТӨҢІРЕГІНДЕ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ РИЗАШЫЛЫҒЫН БІЛДІРДІ.

ӨЗІНІҢ «ДОМБЫРА» КЕШЕНІНІҢ ЖОБАСЫН ЖАСАУМЕН АЙНАЛЫСЫП ЖҮРГЕНІН АЙТТЫ. ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ КИЕЛІ АСПАБЫН ҚАСТЕРЛЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ КӨПТЕГЕН ҚҰНДЫ ПІКІРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ. ҰЗАҚ ЖЫЛДАР БОЙЫНА ҚОҒАМДЫҚ ІСТЕН ҚОЛУЗБЕЙ КЕЛЕ ЖАТҚАН ҰЛТЖАНДЫ ХАНЫММЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖЕДЕЛ СҰХБАТТЫ ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

(Бұл сұхбат 2009 жылы «Алматы ақшамы» газетінде жарық көрген).

Сол кездегі республика Жоспарлау комитетінің бөлім бастығы, э.ғ.к. Қожанияз Есентаев, ҚСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, сәулеткер Қалдыбай Монтақаев, тағы да басқа ғалымдар жобаны қолдап, өз пікірлерін баспасөз бетінде жариялады.

Жыл қорытындысы бойынша осы басылымның лауреаты атандым. Содан бері домбыра жобасы әр жылдарда және әртүрлі басылымдарда, атап айтсақ, «Қазақ әдебиеті», «Түркі әлемі», «Әдебиет айдыны», «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарық көрді. Қолдаушылар табылғанмен, демеушілер табылмай келген еді.

немесе әр ғимаратында ұлттық салт-дәстүрлерімізді іс жүзінде көрсететін бөлмелер бар. Олар қазіргі өмір талабына сай толық жабдықталған. Жеке ғимараттар кездейсоқ емес, ұзақ уақыт ізденістің нәтижесі.

Ғимараттар ұлттық ғұрпымызды жаңғырта отырып, еліміздің астанасы мен бас қаласының құрылыс ансамбльдерімен жарасымды үйлесім табатынына дау жоқ. Кешен жобасы қазіргі құрылыс талаптары мен қағидаларына сай жүзеге асырылады. 10 баллдық күші бар жер сілкінісіне төтеп беретін болады.

Көне қолжазбаларға, тарих қатпарларына көз

ДОМБЫРА - ҰЛТТЫҚ КҮШ-ҚАЙРАТТЫҢ, ӨРШІЛ ОЙДЫҢ, МҰҚАЛМАС ЖІГЕРДІҢ ЖАРШЫСЫ

«Алматы ақшамы» газетінің тілшісі, ақын, «Домбыра – ұлттық күш-қайраттың, өршіл ойдың, мұқалмас жігердің жаршысы» атты мақаланың авторы Сәрсенбек Бекмұратұлы Алматыдағы Бейбітшілік қорының төрайымы болған, марқұм Гүлмайраш Шайховамен сұхбаттасқан.

Сұхбаттың шығуына «Алматы ақшамы» газетінің №50-51, 30 сәуір, 2009 жылдары шыққан «Домбыраға ескерткіш қою керек», ««Домбыра» тарихи этнографиялық кешенінің жобасы» деген тақырыптағы мақалалар себеп болған еді. Сондай-ақ, аталған мақаланың жарық көруіне себепкер болған ұйымдар да жоқ емес. «Түркі халықтары» мәдениет қорының президенті – Ахмет Дағдұран мырзаның, осы қордың Әйелдер комитетінің төрайымы Дариға Тұрлыбекованың еңбектері де орасан зор.

Сонымен өатар, шын жүрегімен, бар ықыласымен домбыраға көңіл бөліп, Гүлмайраш апайымыздың ұлы Қазыбек Шайх есімді азаматтың да «Киелі қасиеттер, дәстүрлер, жаны бар сөздер» атты жарық көрген бірнеше томдық кітаптары бар.

Қазыбек Шайх – Алматы қаласы Бейбітшілік қорының төрағасы, «Түркі халықтары» мәдениет қорының мүшесі.

—————

– «Домбыра» тарихи этнографиялық кешенінің жобасы ойыңызға қашан келді? Мұндай батыл да байсалды және мерейлі шешімге қалай келдіңіз?

– Бұл бір күннің жұмысы емес. Халқымызбен біте қайнасқан домбыраны ұлттық брендке айналдыру көптен ойымда жүрген мақсатым еді. Кеңестік кезеңде сәті түспеді. Әйтпесе мен бұл мәселені 1980 жылдардың басында-ақ көтергенмін.

1986 жылы «Білім және еңбек» журналында «Алатаумен дидактасқан Домбыра» деген етпен көлемді мақала жарияланды. Ол ұлтжанды зиялы қауым арасында жақсы пікір қалыптастырды.

Республикамыздың тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өткенімізді түгендеп, көне жәдігерлерге қолдау көрсетіп келеді. «Мәдени мұра» бағдарламасы осы тұрғыдағы игі-шараларға мұрындық болып отыр.

Президент «Мәдени мұра» қоғамдық кеңесінің бір отырысында «Бізге тарихи-этнографиялық мәдени, рухани орталық керек деген болатын. Елбасымыздың бұл сөзі мені де қанаттандырды. «Домбыра» тарихи этнографиялық кешен жобасын қайта қолға алуыма себепкер болды.

– Жобаңыз қолдау тапты ма?

– Ия, қолдау тапты. Алматы қаласы әкімшілігі қолдау көрсетіп, «Алматыжер» кешен құрылысына жер бөліп берді. Сонымен қатар Астана қаласының Құрылыс және сәулет департаменті де «Домбыра» кешенінің жобасын қолдайтындықтарын білдіріп хатпен жауап берді.

Негізі, бұл кешен ақынжанды халқымыздың символы ретінде қарастырылуы керек. Дәл сондай көзқарас танытып отырған орындар да жоқ емес. Бүкіл халқымыздың бренд саналатын домбыраға қамқорлық жасау әр қазақтың міндеті болуға тиіс.

– Жобаның мазмұны туралы не айтасыз?

– Домбыра – ұлттық күш-қайраттың, өршіл ойдың, мұқалмас жігердің көрінісі әрі жаршысы. Қазақтың қалпын, болмысын, мінез-құлқын, тағы да басқа ұлттық қасиеттерін, меніңше, домбыра ерекше көрсете алады. Тарихи этнографиялық кешенге атау әрі символ етіп қазақтың музыкалық аспаптарының ішінен домбыраны қалауымның да себебі осы.

– «Домбыра» тарихи-этнографиялық кешенінде ұлттық салт-дәстүрге сай қандай шаралар жүзеге асырылатын болады?

– Кешен болғандықтан да оның бірнеше бөлімдері мен бөлімшелері бар. Сыртқы бейнесі домбыраға ұқсап салынатын кешеннің әр бөлімшесінде

жіберетін болсақ, Шығыс – тіршіліктің де, өрелі істердің де бастауы болған. Мұны әлем халқы мойындағалы қашан. Ғылымда жиі қолданылатын «Шығыс даналығы» деген термин де бұл сөзімізге дәлел.

Даналық Шығысқа ғана тән. Осыны ұмытпауымыз керек. «Домбыра» тарихи-этнографиялық кешені жобасы жас ұрпақтың санасына ұлттық тәрбиені қалыптастыруды өзінің басты мақсаты деп санайды.

– Кешеннің бас жоспарын таратып айтып кетсеңіз?

– «Домбыра» тарихи-этнографиялық кешені шын мәнінде ұлттық музыка аспабына шоғырланған – бес домбыра бейнесінде жасалады. Сондықтан, бірінші бөлімді «Домбыра құтханасы» деп атадым. Оның табаны – 60x72 шаршы метрді алып жатыр. Биіктігі 108 метр. 36 қабаттан тұратын ғимараттың жоғарғы ұшы металл мұнараға жалғасады.

Жоғарыда айтылғандай, Алматының сейсмикалық ерекшеліктеріне байланысты жер сілкінісіне төзімділігі ерекше назарға алынған. Соған байланысты ғимараттың ірге тасы да әр деңгейде күйылатын болады. «Домбыра құтханасына» іргелес концерт және банкет залдары орналасады. Ортақ есік екі ғимаратты жалғастырып тұрады.

Алдында – «Біржан мен Сара» су бұрқағы, балалардың шомылуына арналған үш аяқты «Ошақ» бассейні, жүгіру жолдары, спорт алаңдары, бәрі тұтас бір кешенді құрайды.

Кешеннің композициялық сызбасы айқын қызметтік аймақтар мен павильондық типке ие. Ғимаратты тамашалап келушілерге ыңғайлы әрі шығармашылықпен айналысатындардың күнделікті тіршілігіне кедергі тудырмау үшін арнайы қосымша сыртқы есіктер орналастыру көзделген. Мұндай принцип қызықтаушы жұрттың еркін жүруіне және тыныштық сақталуына жағдай туғызады.

Құтхана ішіндегі кең вестибюльде ақпарат қызметі, байланыс салоны, тұрмыстық қызмет көрсете

ту жүйелері орналасады. Техникалық қызметтер, басқару торабының электр қалқаны, қоймалар жерасты қабаттарына қоныс тебеді. Кондиционерлер, теле-радиохабарлар қабылдау, өртке қарсы автоматты дабыл қаққыш, түгінсорғыш жүйе осы өріске кіреді.

– Кешеннің сәулеткерлік шешімі жөнінде не айтасыз?

– Кешенде ұлттық дәстүрді ұлықтайтын 47 сектор болады. Айталық, саяси-бұқаралық секторында шілдеханана, тұсау-кесер, сүндетке отырғызу, беташар, тағы да басқа ұлттық жөн-жоралғылар жүзеге асыратын көрсетілімдер болады. Үйлену тойы, мерейтойлар, бесікке салу, ән-би, айтыс үйірмелері жүргізілетін және киіз басу, кілем тоқу, киім тігу, былғары илеу, шыны өндірісі, ою-өрнек салу, қию сияқты ісмерлік өнерлер үйрететін, сонымен қатар құрт-ірімшік, тағы да басқа сүт өнімдерін дайындайтын, қымыз-қымыран секілді шипалы сусындар әзірлейтін секторлар жұмыс істейді.

Шығармашылық талқылаулар мүйісі, табысты танысулар клубы, интернеттік жүйе қызметі, ұрпақтар байланысы, ішкі ағзаларды жуу, тазарту, дене шынықтыру мен массаж, жүзу бассейндері, тағы да басқа адам денсаулығын жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыратын бөлімдер мен бөлмелер де осы ғимараттың ішінен орын алады.

Тағы да бір айта кететін мәселе – әр қабаттың еденінде ұлттық ою-өрнек болады. 36 қабаттағы өрнек бірін-бірі қайталамайды.

Ал сырттағы кіші сәулет бейнелеріне «Уақыт поштасы», «Алтын бесік», «Торсық», тағы да басқа ұлттық ұғымға сай атаулар қойылған. Бұл атаулар жайдан-жай беріле салмаған. Әрқайсысының өзіндік мән-мазмұны бар.

Айталық, «Алтын бесік» – қайырымдылық композициясы. Өмірге сәби әкелген ата-ана шексіз шаттыққа кенеледі. Олардың бойында перзентке деген ізгі қасиет оянады. Тұсаукесер, бесікке салу, шілдеханана сияқты жөн-жоралғылар осы бөлімде жүзеге асырылады.

Ал, «Торсық» бөлімінде адам денсаулығын жақсартуға бағытталған шипалы сулар әзірленіп, олар арнайы орнатылған шүмектерден ағып тұратын болады. Оны келушілер құйып алып, керегінше ішеді немесе үйлеріне алып кетеді.

– «Домбыра» кешенінің жоғарғы үшы сүйірленіп бітуінде қандай сыр бар? Бәлкім оның да атқарып тұрған қызметі бар шығар?

– Әрине, солай. Кешеннің сұңғақ ұштары, яғни, түйікталған тұстары радио мен телехабарлар үшін қосымша байланыс торабын ұйымдастыруға септігін тигізеді. Биік ғимараттың арнайы қалдырылған саңлаулары арқылы бағытын әрқилы өзгерте соққан жел ондағы құбырларды тербеліске түсіріп, қоңыр әуен тудырады. Жел үні ғимараттың қайталанбас ерекшеліктерінің бірі.

«Алтын бесігіміз» – киіз үйіміз, халықтық қоңыр үніміз – Домбырамыз тұрғанда, біз ешкімнен кем болмаймыз. Тілімізді, ділімізді, дәстүрімізді сақтауда әрі дамытуда бұлардың қызметі ерекше. Содықтан да бұл жоба тәуелсіз Қазақстан үшін ауадай қажет.

Менің ойымша, Астанада салынатын «Домбыра» тарихи-этнографиялық кешені «Пирамида» мен «Ақ Орданың» ортасынан, өзен бойында орналасқаны құба-құп болар еді.

– Өңгімеңізге көп рақмет. «Домбыра» тарихи-этнографиялық кешені жобасы тиісті орындардан қолдау тауып, Алматы мен Астанада бой көтеретін болса, тәуелсіз еліміздің еңсесін биіктетіп, елдігін айшықтайтын игі-шаралардың бірегейі болатынына күмән жоқ. Ұлттық брендті танытатын кешеннің тезірек бой көтеруіне тілектеспіз.

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ,
«Алматы ақшамы» газеті тілшісі,
ақын, жазушы
«Алматы ақшамы» газеті
№50-51, 30 сәуір, 2009 жыл

28 САНЫНЫҢ ҚҰДІРЕТІ

(МАҚАЛА ӘДЕМІ ТОЛЫСБАЕВАҒА АРНАЛАДЫ)

Адам біткеннің ой-санасында сәлекет, қара сөзден бұрын сан көш бастап тұрады. Оған Пифагор заманында жасалған тағдырнама кестесі, математика ғылымы, нумерология саласы тіптен санап түгесе алмайтын есеп-қисап, тиын-тебеннен тұратын, кәдуілгі өміріміз айтпасақ та дәлел.

Өсіресе қазақ ұлттық танымында, (қазағың не) әлем түсінігінде 1,2,3,5,7,12,13 секілді сандардың орны бөлек. Мәселенки, қазақ 7 санын қасиетке телісе, орыс ұлты 13 санын сәтсіздікке балаған. Қытайлықтар 4 санын бір сұмдықтың белгісі деп санап, атын айтуға тыйым салған. Тіптен аспан асты елінің азаматтары 4 қабаттың өзін 3 а қабаты дейтін көрінеді.

Қызық, ә?! 28 дегенде – жалғыз-жарым сүйенетініміз шексіздіктің белгісіне айналған 8 саны. Одан басқа іліп алар не ұлттық рең, не ғылыми тұжырым жоқ секілді көрінеді. Алайда 28 санында сіз бен біз біле бермейтін киелі мән, жұрт жасырған құпия жатыр.

Мәселен, киелі 7 санына дейінгі сандарды бір-біріне қоссақ, $1+2+3+4+5+6+7=28$ болады екен. Қарап тұрсаңыз, саусақ буындарымыздың да саны 28. Яғни бұл бұрынғы 1 айдың ұзақтығына тең. Осылайша қазақ ғұламалары 28 санын ерек санға балап, жаратылысқа сай өте дәл, асқан шеберлікпен күнтізбе жасаған. Ол, ол ма? Сандардың қадір-қасиетінің құпиялары жайлы Құран Кәрімдегі деректе 28 санының мәні «шексіз», «қайту» деп берген.

Ал ата-бабамыз сандық жүйені әріп арқылы меңгерген. Ол қалай десеңіз, біз қолданып жүрген дыбыстық таңбаларда, адамның дүниеге келудегі ретін, орнын алғашқы әріп арқылы көрсетуді ұсынған. Өз бабаларымыз ұсынған 1-А, 2-Ә, 3-Б, 4-Г, 5-Ғ, 6-Д, 7-Е, 8-Ж, 9-З, 10-И, 11-Й, 12-К, 13-Қ, 14-Л, 15-М, 16-Н, 17-Ң, 18-О, 19-Ө, 20-П, 21-Р, 22-С, 23-Т, 24-У, 25-Ү, 26-Ұ, 27-Һ, 28-Ш, 29-Ы, 30-І дыбыстық таңбаларында адамның туған күніне қатысты ғажап сыр жатыр. Демек 28-де дүниеге келгендердің ғұмыры «шындық», «шаңырақ», «шексіздік», «шешім» секілді ұғымдардан құралады.

Тіптен адам ғұмырының 3 кезеңінің алғашқысы 28 жасқа дейінгі ғұмыр. Бұл кезде адамның балалық, бозбалалық шағы артта қалып, салиқалы кезеңге аяқ басады.

Ал Қытай ғалымдары нумерологиядағы өз болжамдарын былай дейді: 1 саны – ар мен ұтыс, 2 – жеңілдік, 3 – өсу, 4 – өлім, 5 – жоқтық, 6 – байлық, 7 – белгісіздік, 8 – өркендеу, 9 – көп жасау.

Яғни қытайлықтар 28 нөмірлі үйге ақша жеңіл жолмен келеді десе, 58 өркендеудің, алға жылжудың жоқтығын білдіреді дейді. Тіпті 2828 нөмірлі үй тозығы жетіп тұрса да оны сатып алушылардың санында шек болмайды екен. Себебі 8 – қытайша «фа» – «байлық» (сәттілік, гүлдену) дегенді білдіреді. Сондықтан осы сандардан тұратын телефон мен машина нөмірлері сәттілік әкеледі деп сенеді. Қытайлықтар жақсылыққа ырымдап екі мен сегіздің қатысуынан тұрған 8.08.2008 күні кешкі сағат 8-де Пекинде 28-ші жазғы Олимпиада ойындарын бастаған. Иә, қалай тартсаң да, 28 жақсылықтың белгісі.

Қазақ халқы да қытайлықтар секілді математикамен тығыз байланысты сала нумерологияға бейжай қарамаған. Мысалы, айдың 28-де тусаңыз: $2+8=10$; $1+0=1$.

1 саны. Егер де Сіздің ғұмыр жасыңыздың бір кезеңі 1 санына тұспа-тұс келетін болса, бойыңызда сенімділік, бастан сөз асырмайтын шамшылдық сезімі бар. 1 санының иелері үнемі ізденіп, талпынып, өсу, жетілу үстінде өмір сүреді. Айдың бірінші күні ме, аптаның бірінші күні ме маңдайына 1 саны жазылғандарға жақсылық сыйлайды. Осы күндері бір іске кіріссеңіз, сапарға шықсаңыз, соның бәрі сәтті аяқталады.

Ал екінші гипотеза төмендегідей өрбімек. Мәселен, Сіз 28.03.1975 жылы дүниеге келсеңіз: $2+8+0+3+1+9+7+5=35$; $3+5=8$

Яғни қазақ нумерологтарының болжамы бойынша «8» санының астында жарық дүниеге келсеңіз, қолдаушыңыз Меркурий планетасы. Осы жебеушілеріңіздің арқасында қалтаңыз толы ақша, өмірде жолыңыз болып, үлкен табыстарға қол жеткізесіз. Бай бола тұра дүниеқоңыз, ақшаның құлы болмайсыз. Егер жақын адамдарыңыздың басына күн туса, алдымен қол созатын өзіңіз...», дейді.

Тіптен ең танымал тұлғалардың туған күні де 28 санымен тұспа-тұс келеді.

28 қыркүйек – Мұхтар Әуезов, Оралхан Бөкей, 28 ақпан – Жамбыл Жабаев, 28 желтоқсан – Қажым Жұмалиев, 28 қараша – Жүмекен Нәжімеденов, 28 қазан – Роза Рымбаева, 28 наурыз – Ян Амос Коменский, орыстың атақты жазушысы Максим Горький және абыройы асқақ ХҚТУ-нің білікті маманы, абыройлы ұстаз Әдемі Толысбаева, жас ақын Батырхан Сәрсенхан есімді Тәңірдің теберігіне ие болғандар дүние есігін ашқан.

Ал бүгін 28-наурыз – әлемдік тарихшылар күні.

Яғни әр адамның қарым-қабілеті, қасиет-дарыны, тағдыры туған күнімен тікелей байланысты. Егер сіз, 28-де дүниеге келгендердің қатарынан болсаңыз, өмірім тек бақыт пен шаттықтан тұрады деп ойлай беріңіз.

Себебі 28 санында сіз білмейтін сыр жатыр...

Ақгүл АЙДАРБЕКОВА



ШАКИЗАДАНЫҢ ШҰҒЫЛАЛЫ

ЭССЕ



Алматы мемлекеттік Медицина институтында кафедрадағы сабақ кестесі бойынша жұмысымды тамамдап №43 автобуспен Тастақтағы (ол кезде Комсомольск-Бауман) аялдамасынан түсіп, ширақ басып Түркебаев-Ташкентская қиылысындағы ертеректе салынған Романова Ламара деген еврей әйелі үйінің бір бөлмесінде тұратын отбасыма келдім. Осы пәтерде Шакизада сыңарым, Гүлмира қызым, Батырбек ұлымыз төртеуіміз тұрамыз. Балаларым алдымнан жүгіріп шықты, жұмыстан келгеніме өздерінше қуанып жатыр.

Ақ Шәкуім (Шакизаданы осылай атайтын едім) дастарқан мәзірін жайнатып қойыпты. Зайыбымның еңбек демалысына шыққанына бір апта өткенді. Шай ішіп, жаңалықтар айтып отырған бір мезетте: «Ақ патшам, (мені осылай атады) көңіліңе секем алма, Мейізден (қайын сіңлісі) саған телеграмма келді. Мамам ауырып жатыр» дейді. Өзім отпускідемін. Ал сен таңертең ертерек жұмысыңа бар да кафедра меңгерушісіне жағдайыңды айтып 3 күнге рұқсат ал. Мен аэровокзалға барып үшеуімізге билет алып қояйын, Батырбекті бірге ала барайық, оны көзден таса қылуға болмайды. Гүлмира үйде қалады, 8 клас оқушысы өзіне-өзі ие.

Қостанайға барайық, мамамның хал-жағдайын білейік. Ондағы аудан, облыс дәрігерлерінің біразын білесің, көрсетейік. Бір жөні болып қалар деп ақ Шәку мені сабырға шақырып отыр. Тіпті болмаған жағдайда осында Алматыға алып келерміз. Алла сөтін түсірсе оңалып қалар.

Әке-шешеден біз өзі жетеуіміз: бес ұл, екі қыз. Жетеуіміз де бармыз. Ішіндегі үлкені менмін. Әкем Бибатыр Әсембекұлы 1938 жылы халық жауы болып танылып, Үштіктің шешімімен сотталды. Солтүстіктегі Сыктывкар (Коми), Котлас, Воркута саяси қылмыскерлер лагерьлерінде 2 жыл қамауда болды. Достарының толассыз ізденістерінің арқасында 1940 жылы түрмеден босатылады. Бірақ босатылса да саяси сенімсіз кісі болғандықтан органдардың қатаң бақылауында болады. Өзін тікелей білетін

Құсайынов Кәкім, Сарыбаев Жағыпар (Ұлы Отан соғысының ардагерлері), Жақсыбаев Қожан, кезінде Ленин орденімен марапатталған Молдахметов Каршал, Кенжебеков Қозғанбек және т.б. замандастарының айтуы бойынша, арақ ішпейтін, темекі тартпайтын, өтірік айтпайтын, мінезді азамат болған. Өртүрлі себептермен әкеміз лагерьден келген соң Бипын деген бәйбішесімен ажырасады да Алматыға келеді. Мұнда 1940 жылы жоғары біржылдық қаржы қызметкерлерінің курсына оқуға түседі. Әкем осы курста оқып жүргенде менің анаммен кездесіп отбасын құрайды. Бұл кезде анам әкесі Байділдәнің інісі Дүйсенбектің тәрбиесінде жүргенін. Осы жаңа құрылған отбасында 1941 жылғы 1 наурызда мен жарық дүниеге келдім.

Әсембекұлы Бибатыр 1965 жылы 15 қаңтарда жүрек ауруынан фәниден бақиға өтті. Анам Жаңагүл (ел Жәкен деп атайтын) 46 жасында қолындағы 7 баламен қала берді. Бәріміз де анамызды апа-ау дейтінбіз. Апам оқымаған адам еді. Ол тұста зейнетақы да алмайды. Балаларының үлкені мен болсам Совет армиясы қатарында Отан алдындағы борышымды өтеп жүрмін. Қалған бауырларым – мектеп оқушылары, әкемнің кенжесі Кенесары 4 жаста. Анам қолына айыр, күрек, сүймен ұстап «Краснознаменский» совхозының қара жұмысшысы болып жүре берді. Ай сайын алатын тиын-тебенімен, үй шаруашылығындағы сауын сиыр, қой-ешкі, үйрек, қаз, тауықтарынан алатын өнімдерімен балаларын бақты, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірді, оқытты, жұрт қатарлы, біреуден кейін, біреуден алда дегендейін олардың үйлену тойларын өткізіп берді, бірқатар немерелерін де көріп қуанышқа кенеле бастады. Енді өне-міне басынан кешкен қиын-қыстау күндерін ұмытып, балаларының, немерелерінің қызығына кенелермін дегенде ауырып қалғаны мынау.

Осындай әке, анам туралы ойларымды ақ Шәкуіме екеуіміз қосылған жыл алғашқы күндерінде айтқанмын. Айтқанымды көңіліңе тоқып алған сыңарым менің анам Жаңагүлге (Жәкенге) өз анасы Биғайша Көлшбайқызына қалай қараса, солай қарайтын болды.

Ақ Шәку екеуіміздің тағдырымыз тақилеттес. Өзімнен көрмесем кімнен көрем. Бәйбішеммен дәм-тұзымыз жараспай ажырастым. Айтқандайын, ол кезде шаңырағыңды пайқалтып, отбасыңмен ажырасаң, мемлекет, қоғам көзқарасында бір жексұрын болып шыға келесің. Құғын-сүргінге ұшырайсың, қызметіңнен кетесің, жұмыс бермейді. Өстіп сазаыңды тарттырады. Тарттық қой...

Ақ Шәкуім де жолдасынан ресми некесін бұзып айырылды. Екеуіміз кездескен сәтте-ақ бірімізді-біріміз ұнатып қалдық. Айналасы екі ай ішінде уағдаластық, некемізді заңдастырдық. Осылайша жаңа өмірді бастап кеттік.

Сонымен, ақ Шәкуім айтқандай Қостанайға келіп түстік. Ол тұста әкемнің жақсы танысы Дмитрий Яковлевич Брусник осы қалада облыстық Кәсіподақтар одағының тө-

рағасы болып қызмет атқарады екен. Осы кісіге барып сәлем бердік, неге Алматыдан келгенімізді айттық. Осы жанашырымыздың ресми заңдастырылған рұқсатымен мекеме гаражынан машина алып Қараобаға апама келдік. Соңалыда тұратын Кенжетай әжем де осында екен. Әжем: «Ақ Шәку келді, Жәкен, енді сен тұр, жата бермей», төсек тартып жатқан анамның жігерін жанитындай пейіл байқатты. Әжемнің құшағынан енді шыққан ақ Шәку диванда жатқан анамды жастығымен бірге басын көтеріп алып бауырына басты. Екеуі де жыл он екі ай, көрмегендіктен бе (бірін-бірі сағынған да болар) көз жасына ерік берді. Амандық-саулық сұрасып біліскенше жайылған дастарқанға Балғын бұрқылдаған самауырды да әкеліп қойды. Әдепкі әдетпен Күмісай, Ырымжан (әулет келіндері), Мақұл, Айзада (құдағилар), көршілер бірінен соң бірі анамның есен-саулығын білуге келіп жатыр. Өзара әңгіме аяқталар сәтте әжем: «Келгендеріңе ризамын, енді көбейсеңдер де болады», – деді.

Келесі күні таңертең ақ Шәку екеуіміз апамды ауылдан отыз шақырым жердегі аудандық емханаға алып бардық. Дина Махатовна Жаманшолова деген тәжірибелі, білікті хирургтің қабылдауына кірді. Бұл дәрігер анамның ауруына тікішек обыры (рак) деп диагноз қойып берді. Бүгінгі таңда бұл дерт емдеуге келмейтін дерт: абыржып қалдық. Енді қайт-тік... Апама шындықты айтпадық. Ауылға апаратын машинаға отыра бергенде анам бізден сұрады: «Дәрігер не дейді, менің ауруым нендей ауру екен...»

Ақ Шәку бірден: «Апа, тікішекке суық тиген, ауруын асқындырып алған, Алматыға апарыңдар, мұндайларды онда жақсы емдейді. Жазылып кетеді дәрігер айтты», – деп анамның көңіліндегі күдікті кетіргендей болды.

Сендерді әуреге түсіретін болдым ғой. Енді қайттым... – деді біртүрлі қысылып, кабина әйнегіне бетін бұрып үндемей қалды.

«Апа-ау, қайдағы әурені айтып отырсыз. Үйде бір-екі күндей демаласыз. Ертең Күлтәй апайды (анамның сіңлісі) Төребек машинасымен алып келеді», деп Есім (қайын інісі) хабар берді. Сонсоң Алматыға барамыз, сонда қараламыз, емделеміз, аурудан жазылып кетеміз», деп-ақ Шәку апамды иығынан өзіне тартыңқырап құшақтап алды.

Екі күн өтіп үшінші күні түс әлетіне орай Алматы әуежайына келіп түстік аман-есен.

Келесі күні таңертең апамды Қазақ онкология ғылыми-зерттеу институтына қарайтын емханаға (поликлиникаға) алып бардық. Мұндағы дәрігер апамның құжаттарын байқап, өзін қарап абдоминалды бөліміндегі (абдоминальное отделение) палатаға орналастырды. Талдамаларын (анализдерін) өздері тағы алатындарын, байқайтындарын, тиесілі деңгейде емдейтіндерін айтып, апаларыңыздың жақсы болатынына сенейік, – деп жылы сөйлеп бізді шығарып салды.

Ақ Шәкуім күнде-күнде барып апамның хал-жағдайын біліп, ыстық

қалпында әзірленген тамақ апарып, қасы мен қабағына қарап, көңіліне демеу болып жүрді. Менде береке жоқ, мазам кетіп бүрісіп жүрмін.

Күн соңынан күн өтіп 26 тәулік өтіп кете барды. Бұл жолы ақ Шәку екеуіміз апамды қарап емдеп жүрген дәрігердің қабылдауына кірдік, хал-жағдайды білейік деп.

Дәрігер: «Апаларыңызда тікішек обыр ауруы жоқ болып шықты. Үйге апара берулеріңізге болады», – деп, выпискасын (ауруханадан шығару қағазын) жылы шырай танытып қолыма ұстата берді. Кенет қуанғаннан болар тілім байланып қалды.

«Ағатай! Рақмет, Сізге арналған алғысымыз шексіз», – көзі дымқылданып ақ Шәкуім ризашылығын білдіріп жатыр. Палатаға келсек апам жүзіне қан жүгіріп, өзіне-өзі риза болып отыр екен. Қуанып үйге келдік. Гүлмира әжесін құшақтап сүйіп жатыр, Батырбек ол кезде 3 жаста еді, анамның жанына қайта-қайта келіп, айналшықтап жүр.

Шай ішіліп, көңіліміз көтеріліп, әңгімеміз жараса бергенде ақ Шәку, апама еркелей қарап: «Апа-ау, осы жуырда бізге жұмыс орнымыздан пәтер бергелі жатыр, біраз елде тұрдыңыз, енді біздің үйде тұрсаңыз қайтеді», – демесі бар ма.

Апам ақ Шәкуге үндемей біраз ризашылықпен қарап отырды да: «Шәку, айналайын, сендерге ризамын. Сендерді бір Алла жарылқасын. Мен сендер неше бөлмелі пәтер алсаңдар да мен сыя алмаспын. Дала қазағымын ғой. Үй ауласындағы қорада мал бар, жан бар дегендейін, шаруашылыққа мен керекпін. Әрі-беріден соң туған-туыс, ел-жұртпен араласпай тағы жүре алмаймын. Қала менің қолым емес.

Шамалыдан кейін пәтер иесі Ламара есікті тықылдатып хабар берді: «Вас просят подойти к телефону. Телефон алып сөйлесуге Шәку кетті. Барып сөйлескенінен келгені тез болды».

«Тұрсынзада ғой, апамның жағдайын сұрап жатыр. Ауруханадан сауығып шыққанын, үйде демалып жатқанын айттым. Олар да қуанып жатыр. Ертең самолетпен келем, мамамды алып кетемін», – деді. Мен «Ертең емес, бір он күннен соң келерсің. Апамды Медеуге, театрларға апарамын, қала аралатамын, мұндағы туыстарға да кіріп-шығуы керек қой».

–Жеңеше, көкем екеуіңізге (мені ағасын бауырларым көке дейді) рақмет! Мамамды сағындық, Алла жазса, билет болса, ертең келем, – деп трубканы қоя салды.

Айтса айтқандайын, Тұрсынзада межелі уақытта келді, бәріміз жиналып апамды әуежайдан Қостанайға шығарып салдық.

Ақ Шәкуім ертең жұмысына шығады. Соған іштей дайындалып жүр, көңілі көтеріңкі. Балалардың ертең киетін киімдерін қарап әзірлеп қойды.

Әдетте ақ Шәку Тастақтан Маманчи-Бөгенбай батыр көшелерінің қиылысындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университет кітапханасындағы жұмысына автобусқа мінбей жаяулап барады.

ШЫРАЙЫ

– Неге автобуспен бармайсың, – деймін ғой. Сонда ақ Шәукей былайша жауап қайырады: «Мен Кенесары, Наурызбай аяқ басқан Ырғыз өзені бойында өскен, жаяу жүріске жарап тұрған дала қызымын. Бұл бір. Сонсоң жұмысты кітап өңдеу бөлімінде (обработка) орындақта отырып орындайсың. Ал дене ертелі-кеш шегеленіп қойғандай отыра берсең, табиғатың әлжуазданып, бірте-бірте ауруға да шалдығасың, сондықтан жаяу жүру неше аурудың профилактикасы десең де болады. Бұл екі. Сонсоң автобусқа беретін тиын-тебен қалтамда қалады, экономика ие... Бұл үш деп біл», – дейді де өзіне-өзі риза болып күледі.

Ақ Шәукей мінез де көрсететін тұстары бар. Бір жолы министрліктен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде жүргізіліп жатқан оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу жұмысын тексеруге комиссия келеді. Үш күн өтіп төртінші күні осы комиссиядан бес адам кітапхананың өңдеу (обработка) бөліміне тексеруге келеді. Бір кезде Шакизада Маликовна шақырылады. Сұратылған папкасындағы қағаз құжаттарды мәртебелі кісілердің алдына жайып салады. Қағаздарын қарап болған соң библиография бойынша орысша сұрақ қойылады. Ол заманда, 1980 жылдардың бас жағында комиссия дегеніңіз тек орысша сөйлейтін. Ал Шакизада орысшаға шорқақ, қойылған сұраққа дұрыс жауап бере алмай отыр кібіртіктеп. Бір кезде қарауындағы әріптесінің жауап бере алмай отырғанына жүйкесі жұқарып осы арада отырған кітапхана директоры оң қолын сілтеп жіберіп: «Ой, она не знает такую элементарную вещь», – деп қалмасы бар ма. Шакизада директорына тура қарап: «Не знает деменің, мен жауабын білемін. Тек орысша айта алмай отырмын», – деді. «Шакизада Маликовна, ко мне подойдите, маған келіңіз», – деп комиссияның тағы бір мүшесі шақырды. Шакизада тексерушімен басқа әріптестеріне қарағанда біраз сөйлесті. Қазақша қойған сұрақтарға берген жауабына риза болған тексеруші: «Молодчина, вы свободны», – деді дауысын шығарып.

Өзі кітапхана маманы болғандықтан ба әлде табиғатынан сезімтал, әсершіл болуынан ба әйтеуір нәзіктігі, сыршылдығы басқаларға қарағанда жылы жүзінен, мөлдіреген көздерінен, әуезді үнінен білініп тұрады.

Бірде 1983 жылғы қақап тұрған, түкірігің жерге түскенше түйіршік мұз болып түсетін қыс. Қар жауып тұр. Ақ Шәукәді жұмысынан күтіп отырған бәріміз үйдеміз. Міне, есік ашылды, үсті-басы қар, беті қып-қызыл Шәукей табалдырық аттады. Гүлмира жүгіріп барып пальтосының қарын қағып, ілмешекке ілгелі жатыр, Батырбек мамасын құшақтап алған, жіберетін түрі жоқ. Мен тұрмын үшеуіне қарап. Кешкі шай дастарқан басындағы әңгіме айту, жаңалық бөлісу тамамдалар сәтте ақ Шәукей: «Мен ұмытып бара жатыр екенмін, мына орысша жазылған өлеңді жұмыста подругам беріп еді. Осыны дауыстап оқып берші, сен орыс тілінің маманысың ғой». Оқы деген соң оқи бастадым.

Вероника Тушнова:

*Пускай лучше,
Ты не впустишь меня.
Чем я не открою двери,
Пускай лучше ты обманешь меня.
Чем я тебе не поверю,
Пускай лучше в тебе ошибусь.
Чем ты ошибешься во мне,
Пускай лучше я окажусь на дне.
Чем ты по моей вине,
Пока я жива,
Пока ты живой,
Последнего счастья во имя
Быть солнцем
Хочу над твоей головой
Землей под ногами твоими.*

Өлеңнің соңғы шумағын оқып, ақ Шәукейге қарасам, көздерінен жас тамшылап тұр, бірақ өзі күледі... «Қандай терең жансың сен» деп ойға қалып, оған қарап қалыппын.

Адамгершіліктің түп қазығы мейірім екенін бәріміз білеміз ғой. Алайда осы мейірім деген қанымызға сіңіп, сүйегімізге дарыған қасиеттен ажырап кетіп бара жатқан жоқпыз ба деп те ойлаймын. Иә, заман өзгерді... Заман қалай өзгергенімен де, дәуір талаптарына сай бола мемлекет, қоғам мүдделеріне адал қызмет ете жүріп, қазақ өзінің қазақ екендігін ұмытпаса игі десем де, сөз ақ Шәукей туралы...

Ырғыздан Серікқали (ақ Шәукеймінің бауыры) ауырып жатыр деген хабар жетті. Осы күні бөлім басшысының рұқсатымен Гүлмираны ерітіп алып пойызбен Ақтөбеге шығатын болды. «Сен Батырбекті қара, көзден таса қылма, кешкі бөлімде сабағың бар: баланы өзіңмен бірге институтқа алып барасың ба? Қайтесің...» – деп жатыр сыңарым.

«Біз туралы ойлап мазасызданба, ақ Шәукей. Бәрі көңілдегідей болады, елдегілерге сәлем айт, жолдарың болсын. Өздерің аман-есен оралған соң, мен де балдызыма барып, жағдайын біліп келейін», – деп жатырмын аяулыма.

Төрт күн өткен соң жолаушыларым келді, жақсы хабар әкелді. Серікқали бері қарап, ауруынан айыға бастаған көрінеді. Енді мен жолға шығуға дайындала бастадым. Жолжөнекей бейнет көрмей Ақтөбеге жеттім. Мұнда Гүлсім деген де балдызым бар, оны ертіп алып Серікқалидің үйіне бардық. Серікқали мандайы ашылып, қуанып, құшақ жайып қарсы алды. Сол арада баршамыз бір-бірімізге қаншалықты жақын, қаншалықты қымбат екенімізді айтып та, айтпай да білдіріп жатырмыз.

Атыраудан біздің алдымызда Сүйнешов Зұлбыхар деген жездесі де Серікқалиға амандығын білуге келіпті. Төнің қиналып, жаналқымға таянғанда қасыңнан туған-туыс, жанашырларың табылып жатса, әлбетте, ауруыңнан жазыласың. «Жақсы сөз – жарым ырыс, жақсы іс-бүтін ырыс» деп жұрт тегін айтпаған-ды. Қайқайсымыз да Серікқалидің жігерін жанып, қайратын қайрап, денсаулығының жуырда оңалып кететініне деген сенімін бекемдеудеміз. Сонымен, құшақтасып амандықпен кездестік, енді міне біріміз-бірімізді құшаққа алып, ізгі ниет білдіріп, әрқайсысы-

мыз әр жаққа тарап жатырмыз. Шынында да өмір дегеніңіз кездесу мен қоштасудан тұрады екен.

1993 жылғы қоңыр күз күндерінің бірінде кешке қарай университеттегі жұмысынан шығып, көптен бері елден хабар болмаған соң мүмкін хат келген болар деген үмітін үкілеп, ақ Шәукей Бөгенбай көшесі мен Абылай хан даңғылы қиылысқан жерде тұратын Баспочтамтқа (Главпочтамт) келеді. Өкінішке орай, хат болмады. Алматыға келген күннен бері ресми заңдастырылған тұрақты мекен-жайымыз болмаған соң, пропискамыз да жоқ, елден хат-хабарды осы мекемеден алып жүреміз. Пропискамыз қалаға жақын тұратын Райымбек деген селода болатын. Осы пропискамен жұмыс істеп жүрміз.

Хат алмаған соң амал не, салы түсіп Абылай хан көшесімен келе жатады, ондағы ойы Төле би көшесі мен Желтоқсан көшесі қиылысындағы аялдамаға келетін №43 автобуспен А.Байтұрсыннов көшесінің аялдамасында тоқтайтын №1 трамвайды қуып жетіп, Қалқамандағы үйге жету.

Іңір қоюланып келеді. Енді жедел жүріске көшті. Жазушылар үйі ғимаратының алдында көше бойында кітап сататын дүңгіршек жанында бірекі адам кезекте тұрды. Маңынан өте бергенде екі адамның біріншісі таныс көрінді. Бәлкім, қателескен шығармын қараңғыда деген оймен үшінші болып кезекке тұрды. Кезекке тұрғаны сол әлгі бейтаныс танысы кітапты алды да жүре берді. Бір кезде дүңгіршек сатушысы дауыстап шақырмасы бар ма кетіп бара жатқан кісіні: «Подождите, куда вы, сдачу возьмите, а-а-а», – деп оралып келе жатты. Ақ Шәукей енді жазбай таныды бейтанысын: «Мәсғұт аға, сәлеметсіз бе, қалайсыз, жақсымысыз?» «Шакизада, өзің, балалар аман-есен бе? Сейітзаданың хал-жағдайы жақсы ма? Сендерді елде Әлтидікінде қонақта бірге болғаннан бері көрмегелі бір жылдай уақыт болып қалды. Дмитрий Яковлевич Брусник екеуіміз мынау Қабанбай батыр көшесі мен Панфилов көшесі қиылысындағы «Алматы» мейманханасында жатырмыз. Жұмыс сол қалыпта Жоғары Кеңесте (Мәсғұт Әлімжанұлы Шалабаев, Дмитрий Яковлевич Брусник екеуі де ол кезде Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңес депутаттары).

«Аға, өзіңіздің хал-ахуалыңыз көңілдегідей ме? Елмен хабарласып тұрасыз ба? Балалар, туған-туыс аман-есен бе?»

«Рақмет, қалқам, ел аман, жұртының, балалар орынша жүріп жатыр. Шакизада Сейітзада бір кездескенде айтып еді: «Әкем Бибатыр сол заманда халық жауы атанып сотталған», – деп. 1938 жылы НКВД Үштігінің анықтамасы бойынша Әсембеков Бибатыр «халық жауы» деп танылып сотталған, оның айып тағылған әрекеті құрамында қылмыс болмаған соң Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты шешімімен ақталады, құқығы қалпына келтіріледі деген құжат (реабилитационный листок) қолымызда. Д.Я.Брусник: Бұл құжатты Бибатырдың баласы Сейітзаданың өзіне табыс етейік», – деп жүрген. – Иә, айтқандайын өздерің пәтер алдыңдар ма.

– Жоқ, әлі ала алмай жүрміз. «Қалқаман» ықшамауданындағы медицина университеті жатақханасының екі бөлмелі №309 секциясында тұрып жатырмыз.

– Ертең сенбі, өздеріңе ыңғайлы

болса, Д.Я.Брусник екеуіміз осы құжатты сендерге алып келсек, қалай көресің.

– Аға-ау, келіңіздер! Сіздердің келгендеріңіз – жүрек жадында сақталатын біздің отбасымызда оқиға болайын деп тұр. Түскі сағат 13:00 шамасына қарай сіздерді күтеміз.

– Әрқашан да сау болайық, – деп ағам жайына жүре берді.

Үйге келген соң, ақ Шәукей көргенбілгенін түгел айтып берді. Сонымен, үйімізге бір емес Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің екі депутаты Дмитрий Яковлевич Брусник, бұрын 1970-1980 жылдары Қостанай облысы, Урицкий аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған, әкем Әсембеков Бибатырдың халық жауы болып «қалай» 1938 жылы сотталғанын, қанша Сықтықар (Коми), Котлас, Воркута саяси қылмыскерлерге арналған лагерлерінде болғанын, 1940 ж. босатылғанын, Ұлы Отан соғысы жылдары Обаған аудандық (орталығы пос. Большая Чураковка) мемлекеттік еңбек жинақ кассасы (Государственная трудовая сберегательная касса) мекемесінің басшысы болып тағайындалғанын; бертін келе Урицкий ауданы Лермонтов астық совхозында бас бухгалтер болғанын, өмір бойы органдардың қатаң бақылауында болғанын, бәрін білетін. Ал Мәсғұт Әлімжанұлы Шалабаев Қостанай облысы Урицкий ауданы Докучаев астық совхозындағы орта мектеп-интернат директоры, екеуіміз де мұғалімдерміз, әріптесіміз.

Ақ Шәукей айтқандайын, екі депутат үйімізге келді. Төрге шығардық, қуанып қарсы алдық. Д.Я.Брусник әкем Бибатырдың кінәсі жоқ, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот шешімімен ақталды, құқығы қалпына келтірілді деп жазылған құжатты маған берді. 1930 нәубет жылдарында орын алған әділетсіздіктер, асыра сілтеушіліктер жайында біраз ой қозғалды. Тәуелсіздігіміздің жарқын келешегі туралы салиқалы пікірлер айтылды. Бұл басқосу әрқайсысымызға рухани қуат берді. Отбасы ғұмырнамасында орын алған осы оқиғаға 27 жыл болып қалды.

Аққу Шәукеймінің «Кеңсай-2» бетке алып ұшып кеткеніне 20 жыл болды. Гүлмира қызым Ахмед Ханум деген Сирия азаматымен қосылып, отбасын құрды, балалы-шағалы. Қазір сол елде Алеппо қаласында тұрып жатыр. Батырбегіміз ержетті, білімді, білікті, өз ортасының құрметіне бөленген маман болып қалыптасты. Зайыбы Жанар Жанатбекқызы – тәжірибелі дәрігер. Балаларының үлкені Іңкәр – 5-сынып оқушысы, оқу озаты, ортаншысы – Асылбек, 3-сынып оқушысы, оқу озаты, ал Санжар деген кенжесі, Құдай қаласа, 5 жыл өткен соң мектеп табалдырығын аттайды. Бұл отбасы ел қатарлы ата-баба дәстүрі ауанында жарасымды ғұмыр кешіп келеді.

Өзім зейнеткермін. Ел-жұртым, ақ Шәукей армандағандай, амандық, берекелі тыныштық арқасында дамып, жетіліп, өсіп-өркендеп келе жатыр.

Ақ Шәукеймі жадымыда бар, қасымыда жоқ. Тек суретіне үңіліп қараймын да отырамын. Нұрлы шағым, бақытты дәуренім аяулы Шәукеймен кете барды. Жатқан жерің жаннатта, топырағың торқа, иманың серік болсын, аққу Шәукеймі.

Сейітзада ӘСЕМБЕК,
мәдениеттанушы



И, встречая в воздухе врага,
Начинали соколы расправу,
деп айтылады. Бейбітшіліктің символы, құс төресі аққу-
ды жау деп атаған, кезінде аққу-қаз елі қазақтардың басқын-
шылығын көрген ежелгі орыстар ғана болар.

«Қазақ ру-тайпаларының тарихын» жазған «Алаш» тари-
хихи-зерттеу орталығының тарихшылары: «Шежірелік
тұрғыдан қарағанда да қазақ ру-тайпалары тағдырында
анықталмаған мәселелер баршылық» деп өте дұрыс пікір
айтқан. Олардың осылай деп айтуларының себебі, шежіре
деректерінің әртүрлі баламалар түрінде кездесетіндерінде
жатыр. Наймандардың шығу тегіне қатысты көптеген негіз-
сіз, ғылымнан аулақ жорамал-жоралғылар айтылған. Және
де найман атауына да қатысты неше түрлі лақап айтылады.
«Сегіз-оғыздардың» наймандар емес екендерін айтатындар
да бар. Сондықтан да, «Алаш» тарихи-зерттеу орталылығы-
ның тарихшылары осы неше түрлі жорамал-жоралғыларды
айта келе, найманның түбінің қаңлы-қыпшақ екендерін тү-
жырымдайды. Қаңлылардың енді бір атауының кайлар екен-
дері олардың арийлердің патшалық Кай әулетіне қатысын
айтып тұр. Қыпшақ дегеніміз Кави+шақ, яғни абыз-ақындық
сақтар, не болмаса кіші абыз-ақындар деген мағынаны беріп
тұр. Бұл Кавишақ дегеніміз қазақта қыбашақ, қыпшақ

НАЙМАН ХАНДАРЫ ШЫҢЦЕҒЫС

Найман хандығы жөнінде арнайы еңбек жазған адам,
философия ғылымдарының докторы, тарих ғылымдары-
ның кандидаты, белгілі қоғам қайраткері болған Сәбетқазы
Ақатай марқұм еді. Одан кейін Шыңғысхан туралы жазған
ғалым Қайрат Закирянов та, өзінің еңбегінде найман хандары
жөнінде дұрыс пікірлерін айтып кетті. Ең бастысы, әрине,
Шыңғысханның найман хандарын бірін қалтырмай жойып
жібергені жөнінде айтқаны еді. Яғни найман хандары тірі
тұрғанда Шыңғысханның өзін толыққанды хан санап алма-
ғанын айтқан Қайрат мырза, нағыз тарихи шындықтың бетін
ашты десе болады.

Тарихи ауызша тараған халық болғандығымыздан, біз-
дер үшін шежіре деректері, біздің ататегімізді айтып тұрған
түпнұсқа болып келеді. Тарихымызды шежіресіз айтқаны-
мыз, жай ғана болымсыз қиял болып қалар. Өйткені түпнұс-
қасыз қиялдың ешбір қисыны болмайды. Мәселен, Олжас
Сүлейменов орыстың «кощей» дегенін «көшші» деп қиялына
ерік береді. Ал енді, осы «көшшінің» негізі, түпнұсқасы қай-
да? Көшпенділерді қашан, кім «көшші» деп атаған еді? Жауап
жоқ, яғни түпнұсқа да жоқ. Ал енді қазақ шежірелеріндегі
Қосайдың, «Манас» жырындағы Қосайдың, араб еліндегі
пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с.-ның бабасы Қосайдың,
арабтардағы Қосай тайпасының атаулары осы «кощей»
дегеннің түпнұсқасы болады. Бұл Қосайлар болғанда, біз
орысқа не қылмадық? Сондықтан да, олар Қосайды кощей
деп атап кеткен. Қосай дегеніміздің екі ай дегенді білдіретіні
белгілі. Аспанда биылғы жылдай екі ай туғанда қыпшақтар
орыстарға қырғиша тигеннен кейін, олар осы күнге дейін қыз-
зарған айдан қорқады. Өйткені қыпшақтар «қосайлап» ұран
салғандағы шыққан айлардың бірі қызыл болады. Орыстар
«Слово о полку Игореве» деген эпостарында Күннің тұтыл-
ғанын жаман ырымға санаған дейді. Анығында, бұл жердегі
мәселе Күннің тұтылғандығында емес, кешке жақын тұтыл-
ғанындағы Күннің Айға ұқсап кеткенінде еді. Бұл эпостың
қара сөзбен жазылған «Летописная повесть о походе Игоря
Святославовича на половцев в 1185 году» атты нұсқасында:
«Когда подошли они к реке Донцу в вечерний час, Игорь, взг-
ланув на небо, увидел, что солнце стоит как месяц» деп айты-
лады. Осымен қатар, Кощейдің аты славян мифологиясында
Айға қатысты аталады. «Лунный Кощей бессмертный» дейді,
«Племя Кощеево спустилось на Землю с Луны» дейді. «Сла-
вяно-Арийские Веды» дерегінде: «...Дажьдбог порушил оп-
лоты Кощеев, что на ближайшей Луне находились...» деп ай-
тылады. Яғни, бұл жердегі «оплоты Кощеев», племя Кощеев»
дегендері, әрине, «қосайлап» ұран салған қалың қол қаңлы-
қыпшақтарды айтып тұр.

Ал енді біздің бабаларымыз қаңлы-қыпшақтар, пеше-
негтер, половецтер Ай мен Күнге табынған халық еді. Біздер
үшін бұл екі аспан жарығының тұтылғандары жаман ырым-
ға саналмайды. «Слово о полку Игореве» жырында половец
дегендердің арбалары жөнінде: «Крычатъ тългы полуношы,
рци, лебеди распужены» деп айтылады. Яғни «половецтердің
арбалары үркіген аққулардай қаңқылдайды» дейді. Ал енді
біздер арғы қазақ мифологиясынан, арбаларының қаңқыл-
дағандарынан (қаңғ, қаңғ) көшпенділердің Қаңлы атанғандары-
н білеміз. Бұл жердегі аққуымыз да, қаңқылдаған арбамыз

да қазақты білдіріп тұр. Демек, «Құпия шежіредегі» «хасаг
арбалы» қоңыраттардың да сол заманның өзінде қазақ ата-
нып жүргендері болғаны. Аққу дегеніміз мифологияда патша
әулетін білдіреді. Халха-моңғолдар қоңыраттарды Хун+арат,
яғни аққу елі деп те атаған екен. «Слово о полку Игореве»
эпосында «пред полками касожскими» дегендері касогтар-
ды, хасогтарды, яғни кай+сақ-қазақтарды айтқандары. Түрік
қағанаттарынан кейін қаңлы, қаңлы елі (қанғ+арат-қоңырат)
дегендеріміз жужандардың тілінде «теле» атауын алып кет-
кен. Теле дегеніміз де арба, орыстардың «телега» деген сөзі
осыдан қалған. Міне, найман хандығын құраған тайпалар
осы Теле атты тайпалар бірлестігінен шыққандар болады.
Қаңлы-найман, Төре-найман дегендеріміз осылар. Сондық-
тан алдымен қаңлы атауы жөнінде сөз қозғалық.

Махмұд Қашғари қаңлы аталған адамдардың қыпшақ-
тардың арасындағы тектілер екендерін айтқан екен. Шәкә-
рім қажы: «Стамбұлдағы Осман түріктер қаңлы нәсілінен»
дейді. Яғни Осман империясының негізін қаңлының ішін-
дегі Кайыханның ұрпақтарының құрғандарын айтады. Бұл
жердегі Кайыхан дегеніміз арийлердің патшалық Кай әулетін
білдіріп тұр. Кеңес дәуіріндегі зерттеуші ғалым, академик
Бартольд: «...Мусульманские писатели 12-13 вв. употребляют
слово канглы и кыпчак почти как синонимы» дейді. Өз еңбегі-
нің екінші жерінде Махмұд Қашғари: «Қаңлы – ауыр жүк ар-
тылған екі доңғалақты арба» деп түсіндіреді. Рашиден болса,
қаңлылардың Оғыздың ұрпағы емес екенін айтады. Белгілі
тюрколог Кононовтың «Түркімен шежіресі» атты еңбегінен
біздер қаңлы мен қарлықтардың (арғын), қалаштардың түбі-
нің түріктер емес екендерін түсінеміз. Және де Рашиденнен,
«Оғыз-намәден біздер қаңлы дегендердің соғыс арбасының
иелері екендерін түсінеміз. Яғни бұл деректерде олардың
арбалары соғысқа қатысты аталады. Демек, түбі түркі бол-
маған қаңлы-қыпшақтардың, қоңыраттардың түбінің, Орта
Азиядағы ең алғаш қосаяқты соғыс арбасына ие болған
арийлер екендерін түсінеміз. Бұлар ұлы көш кезінде Индия,
Месопотамияға аумақ, Орта Азияда сақтардың құрамында
қалып қалған арийлер болады. Қаңлы деген атаудың арбаға
қатысын, кейін олардың Теле атанғанынан да түсінеміз. Қа-
зақтың қаңғыру, қаңғыр, қаңғыбас сөздерінің де, осы арбаға
қатысы бар. Яғни арбаға отырып алып жер аралау деген ма-
ғынада. «Қаңғ» дегеніміз ескіде арба дегенді білдірсе керек.
Ал енді орыстардың эпосындағы арбалардың қаңғырығын
аққулардың қаңқылына теңегендерінен біздер, олардың
аққу елі қазақтарды (қаңлы-қыпшақтарды) жау санағандары-
н ұғамыз. «Слово о полку Игореве» эпосын Николай Забо-
лоцкийдің аударғанында:

И на стадо лебедей чуть свет,
Выпускал он соколов десяток.

болып айтылып кеткен. Кави дегеніміз бастапқыда арийлер-
де абыз-ақын дегенді білдірсе, кейінгі Авестада патшалар
әулеті дегенді білдіріп тұр. Кави дегеніміз де Кави болады.
Жоғарғы Бартольдтің қыпшақ пен қаңлының синонимдер
екендерін айтқаны осыдан болған. Демек, ертедегі мұсыл-
ман зерттеушілері қаңлы мен қыпшақтың бір массивтің екі
атаулары екендерін білген. Ал енді осы Кай әулеті шежіреде
Қият деп аталады. Яғни бастапқыда Кай+ут, Кей+ут болған
атауымыз шежіре деректерінде Қиятқа айналып кеткен. Най-
ман хандарының тегі осы қият-жырхындардан болады. Керей
Нығмет Мыңжанидің айтқанында бұл қият-жырхындар
ежелде керейлердің құрамында жүрген. Найман хандары бұ-
рындар каанбаалы, кейін жағалбайлы атанған қаракерейдің
құрамындағы рудан шыққан. Бұл қият-жырхындар Қарауын
деген жерде көшіп қонып-жүріп қаракерей атанған еді. Біз-
дерде бұларды «хан тайпасы қаракерей» деп атайды. Енді
осы тайпадан шыққан жағалбайлы жөнінде айталық.

Найман шежіресінде Найман шалдың лақап атының
Өкіреш болғаны айтылады. Яғни Найман шал жар төсегіне
жатып өкірген соң осылай атанған дейді. Анығында, Өкіреш
дегеніміз «бұқашық», не болмаса, Камал Абдрахман ағамыз
айтқандай «кіші бұқа» дегенді білдіреді. Алай да біз бұл ұғым-
дардан Өкірешті расында да тайынша болды деп түсінбеуіміз
керек. Бұл жердегі «бұқашық», «кіші бұқа» дегеніміз ұрпақ, тақ
мұрагері деген мағынада айтылып тұр. Мәселен, найманның
ұлы ханы болған Білгі бұқаның иналшық деген атағы болған.
Шежіреден хабары жоқтар, әсіресе, тілі мен жағына сүйен-
ген жазушылар осы иналшық деген атауды инаныш, иланшы
деп айтып алады. Анығы, әрине, иналшық – тақ мұрагері де-
ген мағынада. Бұл жерде Кай әулетінің тақ мұрагері деп тү-
сінеміз. «Шық» жалғауы Кай әулетінің ұрпағы деген мағына
беріп тұр. Осының дәлелі Отырарды билеген Қайыханның
иналшық деген атауында жатыр. Қайыхан қыпшақ болған
соң, оның Кай әулетіне қатысы ешбір күмән туғызбайды.
Шын аты Жағантуды болған бұл Отырардың билеушісінің
Иналшық Қайыхан деген атағы, оның Кай хандар әулетінің
тақ мұрагері, яғни ұрпағы екенін айтып тұр. Осы инал атағы-
на қатысты наймандарды қырғыздан тараған деп айтатын
суайттар бар. Қырғыздағы инал атағы осы қыпшақтардан
келген. Және де қырғыздардың құрамында наймандардың,
қыпшақтар мен шапыраштылардың, бұрынғы жалайырлар-
дың бар екендері тарихта айылған. Олардың мықтылығы
осыдан. Мәселен, шежіре деректері Шапыраштының Абақ,-
Саяқ деген екі ұлының болғанын айтады. Абақ керейлерге
сіңген десе, Саяқ Енисей қырғыздарына сіңген деп айтыла-
ды. Шапыраштының түбі де қаңлы-қыпшақ болады.

Сонымен, Өкіреш дегеніміздің бұқа әулеті екенін түсіндік
деймін. Наймандағы Арық бұқа, Семіз бұқа, Білге бұқа, Бай

бұқа, Тай бұқа, Кет бұқа деген тарихи тұлғалардың болғаны, Г.Н. Потанинның: «Часть найманов до сих пор считают себя потомками быка» дегенін растап тұр. Бұл жердегі әңгіме, әрине, арийлердің патшаларының бұқа төтеміне қатысын білдіріп тұр. Жағалбайлының шежірелік атасы басты Өкіреш – Қара бұқа болады. Таңбалары қаракерейдікі. Бұрынғы таңбасын орыс зерттеушілері «в виде летящей птицы» деген екен. Анығында, бұл таңба біздер «жеңіс» деп атап жүрген бұқаның мүйіздерін білдіріп тұрған таңба болады. Қара бұқа дегеніміз сонау Египеттен келе жатқан, маңдайында үшбұрышты ақ таңлағы бар қасиетті қара түсті бұқа болады. Парсылардың патшалары қастерлеген қанатты қара бұқа да, қасиетті саналады. (священный бык). Бұл египеттік, сонымен қатар парсылық (арийлік), гректік, румдық Қара бұқаның арийлерге, олардың ұрпақтары жағалбайлыға қатыстарының дәлелін біздер Алматы облысындағы Тамғалы тастардағы суреттерден табамыз. Бұл Қара бұқаны египеттіктер Апис деп атаса еуропада Хапи деп атаған. Осы Хапиіміз Кави, біздіңше Қаби болады. Міне осы Апис-Хапи жөнінде Плутарх: «Апис был произведен на свет лучом месяца» дейді. Ал енді біздер қазақ жеріндегі жоғарғы таңбалы тастардан жалғыз сәулелі Ай Тәңірінің сиыр малымен жыныстық қатынасқа түсіп жатқанын көреміз. Яғни Плутархтың айтқанының негізі бізде жатыр. Ежелгілердің ұғымында Қара бұқа даналық пен

дыртқан Шыңғыс хан, әрине, өзінің жалғанаттылығының ізін суытпақшы болған. Өйткені кеянидтер оның тексіз екенін, яғни ұлы мәртебелі Өкіреш, жалайыр, ноқта ағасы емес екенін жақсы білген. Отырар кітапханасын жоғалтып жіберген де, Шыңғысхан болар. Өйткені, онда міндетті түрде Кай әулеті жөнінде ауқымды деректердің болғаны хақ. Найман хандарының канцеляриясын басқарған Тататоңғы ұсталғаннан кейін Шыңғысхан, бұл хандардың да шежірелік деректерін жоғалтып жіберген. Тексіз Шыңғысханнан «Құпия шежіре» қалғанда, нақты тектілерде шежіре болмаған дейсіздер ме? Кезінде алтын тақта отырып, алтын ғасыр өмір сүрген, мөрлеріне дейін алтыннан соқтырған найман хандарының идеялары шежіре деректерінде үміті өшкен, жалғыз ұлынан айырылып, 90 жасында Белгібайды таптырамын деп жар төсегінде өкірген Найман шалға айналдырып жіберген.

Наймандар Өзбек хандығының да, Қазақ хандығының да құрылуына белсене қатысқан. Қабдеш Жұмәділ ағамыз найманның шежірелік аталарының бірі Төлегетайдың Қазақ хандығын құрысқанын айтып жүр. Бұндай шежіре деректерін ол кісінің қайдан алғаны маған белгісіз. Анығында, Төлегетай Өзбек хандығын құрысқан тарихи тұлға болады. «Тарихи Әбилхаир хани» атты деректе Төлегетай – Тунгачук Тулу ходжа найман деген атпен кездеседі. Бұл жердегі тунгачук дегеніміз – тұңға шік, яғни Батыс өңірін билеген еркін қолбасшы, абыз дегенді білдіріп тұрса, Тулу дегеніміз Төле, ходжа дегеніміз аңызда айтылғандай, Қылышты қожаның қызын алып қожа атанғанын білдіріп тұр. Төлегетай дегеніміз Төле қытай, яғни Күшлік ханның қайын жұрты қарақытайлар алып қалған баланың ұрпағы. Сондықтан, шежіре дерегінде «қытай» деп анықталған. Шежіре деректері найман шежіресіндегі Төлегетайдың, Сарыжомарттың, Ақсопының маңғыт билеріне барып, тұтқынға түскен Әбілқайыр сұлтан-ды шығарып алып хан көтергенін айтады. Бұл шешім, Барақ ханның ұрпақтарымен жауласқан маңғыт билеріне де қолайлы болды. Шибан ұлысына жататын Әбілқайыр ханды маңғыт билері осындай шартпен тұтқыннан босатқан болса керек. Тарихи деректе Саржомартымыз – Сары усман украч (өкіреш) найман, Асопымыз – Ак суфий найман деп көрсетілген. Бұларды Масхуд бин усман Кухистани Әбілқайырды хан көтерген тоғыз таңбалы найманнан шыққан тоғыз арыстың қатарында атайды. Бұл хандықтың Өзбек аталуына қатысты ғалымдар екі нұсқаны айтады. Біріншісі, Өзбек ханның құрметіне десе, екінші нұсқада бұл хандықтың өздерімен өздері болған соң, өз өзіне бек, яғни өзі бек дегеннен болған дейді. Анығында, бұл хандықтың аты – тасқа қашалып жазылып қалған Найман хандығының өз атауы Өзбекке қатысты қойылған, Әбілқайырды «қуыршақ хан» ретінде наймандар көтергенде. Кейін, Әбілқайыр хан ер жетіп билікті өз қолына ала бастағанда, наймандар оған қарсы болып, Жәнібек пен Керей сұлтандарды қолдап, Әбілқайырдың қалмақтармен соғысына қатыспай қойғандарынан кейін, хан қалмақтан жеңіліп абыройдан жұрдай болған. Бұрыннан да жауынгершілігімен ерекшеленетін Наймандар Шибан ұлысында көп тайпаның бірі болмай, бірегейі еді. Осының ақыры, найман Қаптағай бастаған наймандардың алты алаш тайпаларының басында Шу өңіріне ауып кетуімен аяқталады. Сондықтан да, Қаптағай батырдың аты Қазақ хандығының негізін салды деген Жәнібек пен Керей сұлтандармен бірге аталады. Өзбектерде қалған наймандар, Сопы мырзаның бастауымен Араб-Мұхамед ханды өлтіріп, оның орнына өздерінің келесі «қуыршағы» Хысрауғазы сұлтанды қоймақшы болады. Хысрауғазының есімі де оңды еді, өйткені, оның аты кеянидтік Кей Хосроу патшаның құрметіне қойылған болған. Алайда үйсіндердің опасыздықтарынан бұл жоспар іске аспай қалады. Сопы мырза жағалбайлының Мырза руынан еді. Қазіргі өзбек едінде қалған наймандардың құрамында жағалбайлының бар екені белгілі.

Сонымен, біздер, найман хандар әулетінің, яғни кеянидтердің Қазақ хандығының құрылуының алғышарттарын жасағанын түсінеміз. Қаптағай батыр мен арғын-наймандар болмағанда, Жәнібек пен Керей сұлтандардың Әбілқайырдан бөлініп кетулері мүмкін болмаған. Шежіреде: «Сарманайдан Ақжол, Ақсопы, Ақжолдан Арғын, Ақсопыдан Найман. Ақжолдаса Арғын қалмайды, Ақсопыласа Найман қалмайды, екеуі Сарманайлап қосылса, басқаның тамтығы да қалмайды» деп бекер айтылмаған. Сарманай дегеніміз сары+ман, яғни сары қаңлы, Осман империясын құрғандар екендерін айтып тұр. Каилар, яғни сары қаңлы кеянидтер құрған Осман империясын монархтар әулеті ретінде өлем мойындаған да, Шыңғыс ханның әулетін мойындамаған, мойындамайды да. Гришка Отрепьев пен Емельян Пугачевтар жалған патшалар әулетін құрмақшы болғандарында осы Шыңғысханнан үлгі алған. Иә, менің талай жерде айтқанымдай, орыстар біздердің тарихымызды біздерден артық біледі.

**Қайрат ЗАРЫПХАН,
шежіретанушы**



Бауыржан МАЙТАЙ

Мен үрей толған үймін...

Менің үйім
Бар болған соң терезе,
Ұқсамайды үйлер молаға.
Ә. Плунияз

Мен үйімде қорқып жатамын,
Қорқып тұрамын.
Еркін болғаныма мен,
Бұлауда саяхаттамын.
Үйім күлім қалатын секілді,
Қабырғасындағы сызаттар,
Егелдегі жарықтар
Аяқ-қолымды байлағандай көрінеді.
Мені тек үрей билейді.
Жүресімде де, өз даусымнан да,
Ортымнан да...
Қорқамын...
Маудың басында тұр менің үйім,
Үрейленіп тұмыр кешудемін.
Атам да сондай тұмыр кешкен деп естітім,
Оның атасы да дәл солай тұмыр кешімі
Оны таста делмаған суреттер қайта-қайта сыйырлайды.
Менің үйімде қарлығаш ұя салып,
Бұлбұл сайрап,
Байығ шақырып,
Құстар самауда,
Десе де, бәрінің дауысынан үрейлі еркіндікті аңғардым.

Үйдің іші

(Өз сөзі)

Менің кезде тұсылда
Бәрінің ісі бар:
Қалыптаса балдыз ісі,
Үйдің ісі қанатын керіп қатар ұшады.
Мозаикалық түр өсірген төрт қабырғала да
Өрлекші торы,
Ондағы кітаптардың
Ашылған беттеріндегі
Сапада ой болып қонғысы келетін жазуларды,
Адырмасы үзілердей тартылған оқсыз садақ суретін,
Көңілсіздіктің бәрін,
Жіберместей матаған.
Менің қызыл талақ қарлығаштарыма да бар,
Оған да,
Бастығы қан ойпаған жүректен ұясына да,
Өрлекші торы ілініп,
Ондағы аяғын қылмен байлаған балаандарының шырылы,
Құлағына құйылады.
Кітаптарыма тұншығады,
Жазуларыма тұншығады,
Балаандар тұншығады,
Мен үрейлене бастадым.
Мен бәрінен қорықтым,
Өрлекші түгіндегі тозақ тынысымды тарылтты,
Өрлекші торы көктерімді қысты.
Терезем шағылды, есілім ұрланды...
Шағылған терезем – аққан жасыма,
Ұрланған есілім – ескі сүйегім.
Табалдырығым тозды,
Маудайшам майысты,
Мен үрей толған үймін...

және ХАН

мемлекетшілдіктің символы болады. Египеттегі Қара бұқа мүсіндерінде оның маңдайындағы үшбұрышты ақ таңлақтың ұшының төмен қарап тұрғанын көреміз. Бұл жай, Қара бұқаның арийлер қасиет тұтқан Ұлы сиыр ананың баласы дегенді білдіреді. (см. Мифическое значение треугольника). Ал енді өзбек жерінде қалған Өкіреш шалға арналған құлпытаста бұл үшбұрыш таңбаның ұшы жоғары қарап тұр. Бұл жағдайда таңба «патшалық ұлылықты» білдіріп тұр. (королевское величие). Бірінші жағдайда үшбұрыш таңба Айлық дегенді білдіріп тұрса, екінші жағдайда Күндік дегенді білдіреді. Осыдан біздер бабаларымыздың Ай мен Күнге табынғандарын түсінеміз. Мәселен, наймандағы Садырлардың таңбасының, басы толған ай кейпіндегі құйрықсыз сиыр екенін түсінеміз. Құйрықсыз сиырдың патшаны білдіретінін біздер қазақтардың ең алғашқы мемлекеттері Юечжи-Кушан (адай-қыпшақ) патшалығының алтын теңгесінен көреміз. Ондағы патшаның бір қолында ноқта, екінші қолында Кай әулетінің, кейін Шыңғысхан малданып кеткен үш аша таңбасы ұсталып тұрса, артында құйрықсыз Өкіреш тұр. Міне, осыдан біздер шежіредегі Найман шалдың Өкіреш деген лақап атының патшалық ұлылықты білдіріп тұрғанын түсіндік деймін. Яғни ұлы мәртебелі Өкіреш. Осымен қатар, қазіргі таңда біздердің «шөміш» деп атап жүрген таңбамыздың анығында «ноқта» таңба екенін, үш аша, яғни түбіне аттың жалы байланған айыр таңбаның жалайыр таңба екенін және де бұл таңбаның Кай әулетінің таңбасы екенін түсінеміз. Айыр таңба Ай Тәңірін білдіреді. Тамғалы тастардан біздер осыны да көреміз. Ноқта таңба мен жалайыр таңба жөнінде тоқталып жатпаймыз, өйткені, бұл жөнінде менің жарық көрген бірнеше мақаламда нақты айтылған.

Кай әулетінің өкілі Дубун-Баянның есік алдында жетілген жалшыдан туған Боданжардың ұрпағы Шыңғыс хан осы әулеттің рәміздері мен нышандарын малданып кеткенімен қоймай, шежіре деректерінде Кай әулетінің өкілдерін, яғни кеянидтерді, ноқта таңбалы, жалайыр таңбалы тектілерді құл-құтандарға айналдыртып жіберген. Қазақтардың: «Келелі елде қаңлы бар, қаңылдан хан көтер», «Қаңылдан өзге хан болмас» дегендері Кай әулетін айтып тұр. Осымен қатар бабаларымыз: «Қаңлы көнбей, хан сайланбайды» деген екен. Не болмаса: «Қаңлы отырған жерде хан да бата бере алмайды» деп айтылады. Кай әулетінің ұрпақтары найман хандарының батасын ала алмаған Шыңғысхан, кеянидтерге жатпайтын керей Оң ханның батасын алған екен. «Батамен ел көгерер» дегендей, кеянидтердің батасын алмаған Шыңғысханның ұрпақтарының Бұқар жырау айтқандай «құрт-құмырсқа, бақа шаянға» айналып кеткендерінің себебі, оның батасыз хан болғанында жатыр. Найман хандарының бәрін өлтіріп, Иналшық Қайыханның көмейіне қорғасын құй-

ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ ТҰРМЫС ҚҰРУҒА

НЕГЕ АСЫҚПАЙДЫ?

«Өзім әуел бастан ерте тұрмысқа шықпаймын деп шешім қабылдағанмын. Жасырмаймын, карьераны бірінші орынға қойдым. Сол себепті талай ұсыныстан бас тарттым. Енді уақыты келді деп есептеймін. Бір жағы, ойымдағы азамат кездескен жоқ әлі. Екеуміздің ойымыз бір жерден шығатындай үндестік қажет. Жігіттің бір мінезі ұнамай қалса болды, бас тартатын әдетім бар. Жігіттің өтірік айтқаны, уәдесінде тұрмауы ұнамайды. Жігіттер шынымен де ұсақталып кеткен деген пікірге көп жерде келісемін. Нағыз ер азаматқа тән мінезден айырылып қалып жатыр. Отбасының қорғаны болудан, жауапкершіліктен қашады. Сол себепті отбасын өзі ғана асырап отырған келіншектер көбейген шығар. Тұрмысқа шыға жатармыз, одан трагедия жасамаймын», – дейді Айман.

«Білетінім, мені сыртымнан мансап қуған адам деп ойлайды көбі. Жалғыз жүрген қыздардың бәрі бірдей саналы түрде қызмет қуып жүрген жоқ деп ойлаймын. Бір жағынан шаршап кеттім. «Неге тұрмысқа шықпайсың?» деген сұрақ қойғанда үндемегеніммен, кейде үйге келіп бір жылпап аламын. Тұрмысқа шығамын деп жүрген жігітім қайтыс болып кетті. Сондықтан ауыр тиеді бұл сұрақ. Уақыт керек маған... Негізі өз адамыма деген армандарымды сандыққа салып тастаған да сияқтымын. Айналамның түртпектеуінен шаршадым. Бір күні жан-жағымға қарап, сүйеу болатын, күйеу болатын адамға өзімді тапсырамын-ау... Уақыттың еншісінде», – дейді Бақытгүл.

«Өмірлік таңдау болған соң жан-жақты ойланып шешім қабылдауым керек. Оған өзімнен басқа ешкімді араластырғым келмейді. Ешкімге неге ерте, неге кеш тұрмыс құрдың деп кінәламау керек. Себебі оның жауабын білетін адам жалғыз өзі болып, бөліскісі келмеуі мүмкін не жауабын өзі де білмеуі мүмкін. Алланың бұйырған уақытында болады деп ойлаймын. Сәті түссе, тұрмысқа шығу үшін бір күннің өзі жеткілікті сияқты. Карьера деген – қазір айтып жүрген сылтауым ғана. Азаматы қолынан ұстап, алып кетемін десе қатып қалатын қыз жоқ секілді. Ең нәзік, ең осал жаратылысыз ғой. Қасымызда ер-азамат жоқ болғасын мықты болып жүрміз. Кездескен күні-ақ нәзік бола саламыз ғой... Той болғаны дұрыс шығар. Азды-көпті қуаныш, халықтың қазынасы ғой. Қалыңдығына ақ көйлек кигізіп, той жасап бере алмаса білмеймін енді...», – дейді Ботагөз.

«Қазір жігіттер өзіндік «мені» бар қыздардан қорқады. Олар үйдің қожайыны болғысы келеді, сөзін екі етпей орындап, солардың дегенімен жүрсе дейді. Қазан-ошақтан шықпаса екен дейді. Сол себепті, сәл мінезі бар, өмірлік мақсаты бар қыздардан қорқады.

Маған менен мықты, менен гөрі білімді жігіт керек шығар. Осал адамның жанында жүре алмайтын сияқтымын. Бірақ бір адамды таңдасам, барымды салып, соны бір жерден шығаруға тырысарым анық. Ондай адам кездесе өзімді ұмытып кетем бе деп тағы қорқам. Алайда әйел де – адам, тұлға. Ол да қоғамға өз пайдасын тигізгісі келеді. Адамның өмірлік мақсаты алуан түрлі. Біреулер отбасы үшін жаралса, екіншілері ғылым мен білім қуып кетеді. Өмір сүрудің бәріне ортақ формуласы жоқ. Сонысымен де қызық. Отбасы мен

карьерамды қатар алып жүргім келеді. Кішкентай кезімнен тойды ұнатпаймын. Өмірімде 6 рет тойға барған шығармын, шатаспасам. Жалпы, тойшыл емеспін. Той жасау – шоумен тең. Маған ондай шоу жасаған қажетсіз сияқты. Ешкімге айтпай барып тұрмысқа шығып, қолыма құжат алғанда туыстарым мен достарыма айтсам деп кішкентайымнан армандаймын. Білмеймін қалай боларын. Бәрі бір Аллаға мәлім», – дейді Айсұлу.

«Соңғы уақытта той жасау міндетті емес деген ойға келіп жүрмін. Одан да сол тойдың ақшасына саяхат жасасаң күшті ғой. Тойға келген халықтың батысын алған жақсы. Бірақ екі есе шығын, қаншама нерв кетеді. Соны ойласам той жасағым келмейді. Бір күндік қуаныш үшін жарты жыл дайындаласың. Адамдар дайын тойға келіп ішіп-жеп, билеп кетеді де, сол тойда кімнің не айтқаны да есте қалмайды ғой. Келесі күні басқа той болады, сөйтіп сенің тойың көп тойдың бірі болып қала береді. Жігіттердің бәрі ұсақталып кетті демеймін, көпке топырақ шашу деп ойлаймын. Нағыз жігіттер де жетерлік. Тек кездеспей жүр-ау...»

Маған кездесуге ұсыныс білдірген жігіттер жоқ емес, бар. Бірақ көңілім қаламаса уақыт өткізуге өз басым қарсымын. Қанша уақыт өтсе де өз ханзаданы күтуге бармын. Бір күні кездесетініне сенемін. Ал түртпектеулер, кінәлаулар көбейіп жатса, шетелге кетіп қалатын шығармын. Білмеймін...», – дейді Жазира.

«Жалғыз жүрсем тағдыр болар, мүмкін өз таңдауым. Ешкімге есеп беруге міндетті емеспін» деймін сұрақ қойғандарға. Не жақсы жігіт жоқ дей саламын. Мен өз адамымды сезуім керек. Мен үшін жұбайлардың бір пікірде болуы міндет емес. Өзіме ұқсайтын адам іздемеймін, кейін ұқсап кетерміз бәлкім?! Бастысы көзқарастарымызды сыйласақ, бір-бірімізді аса түсінбесек те, түсінуге тырыссақ, дос болсақ деймін. Яғни бір-біріміздің талғамдарымыз түрлі болса да, ол мен үшін мәселе емес. Көре жатармын. Жалпы шығу керек деп өз-өзімді кез келгенге қимаймын. Жерде жатқан қыз емеспін», – дейді Жайна.

«Көп сенбейтін менің себебім бар, біршама жігіттер менімен қатар талай қыздармен жүрген екен (жай сөйлесе ештеңе емес). Жігіттердің үндемей жүріп таңдайтын жаман да... Дәл қазір өзіме ұнайтын жігіт кездеспей жүр. Бұрын түріне, жағдайына қарайтын едім, дәл қазір шынайы махаббатымды тапқым келеді. Өмір жолында қатар жүретін адам болғандықтан, барынша өзіме ұқсайтын, жырым да сырым да бір жігітті нәсіп етер деген үміттемін. Алматы өзі сондай қала ғой, өз-өзіңе самостоятельная қылып үйретті, ақша тауып өз күнімді өзім көріп, сол өмірге бейімделіп кеттім, жұмыс бар, достар бар, қыдыру бар. Жігітім жоқ екендігінен мәселе жасамаймын. Бұйыра жатар! Ал сол адам бүгін кездесе, ертең-ақ тұрмыс құруға дайынмын өз басым», – дейді Гауһар.

«Жігіттерге сенемін, небір мықты жігіттер көп қой. Ұсақтары да, ірілері де. Жеке өз басыма карьера керек болды, үй алдым, көлік міндім. Тұрмыс құру туралы енді ғана ойланым, ақымақ болуды үйреніп жүрмін. Шама жетсе жақ-

сылап той жасағанға не жетсін, жетпесе несие алып тыраштанып керек емес», – дейді Жасмин.

«Бестактный вопрос считаю. У других есть внутренняя грусть. Я не думаю что девушкам важна карьера, все хотят в душе выйти замуж. У всех бывают разные ситуации. На самом деле я не хочу поднимать эту тему. Если мне задают вопрос об этом, я просто не отвечаю. Надо рассматривать и плюсы данной ситуации. Никто не парит мозги, свое время трагично только на себя», – дейді Самал (орыстілді).

«Жүрегімнің ішіндегі жүрегімді» кездестіргенде деп айтамын көбіне. Көңіл күйің болмай тұрған кезде «шатағыңыз не?» деп айкайлағың келіп кетеді кейде. Яғни әзірге өзімнің адамымды жолықтырамадым. Мен ғашық болатын адамды көргенде бірден сезуім керек, сол сигналды күтіп жүрмін. Жолыққан жігіттерден өзімнің адамым деген белгі болған жоқ. Содан болар көбіне сенбеймін, мүмкін осы сенімсіздіктің арқасында жігіт те жоқ шығар, нақты білмедім. Болашақ жарымның бойында нағыз ер-азаматқа қатысты бар қасиеттің болғанын қалаймын. Әрқашан анасын қалай сыйласа, әйелін де солай сыйлайтын болса деймін енді... Жомарт жан болса, әр айтқан сөзін орындай алатын болса. Достарының арасында бөлек, отбасында бөлек, жұмысында бөлек адам емес, бүкіл жерде бірқалыпты адам болса деймін. Яғни маска кимейтін, құбылмайтын адам керек маған», – дейді Көркем.

«Өзіммен бір толқындағы, бір үйлесімдегі, болашаққа деген ұқсас көзқарастағы, ақыл тоқтатқан шақта жүрекке дәл тиетін өресі биік азаматты кездестіре қоймадым. Әйтпесе, сөз айтатындар жетерлік. «Ет жіліктеп, мал бауыздай аласың ба?», – деп оларды қашырып жүрмін. Рухтары мықты болсын, сағы сынбасын, қыздан беті қайтып қалмасын деп қатты айтпайды екенмін оларға. Қыздың назын көтере ме екен деп көп қыздар жігіттерді сынап жатады. Қызға қол жеткізу оңай болмасын деп сынайтындар бар. Бірақ орта жолда сол жігіттерді таппай қалып жатамыз. Сонда олардың қызға деген ғашықтығы демей-ақ қояйын, ұшқындары қайда кетеді екен? Соны жігіттер айтсыншы. Жалпы, бір үйдің түтінін түзу ұшыратын жандармыз ғой», – дейді Әдемі.

«Жігітім бар. Той жайлы айтатын болар, күтіп жүрмін. Кейде отбасы болудан қорқасың да. Бір қыз бен жігіттің бақандай он жыл қыз-жігіт болып жүріп, үйленіп, сосын жылға уақыт тұрып ажырасып кеткенін естіп таңғалдым. Күйеуінің қызғаншақтығының кесірінен ажырасып жатқан құрбыларымы бар. Ер адамға құлпырып жүрсе де, жақсы ақша тапса да жақпапты. Күйеуі әйелінен аз тапқан соң болар, ұрыс-керіске тап бола береді екен. Білмеймін. Тереңдеп кетсем шошып кетемін», – дейді Ақмарал.

«Ол сұрақ ауыр тиетіні сөзсіз. Оны еститіндер ғана түсінетін болар. Көбіне көңіл күйге және ол сұрақты қойған адамның жасы мен жынысына байланысты әртүрлі жауап беремін. Үлкен кісілерге бұйырған күні шығам ғой сыпайылап жауап беремін, әрине. Өзіммен қатар қыз-жігіттерге көңіл күйіме қарай және ол сұрақты қандай мақсатпен қой-



ғанына қарай жауап беремін. Кекетіп қойғандарға тікесінен «Шатағың қанша?» деймін мен де қалыспай. Бұрын ұзату тойымың болғанын армандайтынмын. Ұзату тойына киетін көйлегімді елестеттім. Қазір оған мән бермеймін. Егер жастардың ата-аналарының той жасайтын жағдайлары болмаса, тойсыз да қосыла беруге болады. Немесе жағдай бар болып тұрса, миллиондаған ақшаны 6 сағаттық тойға шашқанша жастардың бал айына жұмсап, ел көріп келгені дұрыс деп ойлаймын.

Өз басым тойды міндетті түрде болу керек деп жігіттің ата-анасына салмақ салғанға қарсымын», – дейді Жібек.

«Жігіттердің ұсақталып кеткені рас-ау. Көбі өз сөздеріне жауап бере алмайды не өз сөздеріне өздері қарсы шығады. Бірізділік жоқ. Мансап қуып жүрмін деп айта алмаймын. Сол сияқты неге тұрмыс құрмай жүргенімді де білмеймін. Нақты себеп жоқ. Бұйырғаны ғой. Жалпы біреудің айтқанымен, стереотипімен өмір сүруге міндетті емеспіз. Кейде ақымақ кезде бұрынғы бір жігітіме тию керек еді деп ойлаймын да, біраздан соң есімді жиып аламын», – дейді Зарина.

«Менің жасым қазір 28-де. Маған келетін жігіттер отыздың айналасында.

«Жұмыс іздеп жүрмін», «үйім жоқ, көлік жоқ» дейтіндерге шыны керек жоламаймын. Жасы 18-24 шамасында болса әрине бірге аламыз бірге жетеміз дейсің. 20-дағы жігітке қайдағы үй? Ал 30-35 жаста я үйі, я көлігі, не тұрақты табысы болмаса, бара ғой деймін. 35-ке дейін бір баспана алмаса, білмеймін енді... Бұны материалдық байлыққа қарайды дейтіндер болар. Мейлі. Яғни бір күйеуге тиіп алып, ақшасын жаратыып жүруге ғана лайықтымын ғой. Маған асқан табысты емес, тоқтаусыз табыс табатын азамат ұнайды», – дейді Сұлушаш.

«Ол сұрақ өнерде жүрген аруларға қатты тиеді деп ойлаймын. Ештеңе білдірмеуге тырысамыз. Сөз салатындар баршылық қой, дегенмен әлі жұбымды тапқан жоқпын. Көп жігіттер актриса екендігінді білгеннен кейін жоқ болып кетеді. Өнер жолында жүрген қыздар үшін қиын екенін осыдан-ақ байқаған боларсыздар? Күтіп жүрмін. Өнерімізге шектеу қоймайтын, қолдайтын жүректі, жігерлі жігіт кездесіп қалар деген үміттеміз», – дейді Аяя.

Кімнің жауабы ұнады? Кей қыздардың жігіттері бар. Дегенмен бәріне бақыт тілеп қойыңыздар. Ал, сіз үшін махаббат деген не? Өз адамыңызды іздеп жүрсіз бе?



КРЕМАТОРИЙ ҚАЗАҚҚА ҚАЖЕТ ПЕ?

Қазақстандықтарға енді қайтыс болған жақындарын кремациялау үшін шет ел асып қажет жоқ. Алматы қаласының Алатау ауданы аумағында крематорий құрылысын бастау жоспарлануда.

Алматыда крематорий салу үшін жобалық-сметалық құжаттар әзірлеу үшін теңдер жарияланды. Жобалық-сметалық құжаттарына 46,8 млн теңге бөлініп отырған крематорий техникалық шарттарға сәйкес екі пеші бар бір залдан тұрады деп жазады informburo.kz сайты.

Крематорий Алатау ауданында орналасқан жаңа мәйітхананың маңайына салынбақ. Жоспар бойынша крематорий салу жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау көзделуде. Қазақстандықтар жерлеу қызметтерін көрсету бюросына марқұмдарды кремациялау туралы өтінішпен жиі жүгінетіндігін айта кету керек.

Десек те, крематорий мәселесіне иісі қазақ үрке қарайтыны жасырын емес. Бұл сөздің өзі санамызда қалған сонау сойқан жылдардағы қорқынышты көріністі жаңғыртатыны сөзсіз. Жалпы, крематорий не үшін керек? Әдетте, мәйітті жерлеуге арналған орындарды үнемдеу үшін крематорий өте тиімді саналады. Сонымен қатар, бірқатар ұлт өкілдері өз діни сенімдері негізінде мәйітті өртеу ғұрпын, яғни крематорийді таңдайтыны тағы бар. Ал Қазақстанда крематорий салу қандай қажеттіліктен туындады?

Сіз не дейсіз?

Димаш БЕКТАЛЫ, мұғалім: «Өте керек дүние. Адам өлген соң, мүмкін болса, сау органын керек адамға ауыстырса және мәйітті өртесе, өте тиімді болар еді. Әрине, кейбір діни түсінікті алға тартушылар крематорий мен өлген адамның органын беруге қарсы шығуы мүмкін. Меніңше, адам өлген соң оның денесін жерге көмсең де, өртесең де бәрібір. Пәлен метр жерге мәйітті көмгенше, сол жерді тірі адам өз пайдасына жаратқаны дұрыс деп санаймын».

Ерасыл АДАМБЕКҰЛЫ, жерлеу рәсімі бюросының жұмысшысы:

«Кремация жасату жерлеу рәсінде бағасы жағынан өте арзанға түседі. Мәйітті орауға мата сатып алмайсыз. Оны жуындыруға, жерлеуге апаруға көлік жалдауға, көрін қазуға шығындалмайсыз. Бар болғаны кремацияға ақы төлейсіз де, 2-3 келі тартатын мәйіттің күлін аласыз. Оны қалаған жерге шашсаңыз да, үйіңізде сақтап қойсаңыз да өзіңіз білесіз. Дәстүрлі жерлеу бойынша әсіресе, біздің халықта шығын өте көп болады. Жерлеп болған соң, басына орнататын белгітасының мен қоршауының бағасы қырық, елу мыңнан басталады».

Ақжол ХАБИБУЛЛАҰЛЫ, тарихшы: «Крематорийді пайдаланатын адамдар бар да шығар. Сол себепті де салынып жатқан болар. Алайда қазақ ең алдымен аруақты құрметтейтін болғандықтан, өз жақынының денесін отқа бере қоймас. Дінімізде де әр адамның денесінің қара жерге бүтін берілуін қолдайды. Сондықтан біздің халқымызға дәл осы крематорийдің аса қажеттілігі бар деп ойламаймын».

Әлібек САПАРБЕКҰЛЫ, зират шырақшысы: «Крематорий керек дүние меніңше. Өйткені күн өткен сайын мәйітті жерлейтін орын тарылып барады. Өзіңіз білесіз, еліміздегі ірі қалаларда бір ғана зират үшін бөлінген жердің көлемі тірі адамдарға бірнеше үй салуға болардай ауқымды. Алдағы уақытта крематорийді қолға алса, пайдалануға арналған жер телімдері де көбейе түсер еді деп ойлаймын».

Гаухар ЖҰМАЖАН, зейнеткер: «Ол пешті біздің қазақ пайдалана қоймас. Себебі, бізде мәйітті өртеу былай тұрсын, органдарымен түгел қара жерге жерлеуді дұрыс санайды ғой. Мені алаңдататыны, бұл крематорийдің қала ішінде салынуы. Қанша дегенмен, мәйіт өртелетін мекеннен жағымсыз иіс шығатыны рас қой. Осы жағы қалай болар екен?»

«Адырна» ұлттық порталы



«KAZMESSAGE» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ОЙЛАП ТАПҚАН АТЫРАУЛЫҚ ОҚУШЫ ПАТЕНТ АЛДЫ

Атырауда жаңа «KazMessage» мобильді қосымшасын іске қосқан Эльдар ҚҰРМАШЕВ өзінің авторлық жұмысына ресми түрде патент алды.

WhatsApp әлеуметтік желісінің баламасы саналатын бұл бағдарлама смартфондарға арналған Android операциялық жүйесінде қолданылады. Ал, оның иесі жас өнертапқыш – Ә.Жангелдин атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы.

Оның айтуынша, жаңа қосымшаны Playmarket-ке орналастырған соң алғашқы он күнде 120 адам ұялы телефонына жүктеп алса, қазір оның қолданушыларының саны 3000-ға жетіпті. Бүгінгі таңда, қолданушылар әр елден қосылып жатыр, мысалы, Франция, Германия, Ресей, және т.б. Алдына белгілі бір мақсат қойған Эльдар бір айдың ішінде қосымшаны қолданушылардың санын бес мыңға жеткізуді жоспарлапты.

– «KazMessage» 55 тілге ауысады. Түнгі режимі де бар. Басқа қосымшалардан бір ерекшелігі, телефонды жоғалтып алған жағдайда, әркім арнайы белгіленген 30 цифрлы код арқылы қосымшаны басқа құрылғыға, сондай-ақ, контактілердің смс-хаттары мен сурет, видеоларын жүктеп алуға болады. Бұдан басқа, әрбір адамның байланысы үшін бөлек-бөлек әуен қоюға болады. Мұнда қазірдің өзінде оннан аса қоңырау әуені бар. Бір топқа 250 адамды тіркеуге мүмкіндік берілген.

Алдағы уақытта аталған қосымшаны бүкіл қазақстандық пайдаланса деймін. Сондай-ақ, білікті IT мамандарының көмегі болса, қосымшаны одан әрі дамытып, басқа да қолданыс аясын кеңейтуге болады. Қазіргі уақытта бұл жұмысымды информатика пәнінен ғылыми жобада тереңірек зерттеуді жоспарладым. Ең бастысы, қосымшаны қазақстандық бренд ретінде қалыптастырғым келеді. Бұл ретте атауына да «Kaz» сөзін таңдауым бекер емес, – деді ол.

Эльдар биыл мектепті бітірген соң, қаладағы екі жоғарғы оқу орындарының біріне түсуге жеңілдікпен түсуге мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, Еріктілер жылын өткізу бойынша іс-шаралар жоспары аясында, ағымдағы жылы салалық волонтерлікті дамыту үшін 7 жалпыұлттық жобаны іске асыру бойынша, жаз мезгілінде Атырауда балалар мен жасөспірімдер мен қоғамдық ұйымдарының жетекшілеріне арнайы әлеуметтік сайт жасаудың онлайн тренингін өткізуді жоспарлап отыр.

Жас ізденімпаз бүгінде жаңа қосымшаның App Store, Windows бағдарламаларына қолданатын нұсқаларын іздестіруде. Сондай-ақ, ол бұл жоба арқылы пайда табуды еш көздемегенін де баса айтты.

Руслан ХАМЗА,
Атырау қаласы





Мамыр және маусым айларында дүние есігін ашқан Бегемкүл Батырбекова, Сайрагүл Шамыратова, Жамал Мұсатаева, Қарлығаш Абдраман, Рахия Прімқұлова, Бибігүл Үйсінбаеваны туған күндерімен құттықтаймыз! Өмірлеріңізге барша жарық дүние шапағатын, зор денсаулық, баянды бақыт, мейірім мен қуаныш тілейміз! Ой-мақсаттарыңыз жүзеге ассын! Туған күн мерейлі істердің бастау күні бола берсін, бақыт пен береке, еңбекте табыс пен абырой әкелсін! Шаңырақтарыңызға береке-бірлік, шадыман шаттық, қуаныш тілейміз!

Ізгі тілекпен, Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі әлемі» газетінің ұжымы



Қазақ халқының астанасы – ежелгі қала, ескі қала Түркістан болғаны дұрыс еді. Ендігі жерде оның реті келе қоймас. Не де болса Ақмешітке көшірелік.

Патша заманының болыстары қазақ жерін приговорлап, түк көрмегенсіп, тиесін алып орыс келісегіне жыл-жырт бере салатын.

Сұлтанбек ҚОЖАН:

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АСТАНАСЫ – ЕЖЕЛГІ ҚАЛА ТҮРКІСТАН БОЛҒАНЫ ДҰРЫС ЕДІ...

Қара басының қамы – жұртқа азық болмайды. Заманды жөнімен жақсылап түсінбек ләзім. Жұрттың кезекті істерін жарыққа шығаруды көздепек керек.

Шыр көбелек тіршілік иірімінің ұсақ-түйегімен әуреленіп, тарихтың даңғыл жолын көре алмағандар – жұрт пайдасын өз басының пайдасынан ажырата алмаған көр балалар.

1916 жылғы қанды қасанқа ұласқан қарсылық – мақтаншақ батырлық емес, қанына қарайған халықтың ашынып, отқа көрінеу ұрынған бір жандалбасасы еді.

Бұрын басына сәлде ораған немесе шен таққан, не шариғатпен, не орыс заңымен жұрттың зәресін алатын, берекесін қашыратын мырзалар – бірден коммунист болып шыға келді.

Өз ұлтына жаны ашитындар – орыс үстемдігіне, капитал тепкісіне, пайдақу-нем саудагерге, басқа ұлттардың зорлығына қарсы ұлтшыл атанды.

Қырғыз-қазақ жастары оқу жайына келсек, мектеп жағына келсек: талапкер бар да – оқу жоқ, балалар бар да – кітап жоқ, шәкірттер бар да – молда жоқ.

Қырғыз-қазақ халқының жалпы қаға дұқарасына ең керекті – ұлт мектебі. Бір заманда қалы жетіп, бір жөнді мектептері бола қалса, солардың барлығында оқыту тілі – ана тілі болуы міндет.

Жақсы мұғалім табылмаған жерде – табылғанын іске қосып, оқыта беруді салт қылу керек. Оқу жалпыға жақын, тұрмысқа үйлесімді болсын, нәр жұрттың тұрмысына лайық мектебі болмақ.

Жас бұын оқи да алуы керек, еңбектен де қол үзбей керек, жұртқа жалпы еңбекке қатыса алатын, басшы болып бірге істесе алатын болып әзірленуі керек.

Ешбір оқытылған оқу жоқ. Балалар келеді де тоңып-тоңып қайтып кетеді.

Мұғалімдер болса, биылғы Шымкенттегі қысқа уақыттық курстан оқып шыққан жігерлі жастарымыз. Бұлардың қолдарындағы куәнамасы мен мұғалім деген аттары болмаса, бітірген істері, оқытқан оқулары шамалы.

Халық ағарту, оқу жұмысы – мұнан былайғы жұмыстардың ең үлкені. Бұл жұмыс – әр дәуірде керектінің ең үлкені. Әзіргі күнде әсіресе зорайып тұр.

АЛАШ АЙТҚАН АСЫЛ СӨЗ

Қазақстанда мемлекет тілі – қазақ тілі болмақ. Бұған осыған дейін кесірін тигізген нәрсе халықтың басын бөлігі орыс болғанында, кеңсе қызметіндегі қазақ азаматтардың орыстыққа жаттығып кеткенінде, көбісі қазақша білмейді.

Қазақ өз жұртшылығы, ұлы мәдениеті жоқтығынан оқып-тозып кетті. Озып

кеткені – басшы ұлттың мәдениетінен татып, өзінің бет-бейнесін жоғалтып алғаны.

Қазақ – Еуропаға ентелеп, ілгері басқан, басқаларды жеңіп бара жатқан ұлт емес. Қазақ басқа ұлттардан таяқ жеп – беті қайтқан, шегініп бара жатқан ұлт.

Қазақ неге қалалы жұрт болмады, деп бұрқырау мәдениет тарихына қиянат.

Тарихты айтқанымен жүргізіп, тіршілікті ойыншық қылатын қалып – ертеле-кеш болмаған нәм болмайды да.

Қазақша айтқанда, құрғақ білім, жаттап алған кітап, жаттыққан тілмен жұмыс бітпейді, жаңа дүние жасалмайды, мақсат орындалмайды.



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ – БІЛІМ мен ТӘРБИЕ ОШАҒЫ

Жаһандану мен ақпараттандырудың қарқынды өсуі жағдайында рухани құндылықтар қоғамда маңызды рөл атқарады. Рухани өмірді зерттеуге деген қызығушылық ғылымның, өнердің, білімнің және адами өмірдің басқа да маңызды аспектілерінің нақты өсуіне байланысты. Қоғамның рухани өмірі әрдайым адамның бойында білім мен тәрбие беру арқылы рухани құбылыстарды, құндылықтарды дарытуға көңіл бөледі.

Қазіргі уақытта бәсекелестікке қабілетті, жоғары біліктілік ұғымдарымен қатар, жауапкершілікті, еңбекқор және адал ниетті маман сияқты адамгершілік қасиеттер де маңызды екені анық.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті оқу-тәрбие үдерісі кезінде студенттердің оқу-танымдық белсенділігін арттыру, студент жастардың отанға деген сүйіспеншілігін ояту, халқының тарихын тереңінен тануға, әдеби-көркемдік талғамын дамытуға, қазіргі әлемдегі өркениеттік даму заманында жастардың шығармашылық әлеуетін көтеру сияқты бағдарда жүзеге асырылатын бастамаларды қолдау мақсатында түрлі іс-шаралар жүргізіліп келеді.

Шет тілі кафедрасының оқытушылар құрамы жоспарлы оқу бағдарламасынан тыс әлеуметтік-тәрбиелік жұмыстарға студенттерді ынталандыруда белсене еңбек атқарады. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» мақаласына сөйкес, оқу жылы басталғалы жоспарлы, дәстүрлі түрде мерейтойлық шаралар аясында тақырыптық тәрбиелік ашық сабақтар, концерттер, челленджер өткізіліп келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойын атап өту жөніндегі бастамасын #Abay175 челленджіне әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің студенттері де онлайн жүргізілетін іс-шараларға белсене атсалысып келеді. Кафедра оқытушыларының ұйымдастыруымен университет студенттері халқымыздың кемеңгер ақыны Абай шығармаларынан үзінділер оқып, мерейтойға арналған бастаманы қолдап, ақын өлеңдерін бірнеше тілдерде жатқа айтып, өндерін орындады.

Сондай-ақ, химия және химиялық технология факультеті 1 курс студенттері Қазақстанның Тұңғыш Президенті күніне орай осы мерекенің шығу тарихы жайлы айтып берді. Сонымен қатар, студенттер жасаған баяндамаларда Тұңғыш Президентіміздің даңқты еңбек жолы туралы қызықты мағлұматтар айтылып, хабарлама жасады. Кеш соңында студенттер «Кім ұтқыр» викторинасын ұйымдастырып, әртүрлі тақырыптарда қызықты мәліметтермен бөлісті. Викторина өткізудің негізгі мақсаты студенттердің ынтымақтасуына, топ ішінде бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, қалыптастыруға ықпал ету және студенттердің шығармашылық ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік ашу болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстанның дамудың көптеген салаларындағы таңғажайып жетістіктері – Президент пен халқымыздың қажырлы еңбегі мен көреген саяси ерік-жігерінің нәтижесі. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығының 1 курс студенттері Әсілбек Алтынай, Абдуов Самат, Нұржанқызы Айдана, Қайыртай Сания, Баянбаев Бекжан «Желтоқсан оқиғасы» атты мерекелік театрландырылған қойылым көрсетті. Оның негізгі идеясы – біздің қол жеткізген тәуелсіздігіміз қазақ халқының өз жері мен ел бірлігін сақтап қалу үшін ғасырлар бойы жүргізіп келген күресін баяндайтын көрініс. Студенттер белгілі тарихи тұлғалардың ұмытылмас көркем бейнелері арқылы олардың болашақ ұрпақтарының еркін елде, бостандықта, бейбітшілік пен келісімде өмір сүруін ғасырлар бойы армандап келгенін әңгімелеп берді. Сонымен бірге, көрермендер драмалық оқиғаны тамашалады.

Әсілбек Алтынай, Калиева Ботагөздің ағылшын тілінде әзірлеген «Independence» атты сөзжұмбағы студенттердің ой-қиялын қозғау, зейіндерін кеңейтуге бағытталғанымен қоса тәрбиелік шараның мазмұнын тереңдетіп, байытты. Орынбаева Гүлбану Қалқаман Саринның «Тәуелсіздік» өлең жолдарын әсерлі, көпшілікке ой саларлықтай мөнерлеп оқуы тыңдаушылардың ерекше көңілінен шығып, қатысушылардың жүрегін тебірентті. Қаржаубаева Нұрсұлудың ағылшын тілінде құрастырып, ұйымдастырған сұрақ-жауап сайысы да қызықты өтті.

Өткізілген іс-шаралар студенттердің логикалық ой-жүйесін кеңейтуге, өмірге деген көзқарасын қалыптастыруға, ойлау және шығармашылық қабілетін жетілдіруге, белсенділігін арттыра түсуге, ой-өрісін дамытуға өз үлесін қосары сөзсіз.

Қазіргі кезде осындай тәрбиелік сабақтар мен іс-шараларды өткізудің маңыздылығы өз кезегінде болашақта жастарымыздың мәдени, рухани деңгейі жоғары, дарынды және тәуелсіз тұлға ретінде қалыпташуына септігін тигізетініне үміт арттырады.

МЫРЗАХМЕТ М.Ж., ИСАБАЕВА Б., ЛУГОВСКАЯ Е.И.
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
аға оқытушылары



АБАЙ И ЕГО ПУТЬ

*В душу взглядишь глубже, сам с собой побудь:
Я для тебя загадка, я и мой путь,
Знай, потомок, дорогу я для тебя стлал,
Против тысяч сражался – не обессудь!*

(Перевод М. Тарловского).

В стихотворении «Разве не должен, мертвый, я глиной стать?» Абай посвящает грядущему поколению, которому желал лучшей доли. В его стихах отражены боль, горечь и глубокое понимание того, что его поэзия окажется непонятой, не пронзительной и не станет примером для будущих потомков. «Не судите меня слишком строго» – просит он своих соотечественников.

Сегодня весь мир отмечает юбилей поэта, 175-летие со дня рождения. И пока люди помнят имя Абая, избравшего тернистый путь борьбы против невежества и косности, он будет продолжать жить в наших сердцах. Эта идея преемственности исторической традиции воплощается в проекте 100 книг, в рамках которого в Казахском Национальном Университете имени аль-Фараби при кафедре иностранных языков функционирует кружок любителей книг, где студенты знакомятся с творчеством лучших представителей художественной литературы, а также проводятся различные мероприятия, направленные на духовно-культурное формирование. Студенты также сумели собрать интересные факты о жизни и творчестве Абая.

Известно, что на раннее творчество Абая повлияла поэзия Востока, и здесь условно можно разделить его творчество на три периода.

Первый период наполнен устными и письменными источниками древнего Казахстана.

На второй период повлияла классическая поэзия Востока, в частности, таджикская, азербайджанская и узбекская поэзия («Шах-наме», «Лейли и Меджнун», «Кор-Оглы» и др.).

И, наконец, третьим источником вдохновения явилась русская классика, которая способствовала дальнейшему расцвету культуры Казахстана. Особенно значительно влияние А.С. Пушкина, М.Е. Салтыков-Щедрин и Л.Н. Толстого, которых он по праву считал своими Учителями. Позднее Абай занялся переводами на казахский язык произведений таких классиков, как М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов и др.

Обладая обширными познаниями казахской народной музыки, Абай переложил на нее несколько своих произведений, включая прекрасный перевод поэмы Пушкина «Евгений Онегин».

Творчество Абая, как магнит, притягивало не только казахских акынов, композиторов и певцов, но и многих прогрессивных мыслителей зарубежной литературы. Вдохновившись поэзией Абая, студенты пробуют свои силы в переводе некоторых произведений и выступают на ежегодном фестивале КазНУ «Айналанды нұрландыр!».

Особое внимание Абай уделяет теме взаимоотношения в семье, воспитанию детей и судьбе женщины Востока. В своих стихах Абай раскрывает душу женщины, ее надежды и чаяния. Еще Абай был убежден, что женщина сама вправе выбирать, с кем связать свою последующую жизнь. Особенно он ценит в женщине ее способность к самопожертвованию, мудрость, преданность и благородство. Одним из ярких примеров является следующий отрывок:

*Заговорит - речь благозвучна, нет пустого,
Смех, словно песня, трель соловья.* (перевод К. Досжан).

Обличая пороки того времени, Абай наставляет молодых людей в необходимости получать знание, чтобы стать достойными гражданами своей страны, что находит свое отражение в следующем стихотворении:

*Молодым до науки дойти я не мог,
Я не стал изучать, впрок она иль не впрок.
А когда стал искать, ускользала из рук.
Было поздно, увы, упустил я свой срок.
Кто виновен, что я пребываю ни с чем,*

Это всем непроторным печальный урок. (перевод А. Кодара).

Все творчество Абая пронизано надеждой на то, что народ Великой казахской степи будет по-настоящему свободен от бездействия, непросвещенности и коррупции благодаря достойному образованию и воспитанию. В этом смысле и сегодня его передовые идеи созвучны требованиям, предъявляемым современной молодежи. В подтверждение этой мысли Абай пишет следующее:

*Судьбы своей не избежать,
И суть свою не поменять.
Ученого не превзойти невежде,
Подснежнику о лете – не узнать.* (перевод М.Адибаева).

НУРМУХАНБЕТОВА А.А., ИСАБАЕВА Б.,
ГУМАРОВА Ш.Б.,
Старшие преподаватели
КазНУ имени аль-Фараби

ӘСЕМ БӨЛЕКБАЕВА 1992 ЖЫЛЫ, 20 ҚАРАШАДА ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ, ЖАҢААРҚА АУДАНЫ, КЕНЖЕБАЙ-САМАЙ АУЫЛЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН. КЕНЖЕБАЙ-САМАЙ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ТҮЛЕГІ. 2008-2012 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНДЕ БІЛІМ АЛЫП, КЕЙІН БУКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІН (ҚАРГУ) ФИЛОЛОГИЯ МАМАҒДЫҒЫ БОЙЫНША ТӘМӘМДАЙДЫ. ӨЛЕНДЕРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ТҮРКІ ӘЛЕМІ» ГАЗЕТІНДЕ АЛҒАШ ЖАРИЯЛАНЫП ОТЫР.

Әсем БӨЛЕКБАЕВА:

Бұл жолы тағы не үшін алдадың, бақыт?



Наз

Болса дағы өмір – теңіз телегей,
Жолдарымды бөгеп жатты күресің.
Сонда дағы еш нәрсені елемей,
Ессіздікпен сені сүйдім, білесің!

Өмір мейлі қанға малған қанжарын,
Қарсы емеспін алқымға әкеп тіресін.
Екен ғой деп сені өмірлік жан-жарым,
Аңғалдықпен сені сүйдім, білесің!

Қиналмап ем, тұрмақ түгіл тершімек,
Бәлкім бұл да сенің қосқан үлесің.
Жүрегіңді тек өзіме еншілеп,
Маңғаздықпен сені сүйдім, білесің!

Сезіміңе шөліркетіп, кептіріп,
Мұңның маған жағып кеттің шіресін.
Бірақ сені «қуанышым» деп біліп,
Құштарлықпен сені сүйдім, білесің!

Жалтарғышсың, бір айтарым,
тұрақта!
Сезім шоғын неменеге үрлейсің?
Бәрін біліп тұрғаныңмен, бірақ та,
Өзіңе не керектігін білмейсің!



Тастағандайсың шеткеріп,
Төзімді темір дедің бе?
Сезімдер қалды кептеліп,
Өмірдің кеңірегінде...

Сезім мен түнек арасын,
Өткердік жәпелдемеде.
Қас-қағым сәттің бағасын,
Қалпынан көтермелеме.

Қайтеміз қозғап арғыны,
Үнсіздік жарасар маған.
Болмаса дағы мардымы,
Армандар аласармаған...



Жаралы жүрек, жан жадау,
Махаббат – менің кеселім.
Үмітті етіп талғажау,
Күдікті күндер кешемін.

Боларын бұлай біліп пе ем?
Сезімге кеттім құнығып.
Шықты ғой әбден сілікпем,
Жүректен әсем жыр ығып.

Дүние дейтін бір кемді,
Түзетіп жөнге салар кім?
Құртып құрыш діңкемді,
Жылауық пенде саналдым.

Қалыспай көштен жүреміз,
Қалса да төзім тұралап.
Жылап ап, сосын күлеміз,
Түрегелеміз, құлап ап.

Құлағын күннің жүз бұрап,
Басамыз бәсең, ой-алшаң.
Бәрінен бұрын мызғып ап,
Жаңа әлемде оянам...

Ойларым...

Бағынып келеді ойыма ақырын ғалам,
Қыстырып қойып шарасыз тақымын
маған.
Мезгілсіз келіп межесін таппай
жатады,
Сұңғыла ойларым қонақтай
шақырылмаған...

Басқасы түгіл жүрекке ырық бермеген,
Ойыма батсам оргымын қырық
кермеден.
Қарсы келгенді қырымен қырқып
тастайды
Себебі менің ойларым құрық көрмеген...

Ойымның төрін билеген
қызғаныш-сайтан,
Қызғаныш жүрген жер әр кез
былғаныш, лайсаң.
Жүйріктігіне желаяқ ілесе алмаған,
О дүниеге оймен күніне жүз барып
қайтам...

Ойларым жайлы сырымды жай
ақтармағам,
Сапырылысқан ойлар-ай аяқты арбаған.
Өлеңге нүкте қоям деп көлгірсіп
жүрмін,
Бірақ та менің еш жырым
аяқталмаған...

Бір ойдан жеріп, бір оймен сан
табысамын,
Болса да мейлі, дәл қазір арқалы шағым.
Тұңғыық ойдың тереңін түпсіз
бойлаймын,
Өле-өлгенімше ойыммен арпалысамын...

Балам...

Түн жарымы... Уақыт жатыр
сырғақтап,
Ай шағылып терезеден тұрды аппақ.

Жағаласып төре түнмен торқаға,
Мен отырмын сәбиімді құндақтап.

Балам сұлу дүниедегі келбетті ең,
Балам үшін будым бүгін бел бекем.
Мен балама ең әдемі жыр айтып,
Көшікін бұлтқа салып алып тербетем.

Таң қалатын сиқымына естіген,
Мен балама ат мінгізем бестіден.
Ниетпенен ақын жолын берсін деп,
Тұсауын тек ақындарға кестірем.

Өсуіне жатпай-тұрмай алаңдар,
Менің бүгін бауыр етім-балам бар.
Балам үшін отқа түсем, су кешем,
Тоқымқағар жасап тұрам қадамға әр.

Балам үшін таңды ұйықтамай
атқызам,
Балама тек өмір балын татқызам.
Оны әлі ешкім қолы жетпеген,
Қиялдағы құс төсекке жатқызам.

Өсіремін баламды еш ұрыспай,
Сын айтылса қабыл алам тырыспай.
Тәуекелді мұрат етем жолына,
Сонда ғана шыңдалады құрыштай.

Маржан сөзден басқа бөрік кигізем,
Балам бетін тек самалға сүйгізем.
Қазағымның қаймағымен суарып,
Бойына тек жақсылықты үйгізем.

Жүрегіне орнатамын күйсандық,
Тұрсын әр кез көмейінен күй шалқып.
Салт-дәстүрді санасына сіңірем,
Жүретіндей қазағымның исі аңқып.

Балам үшін ашық өмір есігі,
Айтпақшы,
«ӨЛЕҢ» – оның есімі!

Ұят

Пендеміз ғой жараланғыш жүрегі,
Жалт-жұлт етіп дүние тұр құбылып.
Несібемнен құр қаламын үнемі,
Ұятымның ыңғайына жығылып.

Ұятыммен ерекшемін басқадан,
Ол алдында жорғалаймын құрдайын.
Тоқ заманда тосырқаумен аш қалам,
Ұятымның бағамын деп ыңғайын.



Ұятымнан әрі аспайды тілегім,
Құдды соған қойғандайын көгендеп.
Сезімімді бүркемелеп жүремін,
Ұятымның ыңғайына көнем деп.

Ар-ұяттан безген бүгін қанша адам?
Армандар-ай, жұлдыздайын жиі ақтың.
Кей сәттерде күлкімді де томсарам,
Ыңғайына жүгінем деп ұяттың.

Өмір сүрем танбай осы қалтымнан,
Ұяңдығым іленім бе ұядан?
Бәлкім, қымбат санағаннан алтыннан,
Ұялмайтын жерлерде де ұялам.

Р. С. Ұяты жоқ адам сірә, оңар ма?
Дөкейлерің ұятты аттап жүр әні.
Мардымы жоқ болса да арман, соларға
Ұят бөліп бергім келіп тұрады.
...Әттең...



Өріліп жыр мен үмітке әр кешім анық,
Жүрген кезімде әліптің әуресін бағып.
Қап-қара түнек күніме сәулесін жағып,
Сен жолықтың...

Кездестің маған бейуақыт, қандай
мін тағам?
Бойымды саған құштарлық әбден
қымтаған,
Асығып қадам басқанда саған біртабан,
Алыстай бердің...

Өтпеген әлі еш күнім жаным
жайланып,
Сезгенім біреу-қамалың алынбайды
анық,
Жоғала бердің көзімнен сағымға
айналып,
Кетпеші...

Жалығып әбден өзімді алдай бергеннен,
Үмітпен қарап, көзімді алмай бір демде,
Ынтық боп саған, сені енді қармай
бергенде
Ауаны құштым...

Қорғаным да жоқ қорғанар жанымда
болат,
Болдың сол жолы жырымның бағында
қонақ.
Сезімім кетті кеудемді жалынға орап,
Бейәлем...

Жүргенде сенің артыңнан сырыңды
бағып,
Жолың басқа екен, сен кетер білінді
бағыт.

Бір сәтсіздікке тағы да ұрындым анық,
Бұл қалай?

Өмір-ай, кетті арқама салмағың батып,
Бұл жолы тағы не үшін алдадың,
БАҚЫТ?

Шыға алмай өрттің ішінен қарманып
жатып,

Оянып кеттім.
Түсім екен ғой!

КАЗАХСТАН ПРАЗДНУЕТ ЮБИЛЕЙ АЛЬ-ФАРАБИ

В 2020 году Казахстан празднует юбилей Аль-Фараби. Идея празднования юбилея второго Аристотеля Востока, выдающегося мыслителя и ученого-энциклопедиста средневековья Абу Насра аль-Фараби принадлежит КазНУ имени аль-Фараби, которая была озвучена во время открытия секции «Аль-Фараби – философ цивилизаций» на VII Глобальном форуме Альянса Цивилизаций ООН.

Официальный старт юбилею в январе текущего года дал Государственный секретарь РК, председатель Государственной комиссии по подготовке и проведению 1150-летнего юбилея Абу Насра аль-Фараби Крымбек Кушербаев. Он отметил, что юбилей великого мыслителя Аль-Фараби включен в Календарь памятных дат и событий ЮНЕСКО и будет широко отмечен на международных культурных площадках при поддержке ИСЕСКО, ОИС, ТЮРКСОЙ и других организаций. «В рамках юбилея аль-Фараби запланированы научные конференции в Париже, Нур-Султане и Туркестанской области, в которых примут участие ведущие ученые-фарабиеведы из более чем 40 стран мира», - говорит Крымбек Кушербаев.

КазНУ ведет работу по изучению наследия Аль-Фараби. В университете открыт Центр Аль-Фараби, музей великого мыслителя, изданы его книги, проводятся Международные Фарабиевские чтения. КазНУ организовал научные центры Аль-Фараби в Стамбульском и Иорданском университетах. Вуз также успешно реализует уникальный проект Al-Farabi University smart city, в основе которого – симбиоз технологической и духовно-нравственной платформ.

Празднование юбилея Аль-Фараби совпало с юбилеем кафедры педагогики и образовательного менеджмента КазНУ имени Аль-Фараби, которая в этом году отмечает свое 80-летие. Кафедра была основана 12 января 1940 года и сегодня является одной из старейших кафедр, осуществляющих выпуск специалистов педагогического профиля. Ее формирование и развитие охватывает длительный период: с появления кафедры в составе историко-филологического факультета и массового обеспечения педагогических специальностей университета, до открытия специальностей «Педагогика и психология», «Социальная педагогика и самопознание» и расширения поля образовательной деятельности в многоуровневой системе «бакалавриат – магистратура – докторантура PhD».

Массовость педагогических специальностей, качество преподавания и устойчивая образовательная политика обусловили успешность и сохранение традиций кафедры.

Становление кафедры шло вместе с развитием университета, казахстанской психолого-педагогической мысли, педагогической культуры, и образования в целом. В разные годы кафедре возглавляли лидеры педагогической науки, выдающиеся общественные деятели – Шакир Кокымбаевич Кокымбаев, Тулеген Тажибаевич Тажибаев, Абдыхамит Ибнеевич Сембаев, Картбай Бекенович Бержанов, Хасен Куандыкович Аргынов, Борис Жаркенович Садыков, Гульназ Кенжетайевна Ахметова, Зауреш Абдразаковна Исаева.

На кафедре работали доктора педагогических наук, профессора К.Б. Жарикбаев, Ж.Р. Баширова,

А.Т. Табылдиев, Н.А. Асанов и др.

На кафедре педагогики и образовательного менеджмента на протяжении ее истории приглашались преподавать выдающиеся педагоги, видные ученые Н.Д. Хмель, К.Ж.Кожаметова, А.К.Кусаинов, Ш.Т.Таубаева, И.Р.Халитова, К.Ж.Аганина и др.

За все время своего существования кафедра подготовила специалистов высокого профессионального уровня для образования и других сфер общественной жизни. Наши выпускники работают во многих уголках страны и за ее пределами. Коллектив обладает достаточно высоким творческим потенциалом, ответственностью, преданностью своей профессии и своему университету.

В год празднования юбилея Аль-Фараби профессорско-преподавательский состав кафедры готовит к изданию учебное пособие «Педагогика Аль-Фараби». Изучение педагогического наследия аль-Фараби актуально, поскольку позволяет составить научное представление об уровне прогрессивного опыта воспитания в эпоху расцвета и подъема культуры на Востоке. Все творческое наследие мыслителя проникнуто идеями гуманизации и демократизации общества путем улучшения его средствами воспитания и образования.

БАКТЫБАЕВ Ж.Ш. – доцент кафедры педагогики и образовательного менеджмента КазНУ им.Аль-Фараби, кандидат педагогических наук
Болат АДІЛЬБЕК – магистрант 2 курса кафедры педагогики и образовательного менеджмента КазНУ им.Аль-Фараби

ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ КАФЕДРЫ ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО МЕНЕДЖМЕНТА

КАЗНУ ИМ АЛЬ-ФАРАБИ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, является одним из лидеров высших учебных заведений Республики Казахстан, и старейшим учебным заведением мирового образовательного пространства. Наш университет является членом Международной ассоциации университетов и организатором Евразийской ассоциации университетов в мировых рейтингах. По результатам глобального рейтинга QS 2019 года университет занял 207 место в списке лучших ВУЗов мира и показал высокий результативный характер своих научных исследований.

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби – один из ведущих и самых прогрессивных ВУЗов Казахстана, где опыт и высочайший профессионализм профессорско-преподавательского состава тесно переплетается с желанием и стремлением молодежи стать передовой частью мирового сообщества.

Огромный образовательный, научный, духовно-воспитательный, инновационный и производственный потенциал университета создают и развивают более 2 тысяч профессоров, докторов, кандидатов наук и докторов философии, более 200 академиков крупнейших академий и заслуженных деятелей Республики Казахстан, около 80 лауреатов Государственных и именных премий РК и лауреатов премий молодых ученых. За каждой из этих цифр – судьбы целых поколений, их безграничный вклад в развитие и становление Независимого Казахстана.

Это учебное заведение, в состав которого входят шестнадцать факультетов, является научной средой для подготовки профессиональных кадров для различных сфер деятельности страны.

Одним из таких факультетов является факультет философии и политологии, который готовит специалистов по общественно-социальным и гуманитарным дисциплинам. В этом году исполняется 80 лет со дня

образования одной из фундаментальных кафедр факультета, это кафедра педагогики и менеджмента образования. В системе общего, среднего и высшего образования страны становление и развитие кафедры является историческим, и влечет за собой долгий путь подготовки педагогических кадров, который состоит из нескольких этапов. На первом этапе открытия в состав историко-философского факультета вошли специальности «Педагогика и психология», «Социальная педагогика и самопознание» обучение проводилось по «трехступенчатой системе» бакалавриат, магистратура и PhD докторантура. Формирование педагогической научной школы кафедры сопряжено с педагогической культурой развития психолого-педагогической мысли Казахстана, преемственности общей деятельности университета. Что касается истории, мы видим, что руководство по деятельности кафедры возглавляли выдающиеся представители казахской педагогики, выдающиеся преподаватели и ученые. Научная формулировка педагогической мысли, история развития и просвещения в Казахстане, руководство кафедрой, как научной, так и научно-педагогической деятельностью осуществлялось ученым, общественным деятелем, академиком Т. Тажибаевым. В становлении казахской этнопедагогики и этнопсихологии как науки, заложены концептуальные основы кафедры. В разные периоды педагогические мысли таких ученых, как К. К. Кокымбаев, т. Тажибаев, в т. ч. Сембаев, К. Б.Бержанов, Х. К. аргынов, Б. Ж. Садыков, Г. К. Ахметова, З. А. Исаева, возглавлявшие кафедру, стали следствием жизненного пути современной педагогической науки. На кафедре работают известные ученые: К. Б. Жарыкбаев, Р. Р. Баширова, А. Т. Табылдиев, Н.Д. Хмель, К. Б.Кожаметова, И. Р. Халитова и др.

На кафедре предусмотрены все условия для подготовки профессиональных кадров по специальностям

«Социальная педагогика и самопознание» и «Педагогика и психология» в соответствии с международными стандартами образования, заочное обучение дистанционное обучение и др. При проведении научно-исследовательской работы студентов и магистрантов, о внедрении его результатов в практику на кафедре осуществляется процесс обучения и воспитания, основанный на инновационных технологиях.

Кафедру возглавляет известный ученый, мастер своего дела, кандидат педагогических наук, профессор Алгожаева Н.С. Профессорско-преподавательский состав ставит перед собой определенные цели, призывая обучающихся к профессиональной специализации. Свое место в области педагогической науки имеют ученые в т. ч. Таубаева, А. К. Кусаинов, А. К. Мынбаева, А. С. Магауова, Б. А. Аринова, А. А. Болатбаева, Г. В. Молдасан, Р. С. Касымова, Г. А. Мамырбекова, Г. В. Бактыбаев, С. М. Пузикова, В. Д. Тулешова, К. А. Есенова, М. Д. Шагырбаева, А. М. Кудайбергенова, Д. Ертаргынқызы и др. Ученые и преподаватели являются неотъемлемой частью научных изысканий кафедры. На кафедре работают студенческие кружки, клубы и центры: «школа молодых ученых»; СНО «Логос»; волонтерское движение «Лучик надежды»; театр «Шабьт»; «Эмпатия», "Гармония".

Пусть в подготовке профессиональных кадров по педагогическим специальностям будут достигнуты успехи кафедры, имеющие 80-летнюю историю, которые вносят свой вклад в науку и образование страны!

АРИНОВА Б. А.,
к.п.н., доцент кафедры Педагогики и образовательного менеджмента КазНУ им аль-Фараби
ХАСЕН Т.
магистрант 2 курса специальности «Социальная педагогика и самопознание»

10 ТЕНГЕ

Ұдайы бір жақтан келе жататын әдетім емес пе? Бүгін тағы қарынның ашып, қадірдің қашқанынан бұратылып, аяқты сылтып басып, жатағым аяндадым. Алда әлі ұзақ-ұзақ жолдар. Жұрттың қыздары секілді, тым құрыса, қоғамдық көлікпен, зу етіп жетіп алсам болар еді ғой. Өттең қалтада көк тиын жоқ. Осыдан бір апта бұрын, берілген шәкіртақының жұрнағы да қалмаған. Айтпақшы, қасымда жанымнан бір елі қалмайтын, Ақерке есімді құрбым бар. Ол кісіден енді қасқа да, қайыр да жоқ. «Досына қарап, өзін таны» деп біздің қазақ қалай тауып айтқан, ә! Қысқасы, ол да менің ар жақ, бер жағым еді. Екеуміз түкке пайдасы жоқ әңгімелерді сөз етіп келеміз. Жүре-жүре аяқта, сөйлей-сөйлей ауыз да шаршады. Оның үстіне, қарынның жағдайы да мез емес. Басқаға шыдасам да, қарынның ашқанына шыдамайтын мен, болған жайтқа, тұрып-тұрып, Ақеркені кінәләй бастадым.

Ол байқұс: «Менің не кінәм бар?» – деп аңтарыла қарады. Айтарға түк таппай: «Осы сен, көлігі бар жігіт тауып алғанда, бұлай сандалмас едік» – деп қойып қалдым.

«Өзің неге тауып алмайсың?» деудің орнына, құрбым қара ала көздері төңкерілген күйі: «Қарамаса қайтем», – деген дауысы бәсе-е-ең әрі біртүрлі қызық шықты. Қой, құрсын! Өзім құр сүлдерімді ерөн сүйреп келе жатқанда, жылап қалып, басыма бөле болар деп, ары қарай жақ

ашпадым. Сүтпісірім уақыттан кейін, «гений» басыма бір ой сап ете қалды. Өлгі, сәл адамдықтан безген ойымды айтайын десем, құрбымның қабылдауынан қорықтым да, «Ақерке, менде такси екем таксиге екеумізге жетерлік ақша бар екен ғой. Тесік қалтамның бір шетінен тауып алдым, отырсақ қалай?» – дей бергенім мұң екен, қуаныштан көзіндегі іркіліп тұрған жасын, төгіп-төгіп жіберді. «Байғұс-ай, жолдан қорлық көріпсің ғой» – деп, ішімнен күбірледім де, таксистерді тоқтатуға кірісіп кеттім. Бір таксистің соры ма, бағыма, әйтеуір тоқтап, жатаққа дейін 300 теңгеге апарып тастамақ ниетте. Құрбым екеуміздің көздеріміз ойнақшып, ауырған аяқты алдыға созып қойып, рақаттанып жайғастық. Адамға ой маза берсін бе, жайғасуымның дәурені ұзаққа созылмады. Бар ойым жолақысы. Тығырыққа тірелді деген осы шығар. 300 теңгенің азабы, қара терге түсіріп, бойымды үрей билей бастады. Құрбыларыма хабарласып «Өлгі құрғыр, 300 теңгені алып шықшы» деуіме болар еді ғой. Бірақ олардан бір тиынның шығуының өзі мұң екенін жақсы білетін едім. Қысқасы, «Сол жатаққа жетпей-ақ қойғаным жақсы еді, бекер-ақ мініппін!» – дей бергенімде, жатақтың алдына таяп қалғанымды көріп, тостағандай көздерім шарасынан шығып кете жаздады. Жүргізуші ағай: «Ал келдік», – деді. Амалдың жоқтығынан, жолақысын бергелі тұрған сыңай таныттым да, есікті ашып жіберіп: «Ақерке, қаш!» – деп, айғай салдым! Өзім де атып шықтым да, газды басып, бар әлдерменіммен жүгіріп барам! Артыма қарауға шама жоқ. Біраз жолды әрт қастаған соң, ахилеп, үхилеп, артыма қарасам, «артта жүгіріп келе жатыр-ау» деген, құрбым, ұшты-күйлі жоқ. «Ойпырмай, мынаны жер жұтып кетті



ме, әлде... Қой, олай жаман ойға берілме», – дедім, өзіме! «Уоооот, ақымақ қыз! Әлде, шынымен таксидің ішінде қалып қойғаннан сау ма?» – деп басымды қасып тұрып, қолымды тесік қалтама сала бергенімде, бір бұрышынан тиындар тауып алдым. Санасам түп-тура 290 теңге екен. Төбем көкке жеткендей болып, сүмірейіп өлгі такси тұрған жерге аяндадым. Барсам қып-қызыл концерт болып жатыр. Құрбымның екі көзі сорадай ағып жылап отыр. Таксист ағай, қолын әрі-бері сілтеп ұрысып жатыр. Таксидің әйнегін тық-тық етіп қағып: «Ағай» дей беріп едім, екеуі де жың көргендей шошып кетті. Таксистің ашуы қара қазандай. Енді ұрысқалы жатыр еді, қолымды созып, алақанымды ашып, тиын-тебенімді көрсеттім. «Қызықсындар, қыздар!» – деді де, ақшаны алып: «Неге қаштың?» – деді. «10 теңге жетпейтін еді...» – деп, тағы бір өтірікті соқтым да, Ақеркемді қолтықтап алып, кете бардым...

Ақгүл ААЙДАРБЕКОВА



ЕСТІМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП

Өлуге тыйым салынған

Жарық шамын ауыстыруды қойшы, кейбір елдерде қайтыс болуға тыйым салынған. Иә, өзіңіз қалаған нәрсені жасаңыз, тек бұл жерде өлмеңіз. Мұндай заң Францияның оңтүстігіндегі Ле-Лаванду, Сарпур, Кунхо коммуналарында, Испаниядағы Ланжарон мен норвегиялық Лонгйирде қолданылады. Бұл тыйымдар зираттардың көптігімен, әрі жерлеу қиындықтарымен байланысты пайда болды.

Су мылтығын қолданбаңыз

Сіз су мылтығынан су шашып ойнағанды ұнатасыз ба? Камбоджада мұндай ойыншықтармен көңіл көтере алмайсыз. 2002 жылы елде ойыншықтардың осы түрін қолдануға тыйым салынды. Заң мереке кезінде жазатайым оқиғалардың жиі орын алуы салдарынан енгізілді.

Үнемі күліп жүріңіз

Италияның сән астанасында эмоцияларыңызға мұқият болыңыз. Мәселен, Миланда мұнайып жүруге тыйым салынған. Кеңіл күйі жоқ адамды ауруханадан немесе жерлеу рәсімінен көре аласыз. Басқа қоғамдық орындарда сіз күлуіңіз керек, өйткені полиция көңілсіз жүргеніңіз үшін айыппұл сала алады.

Сары түсті киім кименіз

Малайзия елінде киім түсін таңдау барысына сақ болу керек. Бұл елде сары түске тыйым салынған. Егер сіз сары түсті киім кимесіз, айыппұлмен жазаланасыз. Бұл заңды Ішкі істер министрі Хишамуддин Хусейн қабылдады. Ол оппозиция тарапының елде «сары» митингтер өткізуіне байланысты пайда болды.

Құрметті оқырман, жоғарыда көрсетілгендей таңғаларлық заңдар әлі де өте көп! Шетелге бармас бұрын, сол мемлекеттердің тыйымдарын мұқият оқып, зерделеуге кеңес береміз.

Дайындаған Диана АСАНОВА

ОЙНАУҒА, МҰҢАЮҒА, САҒЫЗ ШАЙНАУҒА, ТІПТІ ӨЛУГЕ ДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЕЛДЕР БАР

Туристер түрлі елдерді аралаған кезде, олардың мәдениетіне таң қалып жатады. Тіпті бұл мемлекеттердің заңға қайшы дүниелерін білмей, жазаға ұшырайтындары да бар. Сол себепті саяхаттау барысында келенсіздіктерге ұшырамау үшін әлем елдерінің таңғалдырарлық тыйымдарын біліп алуға кеңес береміз.

Көк джинсы киюге тыйым салынған

Егер сіз Солтүстік Кореяға баратын болсаңыз, киім таңдауда өте абай болыңыз. Барлық адамдарға ұнайтын көк джинсыге бұл елде тыйым салынған. Үкімет оны батыстық тенденцияларды бейнелейді деп санайды. Тыйымның бұзылуы жергілікті тұрғынның еңбек лагерінде жұмыс жасауына әкеледі. Сену қиын, бірақ Солтүстік Корея шаш үлгісіне де аса назар аударады. Елде ерлерге 10, әйелдерге 18 түрлі шаш үлгісінің нұсқасын жасау рұқсат етілген.

Сағыз шайнай алмайсыз

Егер сізге Солтүстік Кореяға бару қиын болса, Сингапурге саяхат жасап көруіңізге болады. Ең бастысы, бұл мемлекетте туристердің әмиянына үлкен мәселе тудыруы мүмкін көптеген тыйымдардың бар екенін ұмытпаңыз. Сингапурде 1998 жылы сағызға тыйым салынды. Сіз оны импорттай алмайсыз. Елде сағызды шайнауға және оны көшеге түкіруге болмайды.

«Киндер-сюрприз» жеменіз

«Киндер-сюрпризді» ұнатасыз ба? АҚШ-та «Kinder Surprise» балаларға арналған тәттілерін әкелуге және сатуға тыйым салынған. Америкалықтар үшін барлық талаптарға сай келетін «Киндер Джой» тәттісі бар. Айтпақшы, Kinder жұмыртқаларын әкелгеніңіз үшін 2500 доллар көлімінде айыппұл төлейтініңізді ұмытпаңыз.

Ойын ойнауға болмайды

Грецияда компьютерлік ойындарды ойнауда абай болыңыз. Бұл елде кез келген электронды ойын түрлеріне тыйым салынған. Мұндай тыйым құмар ойындарына байланысты енгізілді. Бірақ заң қай ойынның құмар ойыны болып саналатынын реттемеді. Туристер білместіктен заңды бұзып жатады. Есіңізде болсын, ойын ойнағаныңыз үшін түрмеге жабылуыңыз әбден мүмкін.

Жарық шамын ауыстырмаңыз

Австралияның Виктория штатында тұрмыстық жұмыстарды жасау кезінде аса мұқият болу керек. Мысалы, сізде электрик лицензиясы болмаса, шамды өзіңіз ауыстыра алмайсыз. Заңға бағынбасаңыз, 10 австралиялық доллар (шамамен 2500 теңге) айыппұл төлейсіз.

«Бала кезімізде жақсы көру деген сөзді ерте ұғындық. Бала жүректің ең алғашқы ғашық сезімі бірінші сыныптан басталды. Шіркін, қазіргіден қарағанда сол кездегі бала махаббат керемет еді. Шынайы сезім, адал ниет, ақ жүрек болатұғын. Кей кездері сол бала махаббатқа кері оралғың келеді. Амал не уақыт ағын судай сырылдап жатыр. Оны бірқалыпты қылып тоқтатуға шамамыз келмейді. Тіпті мүлдем келмейді», – деп ақын көзіне жас алды. Ақынмен сұхбатқа келген әлгі журналист қыз да біртүрлі болып ыңғайсызданып қалдыма сәл кідірістен кейін сұрақтарын жаңбырша жауғызды.

Журналист қыз: – Сіздің балалық махаббатыңыздан естеліктер қалды ма және соны бізге айтып берсеңіз?

тынмын. Содан бір күні ол дәптерді анашым тауып алып күліп еді. «Сені ақын қылған осы Ерланның қызы болар» деп. Ол кездері тек қана бүкіл жазған өлең сол қызға арналатын. Оның бала кезіндегі әдемілігінен ұялып сабақ айтпайтынмын. Қатты ұялшақ болдым, ұяң болдым. Дегенмен құдайдың көзі түзу ғой. Кейін өсе келе мен де пысық бола бастадым. Ммм... бірақ ол бойжеткеннің мінезі біртүрлі болды. Тікбақай, кергіштеу. Оқушы кезінде осындай болды. Мына ақымақ жүрек сол кездері сүмір болды ма көп қарым-қатынас, яки араласып сөйлесуге әлсіздеу еді. Сыныптағы барлық ұлдар сол бойжеткенге ғашық болды.

Журналист: – Сөзіңізді осы жерден бөлейін. Сіз жұмбақтап



ӘДЕМІ ГҮЛІ

немесе

СҰХБАТ АЛАҢЫ



отырған бойжеткенді сипаттап бере аласыз ба?

Ақын: – Осы журналистердің сұрағы көп. Ол бойжеткен әдемі еді, жайдарлы еді, ботадай қараторы көзі бар, бойы аласа, сүмбіл шашты ару еді. Басқасы басқа, өзіме қатты ұнайтын. Хор қызына теңейін десем бұ жалғаннан хор қызын көрген емеспін. Көбісі сүйгендерін хор қызына теңейді. Мен осыларды түсінбеймін. Хор қызын көріп па еді? Әсте көрген емес,

сондықтан менің пәлсапамда ұнатқан қызын хор қызына теңеу өте қиын. Сосын күнә деп те айта аламын. Қысқасы, осы қарағым артық теңей алмаймын. Көз тие ме деп, сөз тие ме деп қорқамын.

Журналист: – Жақсы аға. Философияңыз өте тереңде екен. Өзіңіз ұнатқан қыздың отбасын білесіз бе? Олар сізді тани ма дегендей?

Ақын: – Біздің ауыл адамның алақаны сияқты, кішігірім ауыл. Ауылдың адамдары бірін-бірі таниды. Ол атақты шабанның немересі. Атын атап, түсін түстегім келмейді. Бірақ анау-мынау емес КСРО-ның лауреаты атағын алған шабан. Ауылдың шет жағындағы «Қосай» көліне қарама-қарсы Тәуелсіздік көшесінде тұрады. Бұрынырақ оқушы кезімізде сол үйге жиі баратын едік. Сондағы ой қалайда сол бойжеткенді көру. Кейде есік алдында ойнап жатырғанда атасы гараждан ақ жигулиін шығарып, немересін Кондивин елді мекеніне алып кететін. Біздер сол ай-май деп үйге барамыз. Жалпы ақын-жазушы адамдарға «Муза» табу өте қиын ғой. Сол себепті біздер шама-шарқымыз келгенге кішігірім естелік, оқиғадан шабыт аламыз.

Журналист: – Муза демекші ақын аға сол бойжеткен сіздің музаңыз болды ма?

Ақын: – Болса болған шығар. Ол болмаса мен не деп өлең жазам. Ол болмаса білмеймін мен тіпті махаббат аялдамасынан әуел бастан қалып қоятын сияқты болып көрінген. Мен оның бір фотосын шығарып алып кітап жинайтын сөреме іліп қоятынмын. Сол бір нәзік бейнеден шабыт алатынмын. Кейде ойлаймын ол менің өлеңдегі музам болды.

Журналист: – Нұр аға, қайтадан оқушы кезіңізге оралайық. Сіздер сол бір уақытта қырықпышақ болдыңыздар. Не себепті?

Ақын: – Кереметсіңдер сендердің білмейтіндерің жоқ. Сіздерге барлығы қызық және керек екен. Расында солай болдық. Ол мені ұнатпайды, мен оны ұнатқанмен. Бәлкім, содан да шығар ит пен мысық болдық. Ол кездегі жағдайларға ренжитін орным жоқ негізі. Болған да емес. Ол кездері махаббат мұнарасы биіктеген кездер еді. Әй, журналист қыз, қарындасым сұрақтарыңды азайтарсыз бәлкім. Менің де, сөйлей-сөйлей жағым талды.

Журналист: – Аға, енді бір-екі сұрақ қалды. Соған жауап берсеңіз. Сол сұлу бойжеткенді көріп тұрасыз ба?

Ақын: – Иә, көріп тұрамын. Оралда тұрады. Білдей облыстық кітапханада жұмыс жасайды. Аллаға шүкір жақсы араласып тұрамыз. Сыйластығымыз молынан болғай. Құдайдан тілейтінім ол аман жүрсін. Басқа айтарым жоқ. Оның әдемілігі талай Ақжайық жігіттерін таңқалдырған. Қазақта айтады ғой

«Анасы қыз туса, бүкіл сұлулығын қызына береді», – деп. Сол оның анасы бүкіл сұлулығын қызына берді. Қайткенмен де қызбала анасынан қарағанда, әкесіне жақын болады. Ол әкесінің жекеменшік қызы. Кейде (ОСЫ ЖЕРДЕ ОРЫСПА АЙТАЙЫН) мамасына да, папасына да ұқсайды.

Журналист: – Қазақта «Ат айналып қазығын табар» деген мақал бар еді. Сіз сол қазықты таптыңыз ба?

Ақын: – Қазақта мақал көп. Қазығымызды тапқаннан не пайда? (күліп) Оның да бір ұнатқаны бар болса. Бірақ жасым жиырмаға келсе де балалық сезім әлі суыған емес. Өйткені ол менің поэзиядағы «Музама» айналды. Әрине, бұған дейін ол туралы «Ерке қыз», «Әдемі шыбыш», «Құрдасыңның әзілі» деген тақырыптарда сатира жанрында біраз дүниелер жазылды. Ол менің өмірлік және архивімде қалатын алғашқы музам.

Журналист: – Сіз қайтадан сол бойжеткенге шынайы сезіммен сөз салмайсыз ба? Ол ойыңызда барма? Оның да ерте-кеші жоқ сияқты ғой?

Ақын: – Жоқ... Олай істей алмаймын. Біріншіден, оның ұнатқаны бар, екіншіден, оның сол ұнатқанымен бақытты болғанын қалаймын. Тағы айта кетер жағдай менің әулетім қара көмір оның әулеті жылтырлаған алтын. Сондықтан рухани һәм материалдық жағынан да келіңкіремейміз. Қысқасы, осы. Мен де құдайдан тілейтінім болашақ жарым, ибалы, иманды, мінезіне көркі сай болғанын қалаймын.

Журналист: – Жақсы, ақын аға. Сұхбатыңызға рақмет. Аман-сау болыңыз. Жақсы күндерде кездесейік. Шығармашылық жолдағы шабытыңыз шарықтай берсін.

Ақын: – Анау диктафоныңды айырып таста. Керек жерлерін аларсың. Керек емесін қиып тастарсың. Үйден құр кетпе, жүр ыстықтай шай ішіп алайық, – деп ақын мен журналист дастарқан басында қайтадан сұхбат құрды. Ол сұхбаттың сыры бір Аллаға аян.

Нұрлан ЕДІГЕНОВ,
проза жанры бойынша
«Қазақстан үздігі»
медалінің иегері



КОНАК ҮЙІ ALMATY HOTEL

Гостиница «Алматы» - является одним из символов города, в самом сердце исторического центра южной столицы.

Сегодня гостиница встречает вас обновленным дизайном, а радужный персонал как и прежде чтит традиции гостеприимства!

Гостиница «Алматы» это 192 уютных номера с красочными видами на городскую панораму и театр оперы и балета им. Абая, Банкетный зал ресторана «Иссма» на 250 человек, Два конференц-зала на 120 персон для деловых встреч и переговоров.

the_almaty_hotel
www.hotelalmaty.kz

HotelAlmaty
reservation@hotelalmaty.kz

Almaty Hotel
8 (727) 272-00-70
ул. Кабанбай Батыра 85/133a



Ғабдолғазиз МҰСАҒАЛИ:

ТІЛІ, ӘДЕБИЕТІ БОЛМАҒАН ҰЛТТЫҢ ДА ЖАНСЫЗ КЕУДЕДЕН АЙЫРМАСЫ БОЛМАС

Мың айт, бір айт: баяғы надандық, білімсіздік, өнерсіздік, жалқаулық – қазақ халқы не көрсе де, сол жалқаулық, надандық себепті көріп жатыр. Қазақты сол надандықтан құтқармай тұрып, қазіргі ауыршылықтан аман-есен алып шығу оңай емес. Не қылсақ та, сол надандықпен күресіп, соны жығып, жеңудің амалын табу керек.

Тарих, өткен замандағы болып озған халықтардың ахуалы, олардың бастарына қандай қиындық, ауырлықтар келіп кешкендігін, қандай жақсылықтарға душар болып, олардың бастарына қандай жарық күндер туып өткендігін білдіретін бір ғылым.

Тілесек, кім үшін болсын, дүниеде тарих ғылымындай ғылым жоқ. Неге? – десеңіз сол тарих ғылымын оқуменен өткенде болған әр түрлі істерді біледі; оларды білу арқасында келешекке әркім өзіне бір тура жол даярлайды. Өткенде болған қате істерден сақталады.

Бұрынғы бабаларымыз, оқу-жазу білмейтін қарттарымыз ХХ ғасырдағы бүгінгі қазақ жастарына қарағанда өз тарихтарын артығырақ білген, ең болмағанда әркім өзінің жеті атасының тарихын ұмытпаған.

Тәуке хан өзінің әділ һәм ақылдылығы арқасында қазақтың үш Ордасын, яғни, ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз қазақтарын біріктіріп, өзіне қаратқан қазақтардың өз арасындағы соқтық жанжалдарды бітірген. Күшсіз табындарды күштілерге қарсы тұру үшін біріктіріп, күштілерді жуасытқан; жарлыны байға, күштіні күшсіздерге бір тегіс етіп, заң-закон түзеген ... Тәукеден кейінгі қазақ хандарының арасында береке, бірлік болмай, әр уақыт бір-бірімен шабысып, жауласып тұрған.

Емшек сүтімен баланың денесі қанша өссе, оның көңілі, махаббаты да соншалықты өсіп, күннен-күнге арта беру шарт – бұл бір, екіншіден, бала ана қолында осылайша тәрбие алғаннан кейін мектептерде өзінің ана тілі мен әдебиетін үйретіп, өз халқының тарихи өмірі, тұрмыс жағдайымен оларды жақсы танысыру қажет.

Бір халық, бір елдің де – дүниеде ұлт, ел болып жасауы, тіршілік етуі үшін тіл керек, әдебиет керек. Жансыз кеуде дүниеде жасай алмас, шіріп, топыраққа айналып жоқ болар. Тілі, әдебиеті болмаған ұлттың да тап сол жансыз кеудеден айырмасы болмас, өзінде айырым әдебиеті болмаған ұлттар дүниеде жасай алмас, жасар, яки, жасауы ұзаққа бармас, әдебиеті... жаны бар ұлттарға азық болар, жем болар; сөйте-сөйте ол ұлт өзі де дүниеден жоқ болар.



TAŞKIRANLAR

-universal yapılar-çelik konstrüksiyon
-inşaat&ferforje-dekorasyon

ahmttskrn50@gmail.com
+7 775 069 8177



Berkan's
Furniture & Project

**ЖИХАЗ және
ДЕКОР САЛОНЫ**

Алматы қаласы,
Жібек жолы даңғылы 135а/10
Масанчи көш. қилысы
«Жібек жолы» сауда орталығы,
4-қабат, тел.: +7 701 771 37 58
www.berkans.kz info@berkans.kz
berkans/mirage berkans.kz

«Түркі әлемі» газетінің оқырмандары үшін 10% жеңілдік



Ж. АЛТАЕВ:

халифатының ғылым мен білімнің дәуірлеген шағында өмір сүріп, сол жерлерді мекен ете жүріп ғылыммен айналысты. Ол уақыт Қараханистер дәуірінің де қатар келген тұсы еді. Сондықтан да Фарабиді «қазақ» немесе «өзбек» деген сияқты ұлтқа бөлетіндей сөз болмау керек. Себебі ол өмір сүрген дәуір әлгіндей ұлттардың қалыптаспаған кезі болатын. Бір анығы – түркі халықтарының ортақ тұлғасы. Біз үшін Фарабидің Отырарда өмірге келгенінің өзі зор мәртебе. Қазақ жерін мекендеген түркі жұртының өкілі.

– Өз заманының білгірі атанған ғалымның ізденісі, тұста-

мүмкіндік алды. Еуропада ренессанс (қайта өрлеу) дәуірі басталды. Ренессанс ұғымының шығуына түрткі болды.

Көне грек философиясын сынаушылар Аристотель мен Платонның арасындағы идеялық қарама-қайшылықтарын сөз етеді. Әл-Фараби осы сынға жауап ретінде «Платон мен Аристотель көзқарастарының бірлігі туралы» трактатын жазады. Трактатта екі ойшыл арасындағы айырмашылық тілдің өртүрлі стилін қолданудан және олардың бір-біріне ұқсамайтын өмір сүру тәсілдерінен екендігін анықтап, екі философ ойларының бір-біріне ұқсайтындығын айтады.

Фарабидің жаратылыстану ғылымдарының саласы бойынша Еуропаға жасаған ықпалы өте күшті болды. Өзінен 300-400 жыл кейін өмір сүрген Бенедикт Спиноза, Рене Декард, Джордж Беркли секілді ғалымдардың бәрінің шығармаларын алып қарасақ, олардан бірден Фарабидің ықпалын байқаймыз. Демек, олар Фараби еңбектерімен таныс болған. Оны жақсы тү-

– Жуырда ғана, яғни 29 қаңтар күні әл-Фарабидің 1150 жылдығы ресми түрде ашылды. Бұл бізге не үшін қажет, тойлауымыз орынды ма?

– 2019 жылғы тамызда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев әл-Фарабидің 1150 жылдығын тойлау жөнінде комиссия құрып, осы мерейтойды атап өтуге жарлық шығарды. Сөйтіп, жуырда ғана біздің университетте ғұлама ғалымның ресми тойын мерекелеу басталды. Әбу Насыр әл-Фарабидің кіндік қаны тамған жері – Отырар. Өзінің энциклопедиялық білімімен әлемді таңғалдырған ұлы жерлесіміз. Шығыстың ұлы ғұлама ғалымы, Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз». Сондықтан да әл-Фарабидің 1150 жылдығын атап өтуіміз өте орынды. Оның еліміз үшін, жастар үшін, болашақ үшін де маңызы зор деп білеміз.

Әл-Фараби жылының ресми ашылуын, ғалымның атын иемденіп отырған білім ордасында өткізгені біз үшін үлкен мәртебе әрі заңды деп есептеуге толық негіз бар деп айта аламыз.

– Фарабитану ғылымы қазақ даласында қалай қалыптасты? Бұл үрдіс қашан басталды?

– Фараби есімін бізге тұңғыш рет таныстырған – профессор Ақжан Машани. Өзінің айтуынша, 1943 жылы Қазақстанның Ғылым академиясының филиалында конференция өткен. «Конференцияға II Дүниежүзілік соғыстан ығысып келген Еуропаның ғалымдары да келді. Солардың арасында Чехословакияның математигі Э.Кольман Орталық Азиядан шыққан ғұламалардың ғылыми ойлары жөнінде айтты. Йассауи, әл-Бируни, әл-Хорезмилермен қатар Фараби есімі аталды. Бұл есім маған қатты әсер етті. Сұрастыра келе Фарабидің көптеген еңбектері шетелде екенін білдім», – дейді ол.

Кейін арада біраз уақыт өткенде А.Машани Дамаскінің Бабаас-Сағир қорымынан әл-Фарабидің жерленген жерін табады. Қабірін тапқан соң Қазақ ССР Ғылым академиясының басшысы Қ.Сәтбаевқа хат жазып, оны Д.Қонаев та қолдап, фарабитану ғылымы басталып кетті. Еңбектері қазақ және орыс тілдеріне аударыла бастады.

1968 жылы ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтында әл-Фараби мұраларын зерттейтін шығармашылық топ құрылды. Оған ф.ғ.д., профессор Ағын Қасымжанов жетекшілік етіп, топ құрамында И.О.Мұхаммед, А.С.Иванов, Б.Г.Ошерович, К.Х.Тәжікова, Н.Караев, Д.Харгин, А.Көбесовтер болды. Сонымен қатар, ресейлік ғалымдар А.Сагадеев және Б.Гафуровпен де байланыс орнатылды. Сөйтіп, А.Машанидің бастамасымен әл-Фарабидің қолжазбаларымен мұқият танысу басталып кетті. Реті келіп тұрғанда айта кетейік, Шахмардан Есенов пен Қаныш Сәтбаевтың да фарабитануға қосқан еңбегі орасан.

Аталған шығармашылық топ өз жұмысын бастағаннан кейін ол жеміссіз болмады. Бабажан Гафуров пен Ағын Қасымжанов орыс тілінде «Әл-Фараби мәдениет тарихында» монографиясын, Әнуар Әлімжанов «Ұстаздың оралуы» романын, Қасымжанов өзінің жеке «Әл-Фараби» монографиясын, сонымен қатар, Алданбек Көбесов секілді ғалымдардың еңбектерімен үлкен рухани дүниелер келіп, әл-Фарабиді зерттеу кеңейе бастады.

1975 жылы Алматыда, Мәскеуде және Бағдатта әл-Фарабидің 1100 жылдығы аталып өтілді. Міне, осы кезден бастап фарабитанудың ең ірі орталығы біздің елге ойысады. Орталықтың Алматыда болуына Ә.Әлімжанов та үлес қосты. Ол 1971 жылы Азия-Африка халықтарының V симпозиумын өткізіп, сол жерде Фараби секциясын құрып, шетел ғалымдарын Фарабиге бет бұрғызды.

Фараби мұраларын зерттеушілерді шартты түрде бес топқа бөлуге болады:

- 1) Ортағасырлық араб, парсы ғалымдарының жазбалары;
- 2) XIX–XX ғасырлардағы Ливия, Сирия, Мысыр, Иран, Ауғанстан ғалымдарының жазбалары;
- 3) Батыс (Еуропа) зерттеушілерінің жазбалары;
- 4) Патшалық Ресей және кеңес заманындағы шығыстанушылардың жазбалары;
- 5) Түркітілдес халықтары ғалымдарының еңбектері.

– Кейбір ғалымдар Фараби философиясы түркі дүниетанымынан бастау алады дегенді айтады. Қазақ жерінде өмірге келген соң өзімізге тартатынымыз тағы бар...

– Фарабидің кіндік қаны тамған жері – Отырар. Фараб қаласында туғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Алайда ол араб

ФАРАБИ ЕУРОПАДА РЕНЕССАНС ҰҒЫМЫНЫҢ ШЫҒУЫНА ТҮРТКІ БОЛДЫ

ры туралы айта өтсеңіз. Соншама мол ілімді қалай, қай кезде игерді?

– Фарабидің әкесі әскербасы болған. Білімге зерек болуына алдымен ата-анасы әсер еткен болуы керек. Алғашқы білімді өзі туған Отырар қаласында алды. Араб-мұсылман, грек тарихшыларының деректерінде Отырарда атақты Александриядан кейінгі ең үлкен кітапхана болғандығы жөнінде айтылады. Бірақ аталған кітапхана әлі күнге дейін табылмай келеді. Біз тарихтан Шыңғысхан шапқыншылығы кезінде Отырар қаласының жан-қиярлықпен 6 ай қорғанын білеміз. Шыңғыстың қаһарына іліккен соң, қала түгелімен өртелгені де мәлім. Сол замандағы Отырардың басшысы Қайырхан кітапханасы басқа жерге көшіріп, жасырып қалған деген дерек те кездеседі.

Фараби 40 жасқа жақын шағында Отырардан шығып, Шаш, Бұхара, Самарқан, Нишапур, Мерв, Рей, Хамадан, Халеб, Бағдат және Дамаск қалаларында өмір сүрді. Бағдат қаласында 20 жыл тұрақтайды.

Бұдан 1000 жыл бұрынғы орта ғасырды ғылымда «Исламдық алтын ғасыр» деп атайды. Аталған уақытта тек әл-Фараби ғана емес, оған дейін де, кейін де мұсылман ғалымдары болған. Фарабидің олардан ерекшелігі – антикалық философияны, логиканы, иллиндік мәдениетті өте терең меңгеруінде. Аристотель мен Платонның философиясын бір жүйеге келтіруінде. Сонымен қатар, интеллектуалдық білімінің жоғары болуының арқасында өзінің де философиялық жүйесін жасағанында.

Фараби өмір сүрген заманда Бағдат қаласы халифат дәуірінің өркені ордасы еді. Сол себепті араб тілі ғылым тіліне айналды. Онда «Даналық үйі» салынып, аудармашылар, әдебиетшілер, ғалымдар, философтар, т.б. шоғырландырылды. Әл-Фараби секілді көптеген ғалымдар осы жерде еңбектерін жазды.

Әл-Фараби араб тілін Бағдатта үйренді. Сонымен бірге, ол грек тілін де өте жоғары деңгейде меңгерді. Философтардың еңбегін аударудың өзі үлкен бір еңбекті талап етеді. Ғылыми еңбекті аудару тіл білумен шектелмейді. Сол тақырыптың немесе кітаптың мән-мазмұнын тереңінен түсіне білуі тиіс. «Екінші ұстаз» атануының мәнісі осында жатыр.

Атақты Ибн Сина Фарабиді ұстазы санаған. Медицинаға келуіне Фараби еңбегінің себеп болғанын жеткізеді. Аңыздардың бірінде ол Аристотельдің метофизикасын 49 рет оқып түсіне алмай, кездейсоқ жерден Фарабидің әлгі метофизика трактатына жазған түсініктемесін бір рет оқығанда-ақ түсінгенін айтқан.

– Әл-Фарабиді өмірде кішіпейіл, адамгершілігі мол, қарапайым кісі болған деседі...

– Аңыз әңгіме келтіре кетейін. Әл-Фарабидің Бағдатта атағы шығып, талайларға таныла бастағанда оған замандастары мынадай сұрақ қойыпты: – Сіз Аристотельден кейінгі екінші ұстазсыз. Кейбір ғылым саласында деңгейіңіз одан да жоғары. Аристотельмен бір заманда өмір сүрсеңіз кім болар едіңіз? Сонда Фараби: – Егер сол заманда өмір сүрсем, оның ең сүйікті шәкірттерінің бірі болар едім, – деген екен. Ұстазына деген құрметінің көрінісі қандай десеңші! Ол заманда ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйластық өте жоғары деңгейде болған.

– Аристотель мен Платонды Еуропаға танытуда Фарабидің еңбегі орасан дегенді айтып қалдыңыз. Тарқата кетсеңіз...

– Жоғарыда Фарабидің тілді меңгеруін айттық. Зерттеушілер 70-ке жуық тіл меңгергендігін айтады. Соның ішінде грек тілін өте жақсы білген.

Ибн Сина, Ибн Туфайль, Ибн Баджа, Ибн Рушидтер Фарабидің еңбектерін латын тіліне аударып, Еуропаға әйгілі етті. Аристотель мен Платонды Фараби арқылы танытты. Сөйтіп, осы аталған ғалымдардың аудармаларының арқасында Еуропа антикалық философиямен, эллиндік мәдениетпен танысуға

сүну үшін араб тілін үйренген. Өйткені еуропалықтар сол заманда грек тілін жақсы білмеген.

Әл-Фараби мен оның замандастарының еңбектерімен танысқан Еуропа ғалымдары философияның дамуына, тарихтың дамуына, әсіресе жаратылыстану ғылымының жоғары деңгейге көтерілуіне себепші болды.

Медицина мен математика саласында мұсылман ғалымдары өте мықты болды. Алғашқы болып анестезиология ғылымын үйренді. Адамды ұйықтатып қойып ота жасауды Еуропа білмеген. Шіркеулер мен храмдарда індеттерді «Құдайдың жіберген бәлекеті, оны емдеу мүмкін емес» деген уағыздар айтыла бастағанды. Осы уақытта мұсылман ғалымдары кез-келген індетті жазуға болатынын айтты. Мысалы, Ибн Сина 2500-ге жуық аурудың түрлері мен емдеу тәсілдерін жазды. Осыншама еңбек еткен Ибн Сина өзінің медицинаға келуіне Фарабидің адам ағзалары туралы жазған трактаттары себеп болғандығын айтады. Өкінішке қарай, бізге Фарабидің медицинаға жазған трактаттары жеткен жоқ.

– Бізге Фарабидің бір ғана бейнесі таныс. Өзі түркі дүниесіне сай киім үлгісін киген екен. Сұрайын дегеніміз, әлгі суреттен басқа оригинал түрі бар ма? Суреттегі бабамыздың бас киімі түркілердікіне ұқсамайтын секілді...

– Қазіргі қолданыста Фараби суретінің бекітіліп қойған бір ғана нұсқасы бар. Шынына келгенде, ол өзінің суреті түгіл өмірбаяны жөнінде ештеңе қалдырмаған. Ол кездегі ғалымдар еңбектеріне аты-жөндерін ғана жазып қалдырса керек.

Дегенмен де көптеген мәліметтер бойынша, өмірінің соңына дейін түркілік дәстүр үлгісімен киінген. Және ол көптеген жерлерге барғанда өзінің түркі жұртынан екенін ешкімнен жасырмаған.

– Әл-Фарабидің гуманистік, этикалық ойлары жөнінде мысал келтіре кетсеңіз?

– Этика Фараби мұрасының ішінде үлкен орын алады. Ол этиканы ең алдымен жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан да, оның этика жөніндегі концепцияларында жақсылық пен мейірбандық басты рөл атқарады. «Жақсылық өмірдің мазмұн-мағынасының бір бөлігі, сондықтан да, ол өмірмен біте қайнасып жатыр. Ал жамандық болса жақсылық сияқты емес, ол болмыс жоқ жерден пайда болған», – дейді. Ұлы ғалымның осынау ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі. Ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы деп білді. Сондықтан да адамды құрметтеу, қастарлеу керек екенін айтты. Жамандықты жақсылық жеңгенде ғана адам баласы ізгі мұратына жетеді деп тұжырымдады.

Адам өзі біреуге жақсылық жасап, соның төлеуін күтетін болса, ол сол адамды қайтадан жаман адамға айналдырады дейді.

Фараби тек шын мәніндегі ғылым мен теориялық философия ғана ел басқарушы әкімдерді игі істерге бастайды, сол арқылы ғана мемлекетті басқарудың ісін шыңына жеткізе алады деп есептеді. Бұдан анық байқайтынымыз: Фараби діни көзқарастарға ашық қарсы шықпағанымен, ғылымды діннен әлдеқайда жоғары қояды. Ол халықты моральдық және интеллектуалдық жағынан өркендеп өсуіне шақырады. «Адамның бақыты – о дүниеде» дейтін мүддені көздеген жоқ. Керісінше, адам атаулының бәрі бұл дүниеде оқысын, үйренсін, еңбек етсін, жетілсін деп арман етті.

Адамдар бір-бірімен тіл табысып, келісіп өмір сүруі керек. Қоғаммен, маңайындағылармен бірлесе отырып бақытқа қол жеткізуі мүмкін, бірақ бір адам жеке-дара бақытты болуы мүмкін емес дейді.

– Әңгімеңізге рақмет.



Белгілі театр зерттеушісі, қоғам қайраткері Ә.Сығай «актер шеберлігі» атты осы мамандық тұрғысында былай деген: «Өнер атты құдіреті зор, ғажайып әлемнің бір тармағы – сахна деген киелі мекенге тек пешенесіне бақытты ғұмыр кешу нәсібі бұйырған жандар ғана тұрақтай алады. Бұлай дейтін себебіміз, кез келген кісінің маңдайына біте бермейтін керемет бір белгісіз күш таланты пенделерді ғана аталмыш өңірдің тұрғындары санатына қоса алады... Театрдың тірек - таянышы саналатын ерекше нәзік жандар актерлер болып табылары бесенеден белгілі. Актер бойындағысын өзінің іс-әрекеті арқылы жеткізетін сиқыршы іспетті. Сондықтан да ол – ел назарында», – деген. Көрермен спектакльдегі және кинодағы актердің шынайы ойынын көре отырып, өмірдегі болып жатқан оқиғалармен салыстырады. Рөл орындаушы кейіпкер бақытты болса – қуанып, жыласа іштей мұңаяды, бұл құбылысты грек ғалымы Аристотель: «Адам жанының күлу немесе жылау арқылы тазаруы» – деп атайды. Өнер-сүйер қауымды іштей толғандырып, жүрегің тебірену – кәсіби тұрғыдан алғанда тек шебер актердің білімділігі мен көрегендігінің арқасында.

Жалпы алғанда Ә.Өмірзақова күнделікті тіршіліктегі кейіпкерлерді айнытпай сомдап, дәуіріміздің ауқымды шиеленістерін философиялық тұрғыдан саралап жеткізе білген. Сонымен актрисалық даралығы оның автобиографиялық өміріндегі әр құбылысын, оқиғасын бірқалыпты, асқындатпай беруі, кейіпкер диалогы немесе монолог арқылы олардың жан әлемін жарқырата аша отырып, ұлттық болмысқа тән алуан түрлі қасиет-сипаттарды зерттеуі жатады дегіміз келеді. Бірінші кезекте актрисалық стиль –актрисаның қарым-қабілетін, талантын дәлелдейтін көрсеткіштердің бірі. Қашанда өзіндік қолтаңбасы жоқ шығармашылық адамдар өзінің көрерменінің, оқырманының жанын жаулап, жүрегіне орын тебе алмайды. Яғни актрисаның стиль даралығы айқын көрінеді. Екінші кезекте негізгі қолға алатын дүние ол актрисаның сахна тілінің меңгергендігі. Тіл – адамның болмысын береді. Орыс жазушысы М.Горький «Тіл – әдебиеттің бас мүшесі» деп баға берсе, тағы бір орыс жазушысы К.Федин «Сөз – шығарманың негізгі материалы» деп айтып кеткен екен. Сондықтан да әдеби шығарманың көркемдік сапасы оның тілінде болып шығады. Ал сол көркем шығарманы көрерменнің жүрегіне жеткізе білу актрисаның міндетінде. Осы орайда Әмина Өмірзақованың сахна тілін де жоғарғы дәрежеде меңгергендігін аңғарамыз. Сондай-ақ тіл байлығы шығармадағы оқиғаны баяндауда, кейіпкер психологиясын ашуда, монолог, диалог, ойлау, қиялдау, еске алу, т.б. сияқты тәсілдерде анық көрінеді.

Әмина Өмірзақованың харизмасына, әр дүниеге ерекше толғанасымен қарап, өз кейіпкерінің жан қиындығын өзінкіндей сезініп, жүрекке ауыр салмақ салып, берілген рөлді дәл өзіне арналып жазылған драмадай қабылдап, еш қиындықсыз ойнауына таңтамашамыз. Себебі өзіміз де болашақ әртіс болғандықтан бұлай беріліп ойнау өкінің бірінің қолынан келе бермейтінін жақсы білемін. Ақын Ұлықбек Есдәулетов «Қыздардың жанын ұғу үшін, қыз болып туылу керек» деп айтқандай, бұл үшін тумысынан талант болып туылу керек. Және өмір бойы, әр сәт сайын қажырлы, мүлтіксіз, тоқтаусыз еңбек керек. Сонда ғана тағы бір Ә.Өмірзақовадай ұлы әртіс дүниеге келуі мүмкін.

Иә, актриса қазақ кино өнерінде «Тақиялы періште» фильмі арқылы танымал болды. Фильмнің қазақилығы, актрисаның беріліп ойнауы, Әмина апамыздың қайталанбас дара күлкісі ана образын толығымен аша білді.

«Сендей шеше бүкіл дүние бетінде жоқ» деп Тайлақтың сөзімен басталатын фильм расында да дәл сондай қайтпас, қайсар ананың образына дәл айтылған мадақ-мақтау еді. Ал Әминаның кино бастала салысымен актрисалық қыры ұлының пәтеріне бара жатқан бойда арсалаңдаған иттің шыға келгенінде байқалады. Онда актриса иттен қорыққанының өзін тамаша келтіреді.

келері ақиқат. Ал театрда өміріңе өзгеріс әкелетін, миыңдағы мәселенің шешімі көз алдына көлбеңдеп келе қалатын, бақытты сәттер мен ой саларлық мысалдар келтіріп, жаңа серпін сыйлайтын таптырмас орын. Бұндай серпінді сыйлайтын театрдың ішкі аурасынан бөлек, актерлер екені бесенеден белгілі. Театрға кіре бергенде бұрындары қасы көзі қап-қара талай сұлулардың, аяулы ананың рөлін ойнаған Ә.Өмірзақова актерлік беделінен бір сатыда төмен түскен емес.

Ана бейнесін жоғарғы деңгейде ойнаған актрисаның рөл жасаудағы ерекшелігі мен даралығы осы айтылған рөлдерді талдау барысында анықталды. Ал осыншама рөлді бір бойына еркін сіңірген актрисаның тұлғасы қай жағынан болсын дараланып тұратыны белгілі. Осы орайда, қазіргі дәуірдің театры екі саламен өсетін сияқты; біреуі — қырдағы қалың елге ұғымды болатын елдің өз бұйымдарынан құралған ескіліктің белгілерін тірілткен ел театры, қырдағы театр

ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ АНАСЫН ҰМЫТЫП КЕТПЕДІК ПЕ?!

«Жалғыз басты еркектің күні құрысын, не анасы болу керек, ол болмаса жанашыр әйелі!» деп 29 жастағы ұлына жар іздеп, оқу орындарды аралап, Қыздар Педагогикалық институтына барып, табан тоздырып, автобустардан қыз қарап, кафеханаларға бас сұғып, үйіне қонаққа шақырып әуре болған ананың баласына деген махаббаты осыдан-ақ көрінеді. Ал киноның өз бойында ананың бейнесін биіктетуді көздеген режиссер, әр берсін деген ниетпен «Мама, мама, мәңгі дос сен ғана» деген әнді Әминаны құшақтап тұрып айтады. Мұнда бұл фильм арқылы қазақ аналарының бүкіл болмыс-бітімі айқын бейнеленеді. Мәселен, жалғыз басты әйелдің бес бірдей баланы жалғыз өзі өсіруі, күйеуден соғыс салдарынан айырылуы, 4 қызды құтты орнына қондырып, сұрбойдаққа айналып бара жатқан ұлын уайымдауы, ақыры шегінерге жол жоқ деп, мектепте «Жағрафия» пәнінен беретін қарапайым, ұялшақтау ұлының қасына келіп, қыз тауып беруге тырысып-тырмысып жүргені нағыз қазақ әйелінің болмысы екені рас.

Бұл фильмді көріп отырған он ата-ананың әр төртіншісі өз басындағы оқиға екенін еске алып, бір жылап алатыны анық.

Сондай-ақ, ерекше өнер иесінің актерлік жолынан бөлек «Шәкен жұлдыздары» атты кинофестивальді өткізуге ұйтық болып жүргенін де жоғарыда атап өттік.

Актрисаның театр мен кинода еркін самғағанын, екеуін де қатар алып жүргенін жоғарыдағы тарауда айта өткен едік. Ал әртістің театр мен кинода бірдей деңгейде ойнай алуы, бірдей деймін-ау, бірінен-бірі басып озуға талпынуы, екі үйдің бөлек баласын бір үйдің қос құлыншағындай жанында алып жүруі ерлікке пара-пар дүние. Себебі кино мүлдем бөлек әлем де, ал театр өнері бір басқа. Екеуі де өнер болғанымен, аурасы бөлек, ішкі ортасы бөлек, сезінуі, тіптен сөз қолданыстары да дайындық уақыттары да сәйкес келмейді. Бірінен шығып, біріне өту мына әлемнен екінші өмірге ауысқанмен тең. Бұның салмағы да ауыр. Бұндайды нағыз әртіс қана көтере алады. Нағыз әртіс қана бір адамнан екінші адамға оңай ауыса алады. Нағыз әртіс осындай ұлы дүниелерді жасап жүрсе де, кеуде көріп, масаттанып мақтанбайды. Нағыз әртіс Ә.Өмірзақовадай болады.

Осы бір актрисалықпен тікелей байланысты дипломдық жұмыс басталмай жатып, толық қаралды. Себебі Ә.Өмірзақова ерекше құбылыс екені баяғыдан-ақ санамызда сайрап тұрған айқын дүние еді. Сонда екінші біріне «нағыз әртіс» деп ат беріліп, айдар тағылып жатқанда Ә.Өмірзақова қалай қалып қойды екен деген ойға келдік. Бұл актрисаның болмысынан дәреже, мадақ, қолпаштауға атылып тұрмағандығын, атақ-даңқты жинауға әуес болмағандығын ұғындық.

Шынтуайтына келгенде, біз, қоғам, жалпы мұсылман халқы жаны жалғызсырағанда, рухын азықтандырарда, көңілге медет, жүрекке демеу іздегенде екі орынға барады екен. Алғашқысы театр болса, екіншісі мешіт. Мешітке баруға жүрексінетіндер, театрға

екенін оқырманның есіне саламыз. Екіншісі қала театры. Қыр театры сіздер ойлағандай Қырым емес, жазда жайлауда, қыста қыстауда емін-еркін көшіп-қонып жүре беретін, ойын-сауық, жыр-думаннан өзің еш шектемейтін, жәрмеңке мен айт, той-томалақта алаң-қайға шығып атойлайтын нағыз дала яки ауыл театры. Келесісі, қала театры (Б.Құндақбайұлы).

Қала адамдарының көкейінде жүрген, жанын жеген мәселелерін дөп басатын, қала өмірінің асығыстығы мен ию-қиюлығын бүкпесіз, боямасыз суреттейтін театрды айтамыз. Мәселен: бұған «Мөлдір махабат», «Мен ұмытылмаймын», «Қаза мен жаза», «Мен ішпеген у бар ма?!» сынды спектакльдерді келтірсек болады. Бұны неге айтудамын? Себебі осы екі театрға арналған болмыс-бітімі бөлек екі түрлі адам бар. Біреуі, нағыз қала өміріне арналған әртіс санатында болса, екіншісі тау десе таудың, бау десе баудың, ауыл өмірінің кез келген қиын тұрмыс-тіршілігін қиналмай-ақ сомдай алатын, әйткенмен қаланың жын-ойнағына келгенде кідіріңкіреп қалатын болады. Аталған спектакльдерде Ә.Өмірзақова кезінде ойнаған еді. Дейтұрғанмен, кино мен театрдың екі бөлектігі секілді, театрдың қала театры мен ауыл театры етіп бөлінетінін естен шығармауға тиіспіз. Өйткені екі бірдей театрды бір мезетте алып жүретін әртіс жоқтың қасы. Екі бөлек театрдың өмірін екі түрліше бере алатын актер адам болмаған деуге де болады. Болды деген күннің өзінде, оның бойында қала театры болса, ауыл театрының сарқыншағы азын-аулақ қылаулап, күпті болар көңілдің астан-кестенің шығарады. Өйткенмен, осы екі театрды да, тіптен кино мен театрды да таразының екі басындай тең алып жүрген, мәнер-мәйегімен ойланбастан ойнай алатын, күндіз қала театрының спектаклінде секеңдеп жүрсе, кешке ауыл театрының қойылымында салмақты да салықалы бола қалатын қазақ актерлік өнерінде бір әртіс болған. Иә, болған... Өкінішті-ақ... Бүкіл спектакльді жан дүниесіне жақын қабылдайтын, соның салдарынан жүрек дертіне ұшыраған бір әртіс болған. Өмір бойы халқына қызмет етіп, бойындағы өнерін бірде бір рет ренжітпеген, бұлдамаған бір әртіс болған. Әртіс бола тұра, санаға ой саларлық дүниелерді жазып, қалың оқырманға ұсына алатын тұтас бір шығармашылық иесі болған. «Мен ешқашан әртіс боламын деп армандамаған», – деп өртістігімен күллі әлемді аузына қаратқан, халық жанашырына, құрметті азаматына айналған бір әртіс бар. Тағдырдың тасты, соқпақты, лайлы жолдарын сан кешсе де, өмірге бір түйір де өкпе артпаған бір әртіс болған. Кино саласына келгенде киносын өміріндей, өмірін өнеріндей аялаған бір әртіс болған. Ол әртістің кім екен айтпаса да түсінікті. Себебі Ә.Өмірзақова екені бірінші жолдарды оқи бастағаннан-ақ сезілері анық. Өйткені ол – дара. Ол – қазақ киносының анасы. Ол – мықтылықтың үлгісі.

ӨЗГЕРІС – ҒАЖАП ДҮНИЕ!

Біздің тағдыр жолымыздың белестерінде кезіретін әрбір жан өмірімізге белгілі бір мақсатпен енеді.

Бізді қолдау үшін, болмаса, өз жылуын сезіндіру үшін де. Кейде бізге өмірден сабақ алуымызға, маңызды бір жайларды еске салуға да сеп болады... Қалай болғанда да, оның пайда болуы әлдебір ұғынуға тиіс құндылықтарды ескертуімен маңызды.

Түсінік

«Оқшаулау» кезінде адамдар өте көп жағымды қуат өндіру керек сияқты. Бізге үйде еш қиындықсыз қандай әрекеттер істеуге болатынын төменнен оқыңыздар:

1. Дұға ету;
2. Өзін-өзі танудың, жетілдірудің жаңа тәжірибелерін оқу. Медиация жасау;
3. Әдемі картиналар, қызықты әдебиеттер мен жеңіл фильмдер, комедиялар көру;
4. Кез келген жағдайға әзіл тұрғысынан қарау. (Кекесін, мысқыл емес, әдемі, әдепті қалжың)
5. Оң нәтиже болады деген сенімді назарға ұстап өмір сүру. Индетті жеңуге болады. Қытай жеңді емес пе?! Біз де жеңеміз!

Егер үрейге емес, барлық назарды жағымды нәрселерге аударсақ, нәтижеміз ТАМАША болады.

Әр адамның осы ізгі арманы мына әлемді көркем ете түсетіні анық!

Түсінік

Құлағыммен естіген Дала-Ламаның сөздерінен сыр шертейін: «Қалай ыңғайлы отырсаң да аяғың семіп, ұйытың анық. Ол үшін жайлы жағыңа қарай ауысасың.

Меніңше, өмірде де солай. Өзгеріс – ғажап дүние! Ол болмаса біз тұншығып, жанымыз бен әлеміміз тұйықтала түсер еді. Жағдайды ауыстыруымыз керек...

Бұл сондай табиғи, шынайы сезім. Бәрінен де балға батқан шыбындай тіршілік жасанды.

Тынысыңыздың тылсымын сезініңіз, рахатына бөленіңіз. Мұндай көңілмен тас жарып, тау қопаруға болады».

Түсінік

Коронавирустың адамдардың мінезіне әсерін психолог маман төмендегідей талдау жасапты.

Арасынан өзіңізді тауып алыңыз:

1. Эгоистер: «...Бірің өліп, бірің қал». Мен әлі 60-қа жеткем жоқ»;
2. Мазасыздар: «...Бұл біз ойлағаннан да сұмдық індет екен...»
3. Үрейленгіштер: «...Біз бәрібір өлеміз, ақырзаман жақын. Тез азық-түлік алыңдар, дәретхана қағазын ұмытпайық...»
4. Үрейге қарсылар: «...Маңайымызды мына дүрліктіргіштер басып кетті-ау...»
5. Математиктер: «...Аймақтың нөл бүтін бірдеме-бірдеме бөлігіне тараған ауру жұқтыру көлемі 10, 01-ге жоғарылады...»
6. Вирусологтар: «...Бұл вирус тұмаудан да қауіпті, тұмаудан да көп адам шығынын әкеледі...»
7. Нәсілшілдер: «...Вирус тек қытайларға ғана жұғады. Барлығына кінәлі сол қытайлықтар...»
8. Көпшіл адамдар: «Әр 10 минут сайын желіде өзінің денсаулығы мен көңіл күйін баяндап, ақпарат таратып отырады».
9. Тәуекелге барғыштар: «Мен қазір метроға барам, вирус жұғып, өліп қалмасам, мұрагерлік туралы өсиет жазам», – дейді.
10. Өзілқештер: «Тәжвирус Қазақстанға

кіре салысымен ОРВИ-ге айналып кетеді».

11. Өзілді ұнатпайтындар: «Адамдар жан тапсырып жатқанда қалай ғана әзілге ауыздарың барады, а?»
12. Оппозиционерлер: «Үкімет мүлде сылбыр, өз міндеттерін атқара алмауда. Вирусқа қарсы әрекетте олар адамдардың бостандығын шектеуде...»
13. Бейтараптар: «Үкімет өте сауатты қимылдауда. Олардың тыңғылықты, жүйелі әрекеттеріне тек қана құрмет көрсетуге болады».
14. Ақырзаман сәуегейлері: «Жер шары адамзат деген қоқыстан тазарып жатыр».
15. Экономистер: «Ең үлкен соққы экономикаға тиетін болды».
16. Революционерлер: «Бұл капитализмнің ақырына жетудің басы...»
17. Қастандық теориясын жақтайтындар: «Барлығы массондардың ісі, солардың жасап жатқан қастандығы».
18. Жұртқа басу айтатындар: «Соншалықты қиыншылық емес, бұдан да өтеміз. Одан да мысықтың сүйкімділігіне қарашы».
19. Өз-өзіне басу айтқыштар: «Мен үрейленбеймін, 500 орам дәретқағазы, 300 келі күріш, 100 қап ұн, т.б. заттар алып қойдық...Бір әжетімізге жарар, болмаса тұра береді ғой...»
20. Алыпсатарлар: «Тәжвирустан сақтайтын тұмарды бар болғаны 5000\$ сатам».
21. Парасаттылар: «Вирус, індет – бұл ақырзаман емес. Барлық қауіпсіздік шараларын ұстанып, тәртіп сақтап, карантинде отырсақ, біз жеңеміз».
22. Тәжвирустың адамдарға әсерін классификациялап отыратындар.

Түсінік

Бас тартуға тиіс әдеттеріміз:

1. Өзіңе ұнамайтын жайларға көну;
2. Сенің өзіндік болмысыңды өлтіруге тырысатын адамдармен ары қарай араласа беру;
3. Өзгелер мен туралы не ойлайды деу;
4. Барлық жағдайды өз қолыңда ұстап тұруға ұмтылу;
5. Өмірдің ағысымен жүзіп, көдергісі аз болатын жолды таңдау;
6. Өз ойы мен сезімдерін тұншықтыру;
7. Тәуекел етуге қорқу;
8. Өзін емес, өзгелерді ғана ойлау;
9. Өзгелерге ұнауды ғана ойлау;
10. Ата-ана мен бауырларын ұмыту;
11. Бар уақытын бос өткізу;
12. Үнемі асығып жүру;
13. Өзін-өзі жек көру;
14. Қателесем деп қорқып жүру;
15. «Қолымнан ештеңе келмейді» деп сәтсіздікке бағытталу;
16. Өзін өзгелермен салыстыра беру;
17. Өткенін ойлап, соны айта беру;
18. Болашақты ғана ойлау;
19. Үнемі өмірге шағымдана беру;
20. Тек өкпе-назды ойлау;
21. Керек емес нәрселерді сатып алу, соны жинау;
22. Өз бетінше әрекет етуге тырысу;
23. Өзін бәрін білетіндей етіп көрсету;
24. Жауапкершілікті өзгелерге арта салу;
25. Орындай алмайтын істерге уәде беру;
26. Тек жаманшылықты ойлау;
27. Әр нәрседен қысыла беру;
28. Өз қателіктерін қайталай беру;
29. Өзгелерді қызғану;
30. Тыржия беру.

Аударған Ә.ТОЛЫСБАЕВА

БИЕ СҮТІ АНА СҮТІМЕН БІРДЕЙ

Қазақ халқының айрықша қадір тұтатын жануарының бірі де бірегейі – жылқы. Оны ең алғаш қолға үйреткен де қазақ. Кейінгі жылдары Ботай қонысын зерттеуші ғалымдар осындай тұжырым жасады. Жеті қазынамыздың біріне баланған жануардың жұрт біле бермейтін қасиеттеріне үңіліп, қазақтың тұрмыс-салтында кездескен оқиғаларын саралап өткенді жөн көрдік.

Жылқының басты қасиеті сол – туған жері мен жүрген жерін ешқашан ұмытпайды. Көзі күндіз-түні бірдей көретіндіктен, түнде айналасын жұлдызға қарап барлап жүреді, әрі айналасын 360 градусқа түгелдей бақылай алады. Бойында 45 литр қан болады. Құрғамырлары жуан болғандықтан қаны айналысқа тез түсіп, денесі қыза түседі. Суыққа шыдамайтын бір ғана жері – қара сирағы (тізесінен төмен). Түздегі жылқыға биіктігі жарты метрдей шөп өсіп тұрса, онда қара сирағын шөп арасында ұстап, суықты елемеген күйі құйрық жағын желге тосып, жайыла береді.

Діңкесі құрып, шөлдеп тұрса да лай су ішпейді. Тіпті ағын судың өзін кешіп жүріп, тұмсығын суға батырып барып, тұнық жерінен таңдап ішеді. Сондықтан да болар, оның еті ерекше дәмге ие. Ғалымдар жылқының етінің 17 түрлі ауруға ем болатынын дәлелдеген. Мәселен, жылқының жүрегін жеу ми қызметін жақсартады. Мидағы жасушаларды жаңартып, адамның есте сақтау қабілетін арттырады. Сонымен қатар, оның еті жүрек-қан тамыры ауруларына, бүйрек жұмысын жақсартуға, буын сүйектерінің сырқырамауына өте пайдалы. Ал оның сүті туралы «Сауын саусаң бие сау, бозқырау түспей суалмас» деген сөз бар. Аты айтып тұрғандай, биені сиырдың ұзағырақ саууға болады. Бие сүтінің пайдасы ана сүтіне жуықтау. Қымыз құрамы: кальций тотығы – 3,4%, фосфордың бес тотығы – 21,3%, хлор – 7,5%, лактоза – 6,7%, майлылығы – 1,3-2,2%, белок – 1,8-2,2%. Бұған қоса 1 литр қымызда 1,60 мг мыс болатыны дәлелденген. Осындайда бабаларымыздың сәбилерді қымыз сүтімен өсірген көрегендігіне таң қалмасыңа шараң қалмайды.

Қазақ халқы балаларын бес жастан бастап атқа мінуді үйрете бастағаны белгілі. Сол сәттен бастап ат үстіндегі бала ерекше шабыттанып, есейіп, ержете бастайды. Әкесіне қолғанат екенін түйсінеді. Алайда жылқыға қатысты «айдаса – жаудікі, ысқырса – елдікі» деген сөз тіркесін естігендер аз шығар. Ерте кездегі жаугершілік заманда да, одан берідегі барымташыл кезде де, қазіргі уақытта да құнын жоймаған сөз. Яғни жылқы бағу – мықтылардың, тәуекелшіл адамдардың ғана қолынан келеді дегенді анық аңғаруға

болады. Сондықтан да ата-бабаларымыз турашыл, басынан сөз асырмайтын, жүректі, еркін, шалт қимылдайтын адамды «жылқы мінезді» деп атаған.

Бабаларымыз «жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек. Жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек» – деп бекер айтпаған. Жылқының еркегі «айғыр» – өз үйірін бастап, оны қорғай алуы шарт. Себебі, егесінің аманатын арқалаған жануар үйірі үшін басын бәйгеге тігеді. Ерекше айта кететін жайт, егер үйіріне буаз байтал қосылып, ол босанар болса, онда айғыр құлынды өлтіріп тастаудан танбайды. Мұндай қадамға ол жауыздығынан емес, керісінше, иелігіндегі үйірдің өзінің ұрығымен көбейгенін, тәрбие алар ұрпағының өз қанынан тарағанын қалайтындығынан барады. Мұндайда үйірінің қамын жеген айғырдың ақылдылығына еріксіз қайран қаласың. Кереметі сол, айғыр құлынның туылған сәттегі кісінеген үшін ешқашан ұмытпайды. Сәйкесінше, осындай қасиет құлынына да дариды. Жаңа туған құлын сағат сайын емгендіктен бойына қуат бітіп, отқа ерте ден қояды.

Осы жерде жылқы жасына ден қойған жөн секілді. Атап айтсақ жылқының жас төлін – «құлын», құлынның алты айдан асқан шағын – «жабағы», ал бір жастан асқанын – «тай», екі жастан асқанын – «құнан», үш жастағысын – «дөнен», төрт жастан асқанын – «бесті» дейді. Ал ұрғашылары тайға дейін бірге аталады да, одан кейін өзгеше айтыла бастайды. Мәселен, екі жасарды – «құнажын», үш жасарын – «дөнежін», үштен асқанды – «дөнежүн байтал», төрттен асқанды – «бесті бие», жеті-сегізге келгенін – «қасабалды бие», он бір-он төрт жастағыны – «кәрімтас бие», жиырмадан асқанды – «жасаған бие» деп атайды. Жалпы жылқы жануары 25-30 жыл өмір сүреді.

Қазіргі уақытта медицина мамандары атқа мінгенді адам денсаулығы үшін өте пайдалы екенін айтып жүр. Ал оны бабаларымыз әу баста біліп, жастайынан ат үстінен түспеген. Ұлттық ойындарымыздың дені де осы атпен тікелей байланысты. Мәселен, көкпар, жамбы ату, аударыспақ, теңге алу, қыз қуу, аламан бәйге, тоқ бәйге, құнан бәйге, жорға жарыс, тай жарыстар бір жағы спорттық шара болса, екінші жағынан тосын оқиғаларға қарсы жаттығу алаңы іспетті. Тағы бір қызық дерек. Жайылып жүрген екі үйір бір жерге тоқайласып қалды дейік. Сол жерде екі үйірдің айғырлары біріне-бірі жақындап келіп, тастаған тезектерін ійскеу арқылы қайсысының мықты екенін анықтайды. Неткен сезімталдық деңгейі! Осалдау шыққан айғыр үйірін алып жөніне кетеді. «Сөзден



сөз шығады» демекші жылқының тезегі де пайдалы. Мамандардың айтуынша, асма ауруына шалдыққан адамды, жылқы тезегін иіске-ту арқылы жазуға да болады екен.

Жылқыны қадірлеген ұлтымыз баласын – «Құлыным» деп еркелеткен. Бұл үрдіс қазірге дейін жалғасуда. Қаратай, Құнанбай, Дөненбай, Дөненбай, Жылқыбай, Жылқыайдар секілді кісі есімдері де халқымыздың жылқыны құрмет тұтқанының нақты дәлелі болса керек. Қарақасқа, Керқұла, Байшұбар, Тайбурыл, Құлагер секілді жануарлар да өткен күннің тарихынан сыр шертіп, адамның жан серіктеріне айналды. Тіпті жылқы есімі қазақтың шежіресіне еніп, ру атауына ұласты. Шежіре тарихын жыр жолына айналдырған Молдахмет Дабылұлының:

«Болған соң атамның жүзі сұсты,

Әркімдер айбатынан іштей пысты.

Келменбет деп атауға именгеннен,

Сарқасқа аттың аты тілге түсті.

Ауылдың айбатының өзі сесті,

Сөз тапқыш, келіндері болған есті.

Алыстан жүргінші кеп сұрағанда:

«Сарқасқа аттың елі осы», – десті.

Бір аты тәңірінің – халық деген,

Халық айтса, қалып айтпайды, оған сенем.

Осыдан Келменбеттің аты аталмай,

Сарқасқа руы болып содан келем», – деген шумағы сезімді-дің растығын айғақтай түседі.

Жасұлдан НАУРЫЗАЛИЕВ



МҰҒАЛІМ – ҚҰЛ ЕМЕС

2020 жылы Қазақстанда 200 000 теңге көп ақша емес. Білімді әрі білікті мұғалім 200 000 теңге айлық алу үшін 2 жерде жұмыс істеуге міндетті емес. Мұғалім мектепте бала оқыту үшін өзінің және бала-шағасының аузынан жырып кредитке ноутбук пен принтер алуға міндетті емес. Мұғалім сайлауда биліктің солдаты болуға міндетті емес. Мұғалім партияның мүшесі болуға міндетті емес. Мұғалім ешкім оқымайтын газет-журналға жазылуға міндетті емес. Мұғалім мектептің ремонтын жасауға міндетті емес. Мұғалім маска тігуге міндетті емес. ҚР билігінің (экс-президент, қазіргі президент, премьер-министр, министрлер кабинеті, Білім және ғылым министрлігі, ҚР парламентінің қос палатасы, сот билігі) білім саласындағы 30 жылға созылып келе жатқан сауатсыз, жүйесіз әрі әділетсіз саясатының «жемісін» татуға мұғалімдер де, оқушылар да лайық емес. Мұғалім – құл емес. Мұғалім құлдық жағдайда жұмыс істегеніне қарсы шыққаны үшін, оны ашық айтқаны үшін халық жауы емес. Мұғалім "кедеймін" деген сөзі үшін камера алдында да, мектеп директорының алдында да, әкімнің алдында да, министрдің алдында да, президенттің алдында да басын иіп кешірім сұрауға міндетті емес. Ал осындай аянышты әрі қорғансыз күйге түспес үшін әр мұғалім өз аржданы мен құқығы үшін өз мектебінде күресуі тиіс. Мұғалімнің статусын көтеретін басқа тиімді жол жоқ.

Шалқар НҮРСЕЙІТОВ

Ой орамдары

Ақылдылар көп, даналар сирек. Қоғамды үй десе, даналар – үйдің терезесі. Даналықты керек етпеген қоғам терезесіз үй секілді, қараңғы, сыз қорқынышқа толы болады.

Кімнің санасының қандай екенін болмыстан нені көретініне, нені талқылағанына қарап білуге болады.

Құдай сұлулықты сүймесе, гүлдер жапырағынан биіктеп барып ашылмас еді...

Ораулы нәрселер ғана құнды десек қателесеміз. Адамның қолымен жасалған, тәттілер ораулы болғанымен, құдай жаратқан жемістер аз ғана ылпасы жапырағын далда етіп, ораусыз-ақ бағалы.

Тап-таза адамды үлгі етіп, тазартын адам болады.

Тап-таза адамды өсектеп, былғанатын адам болады.

Былғанған адамнан бойын аулақ салатын адам болады.

Былғанған адамды табалап, былғай түсетін адам болады.

Былғанған адамды былғаныштан суырып алуға қарекет жасайтын адам болады.

Мұратхан ШОҚАН

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚҰЛДЫРАТУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР МА?

«Көк шыққанға бір қуанып, шөп шыққанға бір қуанып» деп өлеңдетсек те, көк шыққанға да, шөп шыққанға да қуана алмай отырмыз. Себебі бір ғана елді мекенде емес, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі шөп бағасы шарықтап тұр. Құдды бір «ауылды һәм ауылшаруашылығын құлдырату» бағдарламасы қарқынды түрде жүзеге асып жатқандай, бірінші орындағы бір бума шөптің бағасы Ақтауда 1500, Жамбыл облысында 1000, Маңғыстауда 800, Қызылордада 700 теңгенің айналысында екен. Ал екінші, үшінші орындағы шөп бағалары бұдан екі есе болмаса, кеми түсейін демейді. Бұл бағаны естіп, іштеріне у түсіп кеткендей күй кешкен шаруалардың басым көпшілігі жаппай малдарын сатуға көшкен. Алайда карантинге байланысты үй-үйде сатылып жатқан мал құны да мәз емес. Амал не, алда күз келе жатыр. Ал күзде бала-шағаның жоғын түгендеп, оқуға жіберу керек. Мәселен, әбден бапталған, тұқымы мықты, семіз таналардың Жамбыл облысындағы орташа бағасы 140-160 мың теңге аралығында сатылатын көрінеді. «Бұл баға мал базарлары ашылғанда 100 мың теңгеге дейін төмендеуі мүмкін» дейді алып-сатарлар. Қысқасы, тандары мал мен атып, түндері төрт түлікпен бататын ауыл тұрғындары қымбатшылықты қалтасы көтермегендіктен, не малдарын мардымды бағаға өткізе алмағандықтан төрт-түліктің жеміне қалың қатырма қағаз араластырып беруге мәжбүр. Осылайша, қолдарындағы аз ғана жем-шөбі таусылғанда, ауыл тұрғындары жұт келе ме деп қорқатын көрінеді. Сонымен, ағымдағы жағдайды бағамдай келе «Мал азығы неге аспандап кетті?» деген сұраққа біз де жауап іздеп көрдік.

Сөйтсек, сауалнама жүргізілген респонденттердің 40 % -ы «Ауылдың бай-бағландары, шаруа қожалықтарының яғни шөп өсірушілердің жерлерін тартып алып, дайын шөпті қымбатқа сатып жатыр» деп жауап берді.

Ал 30% -ы «Бензин бағасы көтерілгеннен» деп топшылап отыр. 10 % -ы «Жауын-шашынның аз түсуіне байланысты облыстың кей өңірлерінде шөптің шығымы төмен» десе, 15 % -ы «Шабындық жерлердің аздығынан» дейді. Тек 5% -ы ғана «Бөріне кінәлі карантин» деседі. Қысқасы, шөп

бағасы жылдағыдан 3 есеге бірақ көтерілген. Ал енді 5 бұқасы, 3 танасы, 2 сиыры, жиыны 10 малы ғана бар үйдің жағдайына үңіліп көрелік. Бір қожалықтың бағымындағы малды қыстан аман алып шығуға кем дегенде 1000 түк шөп керек. Ал оны Ақтаудың бағасымен аспандатпай-ақ, Жамбылдың 1000 теңгелік шөбімен есептеп көрсек, түп-тура 1 миллион шыға келеді. Енді өзіңіз ойлансыз көріңізші, «жақсы» деген тананың өзі 140 мыңнан сатылса, үйдегі 10 малды бірақ есептеп, әлгі шөпке деп жинаған 1 миллионымызды өүп-рүмдеп жүріп, шығарып алады екенбіз. Алайда бұл бір қысқа ғана арналған есеп. Сонда мал бағасы қалай тартсаңда, өз-өзің ақтамайын деп тұр. Бұған жоғарыдағылар «шошқа тұрғанда жылқы етінің өзі түкке тұрғысыз болып қалды, сиыр деген не тәйірі» деп немқұрайлылықпен қолын бір сілтемеген шығар деп үміттенеміз. Не десе де ежелден келе жатқан ата-кәсібімізден жоғарыдағылар тарапынан бақылаудың аздығынан айырылып қалсақ, қазақтығымыздан айырылғанымызбен тең болары сөзсіз. Сондықтан лайым шөп кө-ө-ө-өп болғай!

Өңірлерде құрғақшылықтың орын алуынан, шабындық жердің жоқтығынан мақаттықтар малына керекті пішенді қымбатына (бір орамасын 7 000 теңгеден) сатып алуға мәжбүр. Мәселен, бір қожалықтың бағымындағы малды қыстан аман алып шығуға кем дегенде 100 орама шөп алу үшін 700 мың теңге ақша қажет екен. Ал қауқары жететін кейбір шаруашылықтар жүздеген шақырым қашықтықтағы Қызылқоға өңірінен дайындап алады. Десек те, осы күнге дейін қыстық мал азығын өз күшімен өзірлейтін қожалықтардың бірде-бірі мемлекеттен берілетін субсидияны алып көрмепті. Шаруалар шығынға баттық деп шағымданып жатыр. 700 теңгеден сатылған 20 келілік бір қап кебек қазір 1200-1300 теңге тұрады. Ал бұған дейін 450 теңге тұрған бір орама шөп 800 теңге болған. Қымбатшылықты қалтасы көтермеген тұрғындар азықты үнемдеу үшін, малдың жеміне қалың қатырма қағаз араластырып беруге мәжбүр.

Ақгүл АЙДАРБЕКОВА



КӘСІПКЕР БАУЫРЖАН ОСПАНОВ МАЛШЫЛАРҒА 500 МЫҢ ТЕҢГЕ ТӨЛЕУГЕ ДАЙЫН

Белгілі ұлт жанашыры, меценат Бауыржан Оспанов өзінің шаруа қожалығын көрсетіп, барша елді таңғалдырды. Үйір-үйір жылқы, отар-отар қой бағу көзделген кешенде бәрі ең жоғарғы үлгіде, қазіргі заманға сай жасалған.

Мәселен, Бауыржан Оспановтың айтуынша, қойшыларға арнап әлі де 125 бөлек үй салынбақ. 20 мың орындық аумақта бүгінде 10 мың жылқы жөңкілуде. Жалақы көлемі, бағылатын мал басына қарай, орташа алғанда жарты миллион теңгені құрамақ. Жалпы қожалықта озық келбеттегі кинотеатр, кең намазхана, монша мен ас бөлмесі, балалар ойнайтын жер қарастырылып, сапалы интернет байланысы үшін тиісті мұнара орнатылған. Арнайы бағдарламалық қамту арқылы қуат үнемдейтін технология іске қосылған.

Айтпақшы, аталған шаруашылыққа малшы отбасылар керек болып жатыр. Қазақстанның кез-келген аймағынан, вахталық сипатта еңбек етем десеңіз, 8-747-717-2828 байланыс нөмірін теріңіз.

Алматы облысындағы Жыланды ауылының тумасы Бауыржан Оспановтың жақсылығы туралы халық арасында айтылатын өңгіме көп. Ауыл арасында тақтайдай жол салған, қаншама жұмыс орындарын құрған қайырымды азамат ауыл балаларының лайықты білім алуына да қамқорлығын көрсетуде. Мысалға, туған ауылындағы орта мектепті физика-математика бағытындағы мамандандырылған мектеп-гимназияға айналдырған. Белгілі спорт шебері Қанат Исламға жанашырлығы мен ғалым Асқар Жұмаділдаевке мерейтойына көлік мінгізуі сияқты жарқын сәттер де ерекше есте қалды.



тәрбиесін алды. Ұрпағына жеткізіп, насихаттап жүрді. Үкіжан анамыздан дәріс алмаған аналар кемде-кем болар. Жақсы мен жаманның, обал мен сауаптың аражігін ажыратып, күн сайын шақырған үйдің сыбағасын жеп, сарқытын көпке бөліп беріп, өсиетін айтудан аянбайтын. «Ақыл сөздер» атты кітабын шығарды. Адамдармен араласудағы достық шеңбері туыс немесе жас мөлшерімен өлшенбейтін. Жібектей жұмсақ мінезімен, жылы мейірімімен, ыстық ықыласымен арадағы көзге көрінбейтін, жүрек сезетін байланыс орната білетін. Мейірімділікті отбасының кілтіне жатқызып, аналарға аманаттап отыратын. Ескірмейтін естеліктер келтіріп, осы уақытпен байланыстыра көкейіңе сіндіре білетін.

2014 жылы астанада Сәдуақас қажы Ғылмани мешітінің жанынан Ғылмани мұражайының ашылуына мұрындық болды. Ұлттың рухани ұстазы болған әкесі Сәдуақас Ғылманидың қолжазбаларын, жарық көрген еңбектерін, уағыздарының аудиожазбаларын, тарихи фотосуреттері мен жеке заттарын осы мұражайға тапсырып перзенттік парызын орындады. Бүгінгінің Зересі, Домалақ анасы бола жүріп, жақсылық жолында жоғалмайтын амалдар жасады. Жас аналарға

КЕУДЕСІ – ҚАЗЫНА, МІНЕЗІ – КӨРКЕМ ЕДІ

Халық арасында «Сәкен Халпе» атанған, аудармашы, дінтанушы ғалым, ақын Сәдуақас қажы Ғылманидың қызы Үкіжан апа 97 жасында дүниеден өтті. Естіген жұрт көңілдерін босатып, көздеріне жас алып қимастық сезімдерін оятты. Неге десеңіз, қарапайым ананың жалпы жұртқа жасаған қайырымдылығы мен жақсылығы аз емес еді.

Діннің негізгі құндылықтары мен қазақы тәрбие үлгісін насихаттаушы ел анасының қыз тәрбиесі мен әйел-ана мәселесіне қосқан үлесі орасан. Дәстүрін дәріптеп, салтын сыйлап, ас адалдығы мен киім жарасымдылығы жайлы жалпы жұртқа жүрген жерінде дұрыс бағыт-бағдар бере білді. Өмірдің сынағын әке тәрбиесі негізінде, имандылық жолымен жеңе білудің жолын көрсетті.

Абыз ана Түркі халықтарының (Алматыдағы) мәдени қорымен ширек ғасыр ішінде жақсы араласып, жанашырлық танытқан жан. Дариға Тұрлыбектің жетекшілігімен алғаш рет Мекке-Мединаға барып, мұсылманның бес парызының бірі қажылығын өтеп қайтты. Осы қордың Әйелдер қауымдастығымен бірге Алматы-Түркістан өңірінде жатқан әулие ата-бабаларымыздың бастарына барып, зиярат етіп, Құран бағыштап, бір Аллаға сосын аруаққа деген ықылас ниетін білдіріп, сауапты сапарға шықты. Әулиелерге берген Алланың кереметін көпке сезіндіріп, жаратқан иеміздің бар екендігіне сендіре білді.

Әкесінің кеңестік кезеңде көрген қиыншылықтары мен қудалауларын бала көзімен көріп, жүрек сүзгісінен өткізіп, ерте есейді. Әке жанына демеу болып,

ақыл, келіндерге кеңес бере жүріп, қаншама халық қалаулысы болған азаматтардың жолын ашып, рухани анасы атанды. Артында өз қарашаңырағынан өрбіген ұл-қыздарынан немере, шеберелері өсіп жатыр. Туған баласынан кем көрмейтін жақынының бірі – дінтанушы-ғалым Қайрат Жолдыбай, Үкіжан апасының тірі кезіндегі өтінішімен жаназасын оқып, ақтық сапарға шығарып салды.

Тағылымға толы ақыл сөздерін бұл күнде шәкірттері жалғастыруда. Оның бірі – Қазақстан қажыларының қоғамы қауымдастығының аналар бөлімін алға бастап келе жатқан Балапан Айтбайқызы болса, екіншісі – Түркі халықтары мәдени қорының аналар бөлімінің төрайымы Дариға Төлекбайқызы. Үкіжан апаның тәрбиесін көріп, ілтипатына бөленген көптің бірі болғаныма қуанамын.

Абыз ана, әйел бақытына жетудің ережелерін жаңғыртып, құлағымызға құйып кетті. Сүйкімді қыз, сүйікті ана болудың, көргенді келін, кемеңгер ене болудың жалғастығын аманат етті. Әрбір қазақ отбасының түтінін түзу шығарар аналардың тура жолдан таймай, текті ұрпақ тәрбиелегенін қалады.

Шуақты ананың батасын алған сіз бен біз жастарға жақсылық үйретуден жалықпайық. Көңілі кең, кеудесі қазына Үкіжан апамыздың иманы жолдас болып, артында қалған ел-жұрты аман болсын!

Жақсыгүл ШӘРІПХАНҚЫЗЫ
Алматы



Газет 2000 жылдың шілдесінен айына
бір рет шығады
ИНДЕКСІ: 65862

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркеліп,
29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.

«Europrint» баспаханасында басылды.
Мақала авторларының пікірі үшін редакция
жауап бермейді. Компьютермен терілген бес
беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.
Таралымы – 15 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:

Индекс 050012, Алматы қаласы,
Байтұрсынов көшесі, 145/26,
Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv_almati@mail.ru www.turkvakif.com

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
Дариға ЖҮНИСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Жарылқасын БОРАНБАЕВ
Әлима СҚАФИҚЫЗЫ
Тамара СУРА
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гаухар АСҚАРОВА

Редактор:
Арман ӘУБӘКІР

Техникалық редактор:
Фарида ТУҒАНБАЙ

Корректор:
Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕР-
ДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479,
90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим
ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс
телефондары: 0030697811133, e-mail: dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин
КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы,
Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қотман
университетінің доценті – Байланыс телефондары:

Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@
hotmail.com, www.kenankoc.com Стамбұл (Түркия)

қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт
комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі. Байланыс
телефондары: 905336367050, e-mail: ahmettuzun2000@
yahoo.com Румыниядағы өкілі Гюльшен ИСМАИЛ,

Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі Байланыс
телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.

Меншік иесі:

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
МӘДЕНИ ҚОРЫ
Президенті және
«Түркі Әлемі» газетінің
Бас редакторы –
АХМЕТ ДАҒДҰРАН

Түркі халықтары Әйелдер
комитетінің төрайымы –
Дариға ТҮРЛЫБЕК



ЖК бизнес-класса в г. Алматы, Казахстан



Малоэтажная застройка
Безопасность, комфорт,
качество и оригинальный
дизайн 4 и 5-ти этажных домов



Здесь хочется жить
На территории ЖК есть всё:
фонтаны, детский сад, паркинг,
фитнес, супермаркет и другое



Жизнь в гармонии с природой
Чистый воздух за счет самого
большого парка в Алматы.
Панорамы на горы и гольф-поля



Роскошь по доступной цене
От 385.000 тг за м². Рассрочка до 2 лет.
Квартиры от 47 до 145 м².
Предчистовая отделка



www.alatau-home.kz



+7 701 033 30 30